

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

**«Юриспруденция» сериясы
Серия «Юриспруденция»
№ 2 (24), 2011**

Алматы, 2011

**Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық
университеті**

ХАБАРШЫ

**«Юриспруденция» сериясы
№ 2 (24), 2011**

Шығару жиілігі - жылына 4 нөмір.
2001 ж. бастап шығады

Бас редактор
заң ғыл.к., доцент
Т.Т.БАЛАШОВ

Редакциялық алқа мүшелері:
заң ғыл.д., ҚР ҰҒА академигі, проф
С.Н.Сабиқенов,
заң ғыл.д., РФ ПИМ академиясы
профессоры **В.Ф.Цепелев (Мәскеу қ.),**
заң ғыл.д., проф. **Т.К.Айтмухамбетов,**
заң ғыл.д., проф. **Б.Х.Толеубекова,**
заң ғыл.д., проф. **Э.Э.Дүйсенов,**
м.ғыл.д., проф. **Г.А.Жетписбаев,**
заң ғыл.д., проф., ҚР Конституциялық
Кеңесі мүшесі **В.А.Малиновский,**
заң ғыл.к., проф. **Р.О.Орымбаев,**
заң ғыл.к. **Ж.К.Орынтаев,**
заң ғыл.к., доцент **А.А.Сабитова,**
заң ғыл.к., доцент **А.Ф.Сүлейманов,**
заң ғыл.к. **С.Ш.Даубасов,**
заң ғыл.к. **С.Т.Шайкенова**
(жауапты хатшы)

© Абай атындағы
**Қазақ ұлттық педагогикалық
университеті, 2011**

Қазақстан Республикасының
мәдениет және ақпарат
министрлігінде 2009 жылы
мамырдың 8-де тіркелген
N 10111–Ж

Басуға 17.05.2011. қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/8.
Көлемі 10,2 е.б.т.
Таралымы 300 дана.
Тапсырыс 436.

050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 13.
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университетінің
өндірістік-жарнама бөлімінің
баспаханасы

**М а з м ұ н ы
С о д е р ж а н и е**

**МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТЕОРИЯСЫ
МЕН КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ
ТЕОРИЯ ГОСУДАРСТВА И ПРАВА
И КОНСТИТУЦИОННОГО ПРАВА**

Аккасов Б.К. Переселенческая политика царизма и его последствия в Казахстане в начале XX века (историко-правовой аспект).....	3
Байсымақова Д.С. Мемлекеттің ішкі және сыртқы қызметін зерттеу мәселелері.....	5
Дауталиев Қ.Н. Түркітік құқықтық отбасы және Қазақ құқығы.....	9
Байтұрсынова А.Д. Механизмы защиты прав женщин в Республике Казахстан.....	17
Мәсәлімқызы М. Азаматтық қоғам институттары.....	20
Елемесов М.А. Жергілікті өзін-өзі басқару Қазақстандағы әкімшілік басқарудың тиімділігін арттыру факторы ретінде.....	24
Акимжанова А. Гендерлік саясат.....	27
Пашаев Р.Н. Общественный контроль за деятельностью органов исполнительной власти Республики Казахстан.....	28
Тоқушев Д. Вопросы реализации Конституционных положений о местном самоуправлении.....	32

**СОТ БИЛІГІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ
СУДЕБНАЯ ВЛАСТЬ И ПРАВООХРАНИТЕЛЬНЫЕ
ОРГАНЫ**

Сағындықова Ж.А. Қазақ даласындағы сот билігі және қазақтың әдет-ғұрып нормалары.....	35
Иманбаева А.Н. Абайдың билік ету қызметі.....	38
Акимжанова А.С. Сыбайлас жемқорлық – қазіргі қоғамдағы індет.....	41

**ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС
ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫ
УГОЛОВНОЕ ПРАВО И УГОЛОВНЫЙ ПРОЦЕСС**

Даубасов С.Ш. Становление и развитие института выдачи преступников.....	45
Пралиев Б.С. Особенности уголовного законодательства за нарушения прав интеллектуальной собственности.....	55
Алимбаев Д.А. Салық қылмысының түсінігі.....	57
Сейткаримов А. Терроризм түсінігі.....	60

**Казахский национальный
педагогический
университет имени Абая**

**ВЕСТНИК
Серия «Юриспруденция»
№ 2 (24), 2011**

Периодичность - 4 номера в год.
Выходит с 2001 года.

Главный редактор
к.ю.н., доцент **Т.Т.БАЛАШОВ**

Члены редколлегии:
д.ю.н., академик НАН РК, профессор
С.Н.Сабикенов,
д.ю.н., профессор Академии МВД РФ
В.Ф.Цепелев (г. Москва),
д.ю.н., проф. **Т.К.Айтмухамбетов,**
д.ю.н., проф. **Б.Х.Толеубекова,**
д.ю.н., проф. **Э.Э.Дуйсенов,**
д.м.н., проф. **Г.А.Жетписбаев,**
д.ю.н., проф., член Конституционного
Совета РК **В.А.Малиновский,**
к.ю.н., проф. **Р.О.Орымбаев,**
к.ю.н. **Ж.К.Орынтаев,**
к.ю.н., доцент **А.А.Сабитова,**
к.ю.н., доцент **А.Ф.Сулейманов,**
к.ю.н. **С.Ш.Даубасов,**
к.ю.н. **С.Т.Шайкенова**
(ответ. секретарь)

© **Казахский национальный
педагогический университет
имени Абая, 2011**

Зарегистрировано в Министерстве
культуры и информации
Республики Казахстан 8 мая 2009 г.
N 10111 – Ж

Подписано в печать 17.05.2011.
Формат 60х84 1/8.
Объем 10,2 уч.-изд.л.
Тираж 300 экз. Заказ 436.

050010, г.Алматы, пр.Достык, 13.
КазНПУ им.Абая

Типография производственно-
рекламного отдела
Казахского национального
педагогического университета
имени Абая

**АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ
ІС ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫ
ГРАЖДАНСКОЕ ПРАВО И ГРАЖДАНСКИЙ
ПРОЦЕСС**

Белхожаева Д.Ж., Жомартқызы А. Өтелмелі қызмет көрсету шартын азаматтық-құқықтық реттеу мәселелері.....	64
Мухияев Д. Апелляция институтының түсінігі және мәні.....	70

**КРИМИНАЛИСТИКА ЖӘНЕ СОТ
САРАПТАМАСЫ
КРИМИНАЛИСТИКА И СУДЕБНАЯ
ЭКСПЕРТОЛОГИЯ**

Базарбаев А.С. Особенности оперативно-розыскной деятельности органов дознания Кыргызской Республики.....	73
Елюбаев Ж. Посвящается светлой памяти Александра Григорьевича Пушечникова.....	76
Естаев А.А. Проблемы формирования системы административных судов Республики Казахстан.....	84
Узбекова Б. С. Права человека как главная ценность правового государства.....	88
Сариев А. Кәмелетке толмаған зорлықшыл қылмыскердің жеке басының типологиясы.....	92
Ишанова Г.Т. Модификация формы Государственного правления в СССР (вторая половина 1980-х - первая половина 1990-х гг.).....	96
Жеделов А.Қ. Мұрагерлік құқық азаматтық құқық саласы ретінде.....	103

МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТЕОРИЯСЫ МЕН КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ТЕОРИЯ ГОСУДАРСТВА И ПРАВА И КОНСТИТУЦИОННОГО ПРАВА

ПЕРЕСЕЛЕНЧЕСКАЯ ПОЛИТИКА ЦАРИЗМА И ЕГО ПОСЛЕДСТВИЯ В КАЗАХСТАНЕ В НАЧАЛЕ XX ВЕКА (ИСТОРИКО-ПРАВОВОЙ АСПЕКТ)

Б.К. Аккасов -

*кандидат исторических наук, профессор кафедры теории государства и права
и конституционного права, факультета международных
отношений и юриспруденции КазНПУ имени Абая*

В первых годах XX века, Россия оставалась абсолютной монархией. Страной, где отсутствовали политические свободы, где управление обширным государством в месте с его колониями сосредотачивалось в руках самодержавного императора. В государстве, простиравшейся на огромной территории Евразии, отсутствовала конституция и представительные учреждения, ограничивающие власть монарха. Противоречия между самодержавием и новыми экономическими отношениями, складывавшимися в стране, к началу века достигли своего апогея. Понимая, что старые методы управления столь огромным по своим масштабам государством не могут отвечать потребностям нового времени, царь предпринимает некоторые уступки в сторону создания представительного органа власти – Государственной Думы. Манифест 17 октября 1905 года вошел в историю Российской империи как первый документ, учредивший в системе имперского управления институты конституционной монархии, обосноваться которой не удалось в силу исторических событий. На основании данного документа в период царствования Николая II действовало четыре созыва Государственной Думы. Депутатами от Казахстана в двух первых являлись виднейшие представители казахской интеллигенции: А. Беремжанов, А. Букейханов, А. Кальменов, Б. Кулманов, Б. Каратаев, М. Тынышпаев.

Несмотря на ряд уступок, сделанных царем для разрядки политической обстановки в стране, все же властям не удалось стабилизировать ситуацию. Нарастал политический кризис, как в самой России, так и в ее окраинах.

Начало века, в связи с активизацией переселенческого движения крестьян из внутренних губерний империи, ознаменовалось усилением аграрного вопроса в Казахстане. Политика переселения крестьян из России на окраины, по плану царских властей должна была решить ряд вопросов: во-первых, помещичьи угодья, после проведения крестьянской реформы, оставались в тех же размерах что и до реформы. Царь не желал ущемления прав помещиков, пользовавшихся землей, в лице этой прослойки император видел надежную поддержку для существующей формы государственного правления. Возникла острая необходимость в решении вопроса выделения земель для освободившихся от крепостничества крестьян другими способами; во-вторых, поскольку основным видом хозяйствования казахского и киргизского населения являлось скотоводство, и вели они кочевой образ жизни, имперской власти представлялось возможным все «излишние» земли передать в переселенческий фонд и за счет этих земель обеспечить крестьян наделами. Таким образом, проблема обеспечения земель российского крестьянства должна была решаться за счет коренного населения Казахстана.

В 1904 году было образовано переселенческое управление. Данная организация была призвана координировать все вопросы, связанные с переселением крестьян на новые земли.

В условиях сложных поземельных отношений в Казахстане развернулось проведение столыпинской аграрной реформы. П.А. Столыпин, будучи председателем Совета министров и министром внутренних дел 1906-1911 гг., выработал принцип модернизации страны, основной целью которой было сделать крестьянина собственником земли. Суть аграрной политики П.А. Столыпина выражалась в трех законодательных актах. Это Указ «О дополнении некоторых постановлений действующего закона, касающихся крестьянского землевладения и землепользования» от 9 ноября 1906 года, который был дополнен и переработан во II Государственной Думе в закон «Об изменении и дополнении некоторых постановлений о крестьянском землевладении» от 14 июня 1910 года. И, наконец, 29 мая 1911 года был принят закон «О землеустройстве». Проведение мероприятия по аграрной реформе началось с 1906 года. Направлена она была на разложение крестьянской общины и формирование крепких самостоятельных

хозяйств. В тоже время, Столыпин не хотел трогать крупные помещичьи владения и решил недостаток земли восполнить за счет «казенных» земель в Казахстане.

10 июня 1903 года было принято «Правило о добровольном переселении на казенные земли в области: Сырдарьинскую, Ферганскую и Самаркандскую», предусматривающие изъятие «излишков» земли у местного населения. 25 июня 1903 года были приняты «Правила о пособиях от правительства переселяющимся в Сибирь и Степное генерал-губернаторство», определяющие размеры пособий и льгот крестьянам – переселенцам.

6 июня 1904 года были приняты «временные правила о переселении сельских обывателей и мещан-земледельцев». Вместе с «Временными правилами» правительство утвердило специальную инструкцию «О порядке определения государственного земельного фонда в областях Акмолинской, Семипалатинской, Тургайской, Уральской для переселения, а равно иных государственных потребностей», ставшую основной нормативной базой для массового изъятия земли у казахов.

Переселенческое управление, для обеспечения всех желающих получить по новому закону наделы на территории Казахстана, осуществляло непосредственное изъятие земель у казахов и передачу их в Переселенческий фонд.

В 1905 году Переселенческое управление было включено в состав Главного управления землеустройства и земледелия.

На территории Казахстана, в связи с создавшимися благоприятными условиями, стали в больших количествах переселяться русские и украинские крестьянские семья.

Под кулацкие хозяйства отвалились лучшие сельскохозяйственные угодья казахского населения. Это в конечном итоге привело к обезземеливанию коренного населения и высылке их с насиженных мест в места непригодные для ведения какой-либо хозяйственной деятельности. Только в 1907-1912 гг., было переселено из европейской части страны 2 мил.400 тыс. человек, лишив казахов к 1916 году 40 млн. гектаров лучших земель. По поводу пагубности для коренного населения переселенческой политики правительства и сложных аграрных отношений в Казахстане, в своей депутатской речи с высокой трибуны II Государственной Думы Б. Каратаев сказал: «...в настоящее время выселяют казахов не с земель, а из жилых их домов для того, чтобы освободить их места для крестьян, для того, чтобы спасти помещиков».

К 1916 году в Казахстане под переселенческие участки, под лесные дачи казачьих войск, помещичьи имения, монастырские участки, для городов и полос железных дорог были изъяты 45 147 765 дес. пахотных земель и пастбищных угодий. Создалась большая казахско-киргизская батрацкая армия. Массовое изъятие земель казахов резко осложнило отношение между кочевниками и русско-украинскими переселенцами. Совершенно был прав Т. Рыскулов, когда писал: «После 1899 года этнические конфликты (столкновения) между казахами и русскими стали характерной чертой в степи».

Восстание в тех регионах, где переселенческая колонизация шла высокими темпами и возникали все новые и новые русско-украинские поселки казачьи станицы, принимало ярко выраженный антирусский характер. Так было, в частности, в Семиреченской области, где подверглись нападению повстанцев 94 переселенческих села. В результате межнациональных столкновении погибло 1906 человек, было ранено 684 человека русских и украинцев. Потери карательных отрядов составили всего 171 человек.

Царизм жестоко мстил восставшим. Горели сотни аулов, много безвинных было расстреляно в степи. Обозы карателей были до отказа завалены награбленным в аулах добром — кольцами, браслетами, кошмами, коврами, бархатными халатами и бешметами, соболиными шапками. Однако ни карательные экспедиции, ни военно-полевые суды, ни виселицы не смогли спасти обреченный историей колониальный режим. Казахский народ бесповоротно влился в общий поток освободительной борьбы народов России.

Крупномасштабное вытеснение казахов и киргиз из собственных земель привело к дестабилизации политической обстановки в Казахстане и Киргизстане и новому подъему национально-освободительного движения.

Восстание 1916 года отличается от прежних тем, что им была охвачена вся степь — весь нынешний Казахстан, начиная от берегов Каспийского моря и кончая Монголией, этим оно приобретает большой исторический смысл, как общенациональное движение против поработителей. Национально-освободительная революция имела широкую социальную базу. Основной ее движущей силой стали широкие слои национального крестьянства, казахские рабочие и ремесленники. Идея национальной независимости, ставшая общенациональной, объединила воедино различные слои населения казахских шаруа, рабочих, традиционную знать степи, оппозиционную русскому и иностранному капиталу нарождающуюся национальную буржуазию, национальную интеллигенцию.

И в заключении можно сказать о том, что Царское правительство, подпираемое помещиками и фабрикантами, забыло даже свой 'закон о неприкосновенности личности и земель казахского народа, выраженный в жалованной грамоте императрицей Елизаветой Петровной в XVIII в. Абулхаир хану. Между тем, нарушение порядка, ограждающего его величество и его приспешников, считалось нарушением «святости».

А последующие Законы царского правительства принятые в начале XX века попирали права коренного населения усилили неприязнь и недовольство казахского населения. Восстание продемонстрировало рост революционного классового самосознания казахского народа, тысячи восставших прошли школу вооруженной борьбы против царского самодержавия. Оно послужило мощным толчком к росту национального самосознания народов Казахстана. Впервые за долгие годы колониального гнета они осознали общность национальных интересов, пробудились к активной политической деятельности, осознали себя силой, способной к вооруженной борьбе против колониальной экспансии российского самодержавия. Народное движение, в ходе которого были созданы структура власти, вооруженные силы, аппарат управления, перерастало в национально-освободительную революцию. По масштабности, охвату участников и последствиям оно представляло апогей освободительного движения за весь период колониального порабощения в составе империи.

1. Рыскулов Т. Избр. труды. - Алма-Ата, 1984. - С.240.

2. Сапарғалиев Г.С. «Карательная политика царизма в Казахстане» (1905-1917 гг.) - Алма-Ата, 1966.

3. Жиренчин А. «Политическое развитие Казахстана в XIX – начале XX веков» - Алматы, 1996.

4. «Восстание в 1916 года в Казахстане». Сборник воспоминаний и материалов.-Алма-Ата, 1937.

5. «История Казахстана». Очерк. – Алматы, 1993.

Түйін

Бұл мақалада XX ғасырдың I-жартысында патша өкіметінің қоныстандыру саясатына байланысты Қазақстанда орын алған саяси жағдай. Бұл саясатқа қарсы қазақ халқының наразылығы жан-жақты жазылған.

Summary

In given article istoriko-legal aspect of a resettlement policy of tsarism and its consequence in Kazakhstan in the XX-th century beginning.

МЕМЛЕКЕТТІҢ ІШКІ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ ҚЫЗМЕТІН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Д.С. Байсымакова -

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің

Азаматтық құқық және іс жүргізу кафедрасының аға оқытушысы

Мемлекет қай қоғамда болмасын, сол қоғамның алдына қойған мақсат-міндеттерін шешуге бағытталған саяси ұйымның көрінісі болып табылады. Сондықтан да, мемлекет өзінің алдындағы мақсатына жету үшін оны жүйелі түрде жүзеге асыратын функционалдық негіздерге ие болуы қажет. Бұл мемлекет қызметінің негізгі мәні де болып табылады. Мемлекет қызметі динамикалық құбылысқа жатады. Себебі, мемлекеттің алдына қойған бағытына сәйкес, сол мемлекеттің негізгі қызметтері айқындалады. Мемлекет қызметін зерттеу, біздің ойымызша, әр уақытта өзінің өзектілігін жоймайды. Қазіргі таңдағы елімізде демократиялық құқықтық мемлекеттерді орнықтыруға бет алған кезеңде мемлекеттің қызметі, оның теориялық мәселелері өте өзекті сипатқа ие болып отыр.

Мемлекет қызметі туралы ой-пікірлерге зер салып қарайтын болсақ, қоғамның талап-тілегіне сәйкес мемлекеттің атқаратын қызметтері де, өзгеріп, күрделеніп, дамып отырған. Кезінде кеңестік ғылымда мемлекет қызметі коммунистік идеологияның шырмауында қалып, өзінің толықтай ғылыми бет-бейнесін жасай алған жоқ. Мемлекет қызметіне байланысты жүргізілген зерттеулер көбінесе эмпирикалық негізде жүргізіліп, оның шынайы ғылыми сұлбасы ашылмады. Қазіргі кезеңде, біздің ойымызша мемлекет қызметінің концептуалдық негізін қалыптастыру қажет болып отыр. Қазіргі қоғамның дамуы да, осыны қажет ететіндей.

Кеңестік кезеңде мемлекет қызметіне байланысты мәселелерді жүйелі түрде саралап, талдаған ғалымдардың қатарына М.И. Байтин жатады. Ол өзінің еңбегінде мемлекет қызметіне байланысты кеңестік және шетелдік ғалымдардың тұжырымдарын саралап, оның жалпы бағытын айқындауға ұмтылды [1, с. 190-234]. Кеңестік кезеңдегі мемлекет қызметіне байланысты теориялық тұжырымдар, бүгінгі таңда өзінің маңыздылығын жойды. Қазір еліміздің алдына қойған мақсаты тұрғысынан, мемлекет қызметін теориялық тұрғыда қайта талдап, концептуалдық негізін қалауымыз қажет. Бұл мақсатқа жету үшін жалпы мемлекет қызметіне байланысты ой-пікірлердің жай-күйіне үңілуіміз керек. Мемлекет қызметі жалпы функция деген терминмен сипатталған болатын. Егер философиялық энциклопедияларға көз жүгіртетін болсақ, функцияға мынандай анықтама беріледі: “Функция – (лат. *functio*–атқару, орындау) қандай болмасын қатынастар жүйесіндегі белгілі бір объектінің сыртқы көрінісі, мыс, организмдегі сезім мүшелерінің қызметі, ақшаның қызметі, мемлекеттердің қоғамдағы және т.б. функциялары. Бірқатар идеалистік бағыттар ғылымды тек қана функцияның объектілерін тізіп, анықтаумен шектеледі деп, олардың мәнін (махизм, бихевиоризм т.б.) тануды жоққа шығарады. Математика мен логикада функция деп кейбір класстардың әрбір элементтерінің салыстыру операцияларын айтады. Анықтаушы ретіндегі функцияның элементтерін оның дәлелдемелері деп атайды, ал мәндер жайындағы элементтерді-функцияның мәндері дейді” [2, 469 б.]. Ал қазақстандық белгілі ғалымдардың бірі, Ө.Қопабаев пен С. Өзбекұлы мемлекет қызметінің мәнін сипаттай келе, мынандай тұжырым жасайды: “Мемлекет басқару, билік жүргізу үшін құрылған саяси ұйым болғандықтан оның алдында тұрған міндеттер бар. Сол міндеттерді іс жүзінде жүзеге асыру үшін арнайы функциялар қажет. Функция арқылы мемлекет статистикалық (формалары, аппараттары, органдар) құрылымынан динамикалық қозғалыс мағынасын айқындайды. Бұл жерде функциялар арқылы мемлекет алдына қойған мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асырады. Мақсаттар әр түрлі болады: стратегиялық және бүгінгі күнгі. Мысалы, Қазақстан Республикасы мемлекетінің болашақтағы мақсаты экономикасы дамыған, халқының әл-ауқаты жоғары, кедейлік пен жұмыссыздық жойылған демократиялық, құқықтық мемлекет құру. Ал бүгінгі күн мақсаты шағын және орта бизнесті, мемлекеттік тілді дамыту және т.б. міндеттер.

Мемлекеттің функциялары дегеніміз оның алдында тұрған мақсаттары мен міндеттерін іс жүзінде асырудың негізгі бағыттары” [3, 49 б.]. Ал, Т.Ағдарбеков болса, мемлекет қызметтерінің негізгі ұқсастықтарын саралай келе, мемлекет қызметінің мынандай ерекшеліктері бар деп есептейді:

1 Мемлекеттің әрбір функциялары, мемлекеттік қызметтердің бір жақты жиынтықтарынан құралады. Мемлекет қызметтерінің ұқсас жақтары қоғамдық қатынастардың ерекшелігімен сипатына, олардың ықпал жасайтын объектісіне қарай бір функцияға бірігеді.

2 Бір жұмысты орындауға арнайы белгіленген көптеген мемлекет органдарының функциясынан мемлекет функциясының айырмашылығы-оның қызметін тұтас қамтитындығында. Айтылған сөз жеке органдардың белгілі мемлекет функциясын жүзеге асырудағы маңызын жоққа шығармайды, себебі кей кездерде ондай органдар негізгі мақсаттарды шешуде басты рольдерді ойнайды. (Мысалы, Қарулы күштердің елді сыртқы шабуылдан қорғау функциясы). Сондықтан, мемлекет функциясын, оның органдарының функциясын айыра білу қажет.

3 Мемлекет функциясы, кешенді жинақты сипатта болады. Онда мемлекеттің шешуші күш жұмсаған, өмірлік маңызы бар бағыттағы ішкі және сыртқы жұмыстары, нақты іске асырылады.

4 Мемлекет функциясын, мемлекеттің жұмыс түрлерінен айыра білу қажет. Себебі, мемлекеттің жұмысы кейде арнайы белгіленген, соған рұқсат етілген органдар арқылы іске асырылуы мүмкін, не болмаса, мемлекеттің әр түрлі органдарының құрамындағы бөлімдерімен іске асырылады. Мемлекеттік жұмыстардың түрлеріне, мысалы қылмыстық істі тергеу, кедендік бақылау т.б. жатады.

5 Мемлекет функциясын, оларды іске асыру формасымен және тәсілімен салыстыруға болайды. Қазіргі мемлекеттің функциясын іске асырудағы негізгі құқықтық нысандарға, құқықтық шығармашылық, атқару-билеу және құқық қорғау қызметтері жатады. Мемлекет өзінің әр түрлі даму кезеңдерінде алдына қойған мақсаттарына байланысты түсіндіру, үгіттеу тәсілдерін пайдалануы мүмкін. Мемлекеттің функциясы, оның мазмұнына, нысанына сай, тәсілдері бірігіп, мемлекеттік өкіметтің сол бағыттағы мемлекет жұмысын іске асырады. Мемлекеттің барлық функционалды қызметі бас мақсатына жетуге бағытталған: адам, оның адамгершілік, материалдық, жеткілікті құқықтық және жеке адамның әлеуметтік мүдделерінің қорғаушысы. Мемлекет жеке адамдар арқылы қоғамдық прогреске тұтасымен ықпал жасайды және барлық қоғамдық қатынастарды бағыттады.

Сонымен, мемлекет функциясында - оның негізгі қызметінің бағыты, қоғамды мемлекеттік басқарудың мәні және әлеуметтік орны көрсетіледі” [4, 88-89 бб.].

Егер мемлекет қызметіне оның табиғатына байланысты берілген түсініктерді одан әрі жіктеп, талдап қарайтын болсақ, бүгінгі таңда бұл мәселеге байланысты бір бағыттағы жүйелі жол қалыптаса қоймағандығын көреміз. Мысалы, теорияда кеңінен орын алған мемлекет қызметіне байланысты түсінікті профессор В.И. Гойман-Червонюк былай деп береді: “Функции государства основные направления деятельность государства, в которых раскрывается его социальная сущность и назначение в обществе” [5, с. 42]. Ал Н.Б. Пахоленко болса: “Функции государства - это необходимо однородное, постоянное, целесообразное направление (сторона) деятельности, обусловленное объективными потребностями общественного развития с точки зрения его внутренних и внешних задач” [6, с. 29], - деп түсіндіреді. Ресейлік оқулықтардың бірінде, мемлекет қызметі былай негізделген: “Функции государства - это основные направления его деятельности, выражающие сущность и социальное назначение, цели и задачи государства по управлению обществом в присущих ему формах и присущими ему методами” [7, с. 143]. Бұл берілген анықтамалардың барлығынан мемлекет қызметінің белгілі бір бағытсыз атқарылмайтындығын ұғынуға болады. Бірақ та, сын көзбен қарап, көретін болсақ, мемлекет қызметіне берілген жоғарыдағы авторлардың түсініктерінің дау тудырмайтындығына күмән келтіруге болады. Осы жерде қазіргі Ресей мемлекетінің әлеуметтік қызметін зерттеген ғалымдардың бірі, Е.С. Мазаеваның мына пікірі, жоғарыда айтылған мемлекет қызметіне байланысты ғалымдардың тұжырымының негізсіздігін танытатындай:

“Во-первых, государственной деятельности присущи некоторые противоречия. Например, можно отнести противоречия между объективным ходом социально-экономических отношений и государственным обеспечением стабильности в этой сфере жизнедеятельности общества. Вследствие чего в одной ситуации государства сдерживает или стимулирует развитие определенных тенденций, в другой - допустим, изменяет какие-либо стороны социально-экономической политики. Поэтому в ряде случаев направление деятельности государства может проявляться как тенденция, то есть как преобладающее направление:

Во-вторых, невозможно объяснить, каким образом в функциях государства преломляются комплексные цели. Тем более что они не могут быть достигнуты деятельность в каком-либо одном направлении, так как часто сочетают противоречивые начала децентрализации и централизации;

В-третьих, невозможно уяснить, почему некогда неосновные функции по мере развития государства превращаются в основные или почему происходит отсоединение одних функций от других (при этом направлении его деятельности остаются прежними)” [8, с. 14-15.].

Әрине, бұл жерде мемлекет қызметінің мемлекеттің бағытымен байланысты екендігін жоққа шығаруға болмайды. Сонда да, болса біздің ойымызша, қандай да болмасын қызметті бірнеше қырынан түсінуге болады. Бір қырынан алғанда, мемлекеттің қызметі - мемлекеттің алдына қойған бағытын жүзеге асырудың көрінісі болып табылады. Екінші қырынан алғанда, мемлекет қызметі - мемлекеттің мақсатын жүзеге асырудың белсенді көрінісін білдіреді. Сондықтан да, мемлекет қызметі жүзеге аспаса да, оны жүзеге асырудағы мүмкіндігін сипаттайды.

Қарап отыратын болсақ, мемлекет қызметі әлі де болса, ғалымдар тарапынан өзінің толыққанды шешімін таба қоймаған мәселе болып тұр. Жоғарыдағы айтылғандарды қорыта келгенде, біз жалпы мемлекет қызметін, мемлекеттің бағытын жүзеге асыруға байланысты әдіс-тәсілдермен кешенді тұрғыда қарайтын, нақты қоғамның даму деңгейімен байланысты болып келетін және сол қоғамның алға ұсынған әдіс-тәсілдеріне сүйенетін күрделі құбылыс болып табылады. Осыны негізге ала отыра, біз мемлекет қызметінің мәні мынандай мәселелермен байланысты деп табамыз:

Біріншіден, қоғамның маңызды өмірлік мәселелерін шешуде мемлекеттің іс-әрекеттері айқындалған;

Екіншіден, мемлекеттің мәні мен оның әлеуметтік мақсаттарының арасында ажырағысыз байланыс бар;

Үшіншіден, мемлекеттің бағыты әрқашанда қоғамдағы ірі әлеуметтік экономикалық-саяси т.б. міндеттерді шешуге негізделетіндігінде;

Төртіншіден, мемлекеттің жүзеге асыратын бағыты, әрқашанда белгілі нысандарда атқарылады.

Міне, осы айтылған жағдайлардың барлығы мемлекет қызметінің мәнін айқындайды және мемлекет қызметінің негізгі бағыттарын сипаттауға да мүмкіндік береді. Мемлекеттің қызметі, негізінен

жалпы мемлекеттің басқару жүйесімен сол мемлекетте жүзеге асырылатын құқықтық режиммен тығыз байланысты. Міне, осындай факторлардың негізінде нақты мемлекеттердің қызметтері айқындалады.

Сонымен қатар, мемлекеттің қызметін айқындауда және оның түрлерін негіздеуде, мынандай да факторлар себепші болады:

- а) мемлекеттің мәні, нысаны, табиғаты;
- ә) сол мемлекет өмір сүріп отырған кезеңдегі сыртқы және ішкі жағдайдағы өзгерістер;
- б) нақты тарихи жағдайдағы мемлекеттің алдына қойған мақсаттары мен міндеттері.

Ойымызды қорыта келгенде, айтарымыз, мемлекеттің қызметі-теориялық тұрғыда әлі өзінің бір жақты шешімін таба қоймаған күрделі құбылыс болып табылады. Оның себебі де, жоқ емес. Негізінен мемлекеттің қызметі әр қоғамның талап-тілегіне сәйкес өзгеріп отырады. Міне, осы жағдай мемлекет қызметінің теориялық базасын жасауда қиындық тудырады. Соған қарамастан, жалпы мемлекет қызметінің мәнінің ерекшеліктерін айқындауға болады. Мемлекет қызметінің негізгі мәні, мемлекеттің алдына қойған мақсат- міндеттерін жүзеге асыру.

1 Байтин М.И. *Сущность и основные функции социалистического государства*. - Саратов, 1979. – С. 190 -234.

2 Философиялық сөздік / Редкол: Нұрғалиев Р.Н., Ақмамбетов F.F., Әбділдин Ж.М. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1996. – 525 б.

3 Өзбекұлы С., Қонабаев Ө. *Мемлекет және құқық теориясы: Оқулық*. – Алматы: Жеті жарғы, 2006. – 264 б.

4 Ағдарбеков Т.А. *Құқық және мемлекет теориясы*. – Қарағанды: Болашақ-баспа, 2002. – 320 б.

5 Гойман-Черванюк В.И. *Очерк теории государства и права в 2-х частях. Теория государства*. – М., 1996. – Ч.1. – 556 с.

6 Пахоленко Н.Б. *От тоталитаризма к демократии: о функциях государства в переходный период / Политические проблемы теории государства*. – М., 1993. – С. 29 -33.

7 *Теория государства и права. Учебник для юридических вузов и факультеты* / Под ред. В.М. Корельского и В.Д. Перевалова. – М., 1998. – 658 с.

8 Мазаева Е.С. *Социальная функция современного Российского государства: дисс.. на соис. канд. юр. наук.: 12.00.01*. – Нижний Новгород, 2001. – 160 с.

Резюме

В данной статье рассматриваются некоторые аспекты функции государства. Автор, анализируя сущность функции государства, делает свои краткие выводы.

Summary

In this article is considered to some aspect's the function of the state. The author to function's of the state's.

ТҮРКТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ ОТБАСЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ҚҰҚЫҒЫ

Қ.Н. Дауталиев -

заң ғыл. к, «Интеллектуал-Парасат» заң компаниясы директорының орынбасары,
аға ғылыми қызметкер

Қазақ құқығы ұлттық кеңістікте дәстүрлі құқықтық жүйенің негізін қаласа, мәдени-шаруашылық кеңістікте әр түрлі діни-этникалық топтар мен бір мемлекет аясына сыймайтын күрделі әлеуметтік-саяси құрылымдарды (ұлыстар, ірі рулар, тайпалық бірлестіктер және т.б.) қамтитын қазақтың далалық құқықтық жүйесін қалыптастырды және түрк тектес көшпелі, жартылай көшпелі халықтардың құқықтық отбасын байыта түсті әрі оның шырқай дамыған ерекше классикалық формасы – «әділсоттың Алтын ғасыры» [1, 169-170 бб.] деген бағамен әлемдік өркениетте қомақты тарихи із қалдырды.

Қазақ құқығы XVI ғғ. бастап – Шығыс Дешті-Қыпшақ аталатын мәдени-саяси кеңістікте түркітік құқықтық отбасының көшбастаушысы болды әрі құқықтық эпицентріне айналды. Қазақ Ордасының құрамында болып, қатар қоныстанған қырғыз, қарақалпақ, ноғай және т.б. түрк тілдес елдердегі көшпелі тайпалардың құқықтық өмірі тікелей «Жол», «Жарғы» аталатын қазақтардың құқықтық жинақтарымен реттеліп отырды, әсіресе сот билігін жүзеге асырушы билер қызметі мен олардың қоғам алдындағы бедел-абыройы Қазақ (еркіндік) құқығының кең рецепциялануына жол ашты.

Әлемнің құқықтық картасында құқықтық жүйелердің шығу тегін топтастыратын ірі құқықтық отбасылар бар. Олардың жалпыға бірдей танылғандары, сондай-ақ әлі таныла қоймағандары келесілер:

1. «Жалпы құқық» (англо-саксондық) құқықтық отбасы,
2. Еуропалық-континенталдық (романо-германдық) құқықтық отбасы,
3. Социалистік құқықтық отбасы [2, 21 б.];
4. Славяндық құқықтық отбасы [3, 189-190 бб.];
5. Түркітік құқықтық отбасы;
6. Мұсылмандық құқықтық отбасы.

Ресейлік ғалымдар [3] славяндық құқықтық отбасы мәселесін көтеріп келеді және оның кеңістігіне Шығыс Еуропа мен Ресей аумағында өмір сүрген славян мемлекеттері мен княздықтарын топтастырады әрі православиені діни біріктіруші жүйе ретінде таниды. Сондай-ақ славяндық құқықтық отбасының түпкі тамыры Византия Империясына барып тірелетінін, ал Византияға өз кезегінде Рим құқығының әсері болғандығын да жоққа шығармайды. Славяндық құқықтық отбасының бүгінгі басты кейіпкері әрі тасымалдаушысы – Ресейдің құқықтық жүйесі деп көрсетеді. Сондай-ақ Ресей құқықтық жүйесі Орталық Азиядағы бірқатар түрк тілдес мемлекетер үшін жетекші әрі біріктіруші роль атқаратындығын бекітеді.

Сондай-ақ ірі құқықтық жүйелерге келесілер кіреді:

1. Үнді мен иудейлік діни сипаттағы құқықтық жүйе;
2. Дәстүрлі құқықтық жүйелер (Қытай, Жапония);
3. Африка және Мадагаскар елдерінің құқықтық жүйелері [2, 25-28 бб.].

Р. Давид пен К. Жоффре-Спинозидің әлемнің құқықтық картасын айқындауда үш басты методологиялық жетімсіздігі бар және ол келесі критерилерге негізделуден туындаған:

- 1) құқықтық отбасыға жіктеуде тек дидактикалық мақсатқа көңіл бөлінген [2, 20 б.];
- 2) дәл өздері өмір сүріп жатқан заманды (еңбектің аталуыда осындай «... правовые системы современности») ғана сипаттаған;

3) позитивті, нормативті сипаттағы құқықтық жүйелер ғана құқықтық отбасы деп тануда негізгі роль атқарған және құқықтық отбасы ұғымына бүгінгі таңда нақтылы қолданыстағы әрі неғұрлым кең тараған құқықтық жүйелерді ғана енгізеді.

К. Цвайгерт пен Х. Кетц романдық, германдық, англо-американдық, солтүстік құқықтық отбасы, социалистік елдердің құқықтық отбасын және өзгеде құқықтық отбасыларды (алыс шығыстағы құқықтық отбасы, ислам және үнділердің құқығы) бөліп көрсетеді [4, 108-115 бб.]. Сондай-ақ авторлар құқықтық отбасының элементтері ретінде келесі мәселелерді қарастырады:

- 1) историческое происхождение и развитие правовой системы;
- 2) господствующая доктрина юридической мысли и ее специфика;
- 3) выделяющиеся своим своеобразием правовые институты;
- 4) правовые источники и методы их толкования;

5) идеологические факторы [4, 108-117 бб.].

Құқықтық отбасыға біріктірудің көптеген критерилерін кездестіруге болады [5, 60-66 бб.]. Олар діни сипатына (мұсылмандық құқықтық отбасы), соттарда іс жүргізу мен құқық нормасын қолдану әрі оның қайнар көзін тану тәртібіне қарай (англо-саксондық және романо-германдық), дәстүрлі ерекшеліктеріне байланысты (Үнді, Қытай, Жапон және т.б.), әлеуметтік бағытына қарай (социалистік құқықтық отбасы) топтастырылады. Осы топтастырулардың кейбіреулері белгілі бір деңгейде шартты, табиғи тұтастық жоқ. Түрктік құқықтық отбасыға біріктіруші элементтерге табиғилық және кешенділік сипат тән. Жер бетіндегі халықтардың құқық туралы түсінігі жалпы алғанда адекватты қалыптасатын құбылыс, даму эволюциясы ортақ заңдылықтар мен сатылардан тұрады. Мәселен, құқық ұғымы алғашқы кезде мифтік санада көрініс тапты. Тұтастай алғанда қоғамның дамуы, оның бір сатыдан екінші сатыға өтуі сәйкесінше құқық туралы ұғым-түсініктің дамуына (құл иеленушілік құқық, феодалдық құқық, буржуазиялық құқық, социалистік құқық және т.б.), түрленуіне (жазылған және жазылмаған, жария және жеке, дербес және кешенді және т.б.), бейімделуіне (дәстүрлі, нарықтық, діни, көшпелі және т.б.) әсер етті және ағымдағы қажеттіліктерді қанағаттандырып отырды. Қоғамның белгілі бір формацияда тұрақтап қалуы немесе тұйықталуы экономикалық қатынастың формасына тәуелді. Түрктік құқықтық отбасыға кіретін құқықтық жүйелер негізінен көшпелі мал шаруашылығын ұйымдастыруға мүмкін болатын кеңістікте ғана өмір сүрді.

Құқықтық отбасы – бұл құқықтың қайнар көздері мен құрылысының және олардың тарихи қалыптасу жолдарының ортақтығына негізделген ұлттық құқықтық жүйелердің жиынтығы [3, 189 б.]. Қалыптасудың ортақтығы тарихи тұрғыдан алғанның өзінде көп жағдайда позитивті (жасанды) сипатта (тіпті мұсылмандық құқықтық отбасының өзі позитивті-прагматикалық жолмен орнығып-бекіген), табиғи жолмен қалыптасу өте сирек кездесетін құбылыс. Міне осындай сирек құбылыстардың біріне алғытүрк кезеңінде Ежелгі Алтай, Скифия, түрк дәуірінде Тұран аталатын Ұлы Дала, бертінірек Дәшті-Қыпшақ аталатын еуроазиялық кеңістік пен көшпелі және жартылай көшпелі мәдениеттің аясында, табиғи гармонияда қалыптасқан – Түрктік құқықтық отбасы жатады.

Құқықтық отбасы ұғымына құқықтың заңи мағынадағы қайнар көздері мен құрылысын жатқызап қою жеткіліксіз, оның философиялық (дүниетанымдық) бастаулары мен жалпыадамзаттық мәдени құндылық деңгейіне көтерілген моральды-өнегелік қасиеттері маңызды роль атқарады. Батыстық қоғамда құқық ұғымының ядросын – мүдде құрайды және ол құқықты қалыптастырушы әрі инерциялық күшке ие. Батыстық құқықты тұтастай алып қарағанда негізінен жеке тұлғалардың материалдық мүдделеріне (жеке меншік қасиетті ұғым) артықшылық беретінін аңғаруға болады. Ал Шығыста құқықтың астарында бірінші кезекте ажырамас қасиет – сенім (рух) тұрады. Басқару теориясында қоғамды, оның ішінде мемлекетті басқаруда негізгі екі әдіс қолданылатындығын ажыратып көрсетеді: 1) иландыру (убеждение) және 2) мәжбүрлеу (принуждение). Иландыру неғұрлым тиімді әрі оң нәтижелі әдіс және бұл әдістің күші жетпегенде немесе сарқылғанда ғана келіп мәжбүрлеу әдісі іске қосылады. Құқық аталған әдістерді қолданудың негізгі құралы. Шығыстағы, оның ішінде көшпелі және жартылай көшпелі түрк құқығының өзегінде қашанда наным-сенім бастаулары жатты, сол себептіде мұндай құқыққа Батыстағыдай формальды анықталу сұраныс тудыра қоймады. Сондықтанда болар түрктік құқықтық отбасыға кіретін құқықтық жүйелерде жазу мәдениеті болғанына қарамастан жазылып-кодификацияланған құқықтық жинақтар өте сирек кездеседі.

Түрктік құқықтық отбасының негізгі ерекшеліктері:

1. Түрктік кеңістік

Оның Еуразиялық кеңістікте орналасуы. Ең кең және біртұтас дамыған кезі Ұлы Түрк қағанатының тұсында болды. Қағанаттың шекарасы батыста Қара теңіздің жағалауы мен Дон өзендерінен бастап, шығыста Сары теңіз (Корей жарты аралы) бен Амур өзендеріне дейін, солтүстікте Енисей өзені аңғарынан оңтүстікте Тибетке (Ерен қабырғаға) дейінгі алып аумақты қамтып жатты.

Түркер шамамен б.з.д. V-IV мың жылдықтарда Үндіқытайдан Ежелгі Алтай аумағына келіп қоныстанған деген пікір айтылады. Түркердің арғы тегі саналатын сақ-скиф, сақ-массагеттік еуразия халқы шамамен б.з.д. III-II мыңжылдықтарда Тұран деп аталған даланы, Тарбағатай және б.з.д. V-IV ғғ. Алтай тауын (оның ішінде Ресей Федерациясына, Моңғолия, Қытай Халықтық Республикасы және Қазақ Алтайы болып бөлінетін аймақтарға қарасты шекаралас жерлерді) өз ата-қонысы еткен. Белгілі тюрколог Аджи Мурад «Алтай» ұғымын келесідей тәртіпте ашып көрсетеді: «Древний Алтай – это вся Сибирь с Байкалом на востоке и Памиром на западе, так ее понимали... Огромная страна, доходившая до Тибета, и

называлось Алтаем» [6, 13 б.]. Алтай таулары алғашқы мекендері болған түрк тайпалары біртіндеп таулы-далалық және таулы-орманды кеңістіктерге «күн сәулесі»^{*} іспеттес шашырап дүниенің төрт бұрышына көшіп-қоныстанады. Түрк кеңістігі табиғи тұтастықтан тұратын жер шарының климаттық белдеулерімен тығыз байланысты күрделі экожүйе. Түркілер көшіп-қоныстанған еуроазиялық алып кеңістік негізінен ендік бойымен қоңыржай белдеуде орналасты және әрдайым қуатты тарихи оқиғалардың қозғаушы күші болды.

Түрк кеңістігі шығыста Қытайдағы Хиньган тауы мен батыста Карпат тауларына дейінгі, солтүстігінде Сібірдің жазықтары мен нулы ормандары және оңтүстігінде Тибет тауларымен шектесетін еуроазиялық Ұлы Даланы қамтыды. Түрк кеңістігіндегі флорасы мен фаунасы ортақ табиғи орта негізінен таулы-далалық шөл және шөлейт жерлерден тұрды, әсіресе жылқы малы шаруашылықта, сондай-ақ қоғамдық өмірде де маңызды роль атқарды. Сактарда, скифтерде қой малын өсіру жоғары деңгейде дамыды. «Алғашқы шумерлер Еуразия далаларынан өздерінің отар қойларымен келген көшпелілер болған. Оған олардың сөз байлығындағы қой сапасы мен түрін білдіретін екі жүзден аса сөз бар екендігіне көз жеткізуге болады» [7, 31 б.]. Көшпелі қазақтың құқықтық жүйесі түркілік кеңістіктің эпицентрінде орналасты және түркілік құқықтық отбасы үшін көшпелілік өркениеттің дамыған үлгісін көрсетті әрі оны ұзақ ғасырлар бойы сақтады. Басқа құқықтық отбасылардың ықпалына түсуден және будандасып кетуден ада болды. Бұл өз кезегінде бастауын көшпелі өмірден алатын құқықтың ішкі қуаты мен тегеурінінің тұтас күйінде сақталуына әсер етті. Мұндай құқықтық иммунитет өзге түрк тектес халықтардағы құқықтық жүйелерінде көрініс таппаған (өзбек, тәжік және т.б. Орта Азияны мекендеген түрк халықтарының құқықтық жүйелері мұсылмандық құқықтық отбасының әсеріне ұшыраған).

Түркілерде шаруашылық типінің дерліктей барлық түрі болды. Оның ішінде ең кең таралғаны – көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы еді. Алтайдан далалық аймаққа батысқа қарай көшіп-қонған тайпалар кәсіптік көшпелі мал шаруашылығын өркендетті және оның классикалық негізін қалады. Экстенсивті мал шаруашылығының қалыптасу дәуірі б.з.б. I мың жылдықтың бас кезімен байланысты [8, 204 б.]. Көшпелі малшылар үшін жайылымдық жерлердің маңызы жоғары болды. Этнограф-ғалым А.Сейдімбек мал сүйсініп жейтін жусан өсімдігінің тек еуроазиялық кеңістік пен Канадада ғана өсетіндігін Ұлы Даланың ерекшелігінің бірі деп таниды [9].

Түркілік кеңістік біртұтас жүйе ретінде келесі элементтерді жинақтайды:

1. Табиғи кеңістік:

- шөл және шөлейтті алып еуразиялық дала;
- Сібір жазығы мен нулы ормандар;
- таулы-далалық жайылымды, таулы-орманды аудандар;
- негізінен қоңыржай, сондай-ақ шұғыл континенталды климаттық белдеу.

2. Мәдени кеңістік:

- Ежелгі Алтай;
- Скифия;
- Тұран;
- Дәшті-Қыпшақ;

3. Шаруашылық кеңістігі:

- көшпелі
- жартылай көшпелі және
- отырықшы

4. Саяси кеңістігі:

- Ұлы Ғұн империясы;
- Ұлы Түрк қағанаты;
- Ұлы Мұңғұл империясы;
- Алтын Орда және оның мұрагерлері (Хандық, Тархандық және Ордалық саяси құрылымдар);

^{*} Археологиялық қазба жұмыстар түркілерге жататын «крест» белгілі деректік заттар Еж. Алтайдан (2000ж.бұрын) және Европадағы ең ерте қала Галледен (Саксония жері) Хорнхаузен стелласынан (1500 ж.бұрын) табылған. Мұны белгілі археолог-академик А.П.Окладников түркілердің күн сәулесімен шашырап дүниенің төрт бұрышына көшіп-қону бағытын көрсететін наным-сенімнің (идеологияның) заттық көрінісі дейді.

- Алаш;
- Түркістан;
- Қазақия*.

2. Түркітік философия (дүниетаным)

Түрк халықтарының құқықтық жүйелерін біріктіруші құдыретті күш – бұл түркітік философия (дүниетаным). Түркітік философия алып далалық кеңістікте ұзақ мерзімді эволюциялық даму сатылардан өткен. Түркітердің алғашқы қоныстанған аймағы – Ежелгі Алтайда климаттық-географиялық ерекшеліктер «Көк-Тәңірі» (Мәңгілік Көк Аспан – Вечное Синее Небо) дүниетанымының негізін қалауда ықпалды болды. Бастапқы кезде «Көкке-Тәңірге» сену негізгі орында болса, біртіндеп көшпелі тайпалық саяси құрылымдардың (скифтер, аландар және т.б.) далалық аймақтарға көшіп-қоныстануы нәтижесінде «Жерге – Ұмай Анаға» табынушылығы кең қанат жая бастады. Тәңіршілдік б.з.б. IV-V мың жылдықтарда пайда болған. Түркітердің наным-сенім бастауларында табиғат күштері өз әсерлерін терең қалдырып отырды және олардың алуан түрлілігі (от, су, жер, ауа, жауын, найзағай және т.б.) политеистік діни түсінікті қалыптастырды. Сондықтан болар құдайдың түркітерде он жетіден астам, мұңғұлдарда 99-ға жуық түрлері мен атаулары осы күнге дейін сақталған [10]. «Көк-Тәңірі» идеологиясы сол кездегі көршілес Қытайлықтардың «Аспан асты Елі» идеологиясымен бәсекелес болды. Мұның аяғы Қытайдың түркітерге бодан болып, алым-салық төлеп тұруына алып келді. Тәңіршілдік – діннен жоғары тұрды, ол түрк халықтарының мәдени құндылығы, саяси ұстанымы, идеологиялық бірлігі және ең бастысы әлемді (жаратылысты) танудың философиясы болып табылады. Діндер тарихына үңілетін болсақ, оларда этникалық-мәдени кеңістік жоқ. Әр түрлі ұлт өкілдері мен мәдениеттерді алаламай қарамағына кіргізіп ала береді. Тәңіршілдік этникалық-мәдени тұрғыдан тек тегі түрк халықтарына ғана тән және басым көпшілігі тек көшпелі өмірде ғана дамып жетілді. Мұңғұлдарда құдайдың 99-ға жуық түрі мен атауының болуы кездейсоқтық емес, себебі көптеген шығыстанушылардың ортақ пікірі бойынша көшпеліліктің дамыған классикалық үлгісі Шыңғыс хан біріктірген мұңғұлдарға тән. Тәңір туралы түсінікті байыту – көшпелі өмірдің шығармашылыққа тез бой алдыру қасиетімен біте-қайнасып жатқан үздіксіз (аяқталмайтын) құбылыс. Мұндай құбылыс үшін кеңістіктегі орынды ұдайы ауыстыру, сол арқылы дүниені кезу, жаратылысқа назар аудару «көре көре көсем болуға» жетелейтін алғышарт болды.

Түркітік дүниетаным негізінен көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығымен тығыз байланыста әрі динамикалық қозғалыста дамыды. Экстенсивті мал шаруашылығы ірі жайылым қорларын іздеу, табу, игеру және жайылымдық жер қорын сақтау мен ұлғайту үшін соғыс өнерін шартсыз (шарасыз) меңгеру сияқты өмір сүрудің маңызды екі сұрағын алып шықты. Әрбір көшпелінің бойында табиғи жауынгерлік, батырлық, ерлік рухымен қатар мал бағудың көшпелі әдісін шебер ұйымдастыру қасиеті* қабат өмір сүрді. Алайда көшпелі мал шаруашылығының табиғатқа тәуелділігі және экономикалық тұрғыдан алғанда тұрақсыздығы жаугершілік шапқыншылықтардың орын алуына тікелей әсер етті. Батырлық, ерлік ұғымы – екі сөйлемейтін, уәдеге берік, сөзге адал әрі тоқтай алу сияқты мәрттік қасиеттерді қалыптастыруға ықпал етті және қоғамда сөздің құдыретті күшке айналуына септігін тигізді, өйткені көшпелі мал бағушылар қоғамы үшін тыныштықта бейбіт өмір сүру материалдық игіліктердің қорлануы үшін маңызды еді.

Түркітік дүниетанымда тотемизмнің, шаманизмнің, фетишизмнің көріністеріде табиғат құбылыстарымен байланысты болды. Әсіресе тотемдік наным-сенім саяси сипатқа көтеріле алды («көк бөрі» - түркітерді сақтап-асыраушы), күшті жауынгерлік рух берді, ірі империяларды құруға және өзгелерді бодандықта ұстап тұруға септігін тигізді. Қазақ билер сотының басты кейіпкері болған ірі билердің де ішкі өз тотемдері болуы (мәселен қаз дауысты Қазыбек бидің екі иығында қалмақтың ханына аузын арандай ашып айбаттанып тұрған екі аюдың болуы немесе қызыл жолбарысты Қызырлы би [11]

* «Алаш» ғылыми-зерттеу орталығынан шығып жатқан ру-тайпалардың түпкі тарихы туралы ізденістердің жинақтары (бүгінде 22 жинақ шығып қойды) – түркі ұлыс-тайпаларының Қазақия кеңістігінде мекендегенін және басым бөлігінің осы жерден тарағанын аңдатады. Тарихта Қазақия ұғымы ертеде Қара теңіз бен Каспий теңізінің аралығындағы кеңістікті қамтыған деген деректер орын алған. Сондықтанда бүгінгі Қазақия – әмбебап түркітік мәдени-саяси кеңістікке түрленуге мүмкіндігі мол.

* «Я видел, как брат одного весьма уважаемого среди киргизов султана в течение 15 дней пас своих баранов верхом на лошади в одежде из красного сукна, не думая о том, что это унижает его в достоинство». – Мейендорф Е.К. Путешествие из Оренбурга в Бухару. 41-б.

және т.б.) кездейсоқтық емес. Мұндай тотемдік киенің болуы көп жағдайларда қазақ халқында негізінен би-шешендерге байланысты айтылады. Сондай-ақ Америкалық үндістердің өмірінде тотемдік наным-сенімдердің кең орын алуы қатардағы аналогия емес, керісінше бұл олардың түрктік бастауының бір екендігін дәлелдей түседі. Бұл жөнінде мақаланың алдыңғы бөлімінде тоқталамыз.

Табиғат түстерінің саяси-құқықтық сипатқа ие болуы туралы белгілі ғалым М.Аджи келесідей түсінік береді: «Три цвета были на знамени алтайцев, потому что три цвета имеет Вечное Синее Небо, которое они обожествляли, - синий днем, красный утром, белый вечером... На церемонии избрания Великого хана белое знамя символизировало запад (заход солнца, вечер), красное – восток (восход солнца, утро), синее или фиолетовое – центр (полдень)» [6, 13-14 бб.]. Қазақ жерінің түрктік кеңістіктің дәл кіндігінде орналасуы қазақ ұлтының санасында мәдени архетип ретінде орныққан. Елдіктің нышанын білдіретін бүгінгі тәуелсіз Қазақстан Туының көк (аспан) түстес болуын қатардағы кездейсоқтық деп бағалауға болмайды әрі бұл мәдени тұрғыдан алғанда айтылған ойдың дәлелі болса керек.

3. Түрк тілі

Енисей аңғарынан табылған түрк бітігі жазбалары негізінде түрк тілінің әліпбиін алғаш рет жасап, ғылыми айналымға дат ғалымы В.Томсен 1889 ж. қосты. Содан кейін-ақ түрк тілін зерттеу кең жолға қойылды.

Түркі тілін зертеу түрк тілдес халықтардың лингвогеографиялық орналасу кеңістіктері мен көшіп-қоныстану траекторияларын айқындауға көмегін тигізеді.

Түрк тілдес ұлттар мен ұлыстардың жалпы саны 130-ға жуық [12] және ол тілде қарлы Якутиядан бастап Орталық Еуропаға дейін, Сібірден ыстық Үндістанға дейін, тіпті Африкаға дейінгі аймақтарда миллиардтаған адамдар тілдескен және сөйлейді [13, 11 б.]. Шамамен екі мың жыл бұрын [13, 12 б.] түрк тілі диалектілерге бөліне бастаған, оған дейін түрк тілі ортақ болған. Тіпті, бүгінгі ғылымда осыған дейінде андрон мәдениеті қауымдастығының өзінде қатынас тілі прототүрк тілі болған деген пайымдаулар бар. Түрк сөзі алғаш рет б.з. 311 жылдарында түрк тілдес ху (хунну, сюнну) тайпаларында және 582 жылға жататын Бұғыты жазбаларында кездеседі. Түрк тілдес хуннулардың жазбаша жолдаулары б.з.д. 176 ж. құрастырылған деген деректер кездеседі [14, 220 б.]. Тілдің ортақтығы құқықтық таным-түсініктердің бірдей қалыпта және ұғымда қолданылуына әсер етті. Түрк тілдес халықтардың ұдайы көші-қон және Ұлы тарихи қоныс аударулар процесінде тез қарым-қатынасқа түсуге бейім ортақ тілдік-этникалық жүйені құруға әсер етті. Далалық Ұлы империялардың (Ғұн, Түркі, Мұңғұл) құрылуы түрк тілдерінің бір-бірінен алыстап кетпеуіне қолайлы жағдай туғызды және үнемі біріктіруші қызмет атқарып отырды. Пайымдауымыз бойынша, прототүрк тілінің өзі көшпелі өмірге жайлы да, Еуразия кеңістігіндегі қауымдастықтар үшін қол жетімді эсперанто тілі болған. Кейін ғұн, байырғы Түрк қағанаты тұсында, «түрк» тілі өз алдына тіл болып бекіп, көптеген диалекті мен говорларға және аймақтық ерекшелігіне қарай қалыптасты. Түрк тілі көшпелі халықтар арасында ұғынықты болған, билеушілер мен түрк тілдес халықтар еш кедергісіз сөйлесіп кете берген. Мәселен, ел жадындағы ескі аңыз бойынша Шыңғыс ханды ақкиізге орап хан көтеру дәстүріне қатысқан, қазақ даласынан шыққан Майқы бимен Шыңғыс хан аңшылықта жүріп аяғын мертіктіргенде танысады. Майқы бидің де бір аяғы кемдік қылып жүре алмай жатқанда тілінің өткірлігін бағалап, өзімен алып жүрген және кейіннен бас биінің бірі қылған.

Түрк тілдес халықтардың қатарына Америка үндістерін жатқызу мәселесі тюркологияда XIX ғ. екінші жартысында қозғала бастады. Льюис Отто Рериг (19.06.1819 ж. – 1908 ж.) 1853 ж. бастап Солтүстік Америкада медицина қызметкері ретінде жұмыс бабымен ауысып, жергілікті халықтармен етене араласа бастайды. Латын, ерте грек, неміс, француз, ағылшын, араб, парсы, түрік тілдерін жақсы білетін және угро-фин тілдерін оқып ажырата алатын сауаты бар О.Рериг 1866 ж. 4-маусымнан бастап 26-қарашаға дейін Солтүстік Америкалық үндістердің ең ірі тайпасы – Сиу үндістерінің арасында өмір сүреді. Сиу тайпасының тілі үндістердің басқа тайпаларына қарағанда түрк тіліне жақындығын байқайды және бұл қызығушылығын зерттеу жұмыстарына арнайды. «*Наречие сиу или дакота* может быть отнесено к Урало-Алтайскому семейству языков, которое охватывает очень широкие районы и носители его расселились на обширной территории и представлены многочисленными ответвлениями народов Восточной Европы, Сибири и Средней Азии, некоторые его ответвления встречаются даже в сердце Европы – это венгры, сюда же входят многочисленные наречия финно-угорской группы. Некоторые характерные черты строя Урало-Алтайской группы языков нашли, несомненно, явный отпечаток и в языке сиу» [15, 14-30 бб.]. О.Рериг түрк тіліндегі хан, қаған, аға сөздерін сиу тілінде «Wakan» деп берілетініне тоқталады және сиу тайпасы туралы келесідей құнды мәліметтерді береді: «Сиу были воинственными племенами, они

внушали страх белым колонизаторам, героически сражались за свои земли, за свободу своего народа против вооруженных до зубов народа» [15, 30 б.]. Түркердің жаужүрек, азатсүйгіш халық ретіндегі басты құндылықтарының Америка үндістерінде кездесуі түркітік дүниетанымның ортақ белгілерін көрсетеді. Сондай-ақ Шыңғысханнан кейін Ұлы Далада аты мәшһүр болған Қасым ханның сарбаздары туралы сол кездің жылнамашылары қазақ басшысының бұйрығы шығысымен-ақ «сол сәтте әр қайсысы он батырдың күші бар төрт жүз мың сарбаздар топтаса қалатын» [16, 92-93 бб.] немесе «этот кочевой народ страстно любит свободу и презирает всякого кто на нее посягает. Необузданный, воинственный киргиз (курсив менікі – Д.Қ.) один верхом скачет по степи с поразительной быстротой 500-600 верст, чтобы повидать родственников или приятеля из другого рода» [17, 40 б.] деп куә болғандардың суреттеуі түркердің жауынгерлік рухының аса жоғары болғандығын және оларға бұл қасиет табиғи заңдылықпен тән екендігін аңдатады.

Түркітік құқықтық отбасыға кіретін құқықтық жүйелердің терминологиялық ұқсастықтары олардың шығу тегі бір (түрк) екендігін айқындай түседі. Мәселен буряттардың 1759 ж. жасақталған құқықтық ескерткіштерінде судьяны – «заргочи» [18, 14 б.], қазақшалағанда «жарғыш» деп атау кездеседі. Сондай-ақ Қалмақ-Ойрат тайпаларының хандары мен тайшыларының жанында «Зарго» деп аталатын билеушілерден («заргочи») тұратын арнайы мемлекеттік кеңес жұмыс істеген [19, 222 б.]. Осы қырынан келгенде «Жеті Жарғы» аталатын қазақтардың құқықтық жинағы жеті бидің (Ұлы Жүзден – Төле би, Орта Жүзден – Қазыбек би, Кіші Жүзден – Әйтеке би, Қырғыздан – Қоқым би, Қарақалпақтан – Сас(ық) би, Қатағаннан – Жайма би, Құрамадан – Мұхаммед би) жинақталған, яки Жеті Жарғыштың (бидің) халықтық-құқықтық қызметінің (беделінің) атауы. Аталмыш құқықтық ескерткіштің «Жеті Жарғы» аталуы - бидің нақтылы санына тәуелді емес. Себебі «Жеті Жарғыны» әзірлеуге 40-50 ге жуық билер қатынасқан деп айтылады, олай болса «жарғының» жеті санымен қандай байланысы бар деген заңды сұрақ туындайды? Мұның басты сыры сол кездегі қазақ халқының алаш аталатын дербес автономды билігі бар 7 ұлыстан (1-Ұлы жүз, 2-Орта жүз, 3-Кіші жүз, 4-Қырғыз, 5-Қарақалпақ, 6-Құрама, 7-Қатаған) тұратындығында және заңның күші жеті жұртқа (алашқа) тегіс тарқайтынын бекіту үшін символикалық тәртіпте алынған атау. Жеті жұрттың қамын жеген беделді билердің ақыл бірлігі «Жарғы» нормаларының аталған ұлыстарға кең тарауына (рецепциялануына) және қолданылуына жол ашты. «Жарғы» өзіне дейінгі құқықтық жинақтардан бүкілхалықтылығымен (хандікі емес), артық және сыйлы болды. «Жарғы» туралы құқықтық түсініктің өзі эволюциялық даму сатылардан өтті. Оның түрк заманындағы, «Жеті Жарғы» мақұлданған кездегі және одан кейінгі кезең мен бүгінгі түсінігі әр түрлі факторлардың әсерінен көп мағыналы және бірінен-бірінің құқықтық мәні, табиғаты өзгеше екендігін ескеруіміз қажет.

Түрк тілі түркітік құқықтық отбасының ортақ, анық, объективті құқықтық ұғым-түсініктерінің сырын ашуда септігі зор.

Түркітік құқықтық отбасының **қайнар көздеріне** келесідей белгілі құқықтық жинақтарды жатқызуға болады:

- 1) Ғұндардың заңы;
- 2) Үйсіндердің заңдары;
- 3) Қаңлылардың заңдары;
- 4) Түрк заңдары (Кимек, Ұйғыр, Оғыз, Қарахандықтардың әдет- ғұрыптық заңдары);
- 5) Шыңғыс ханның «Ұлы Жасағы»;
- 6) Құбылайдың заңы [20];
- 7) Едіге бидің жарлықтары (Ноғай Ордасының құқықтық жүйесі);
- 8) Қыпшақ заңы – «Төре бітіг», «Кодекс куманикус»;
- 9) Әмір Темірдің түзіктері;
- 10) Мұңғұл-Ойрат заңы («Их Цааз», «Цаазын бичиг»);
- 11) Бурят заңдары;
- 12) Якут зорғылары;
- 13) Аварлық Ұмма ханның заңы;
- 14) Кайтақ Рүстем ханның заңы;
- 15) Қасым ханның «Қасқа Жолы»;
- 16) Есім ханның «Ескі Жолы»;
- 17) Әз-Тәукенің «Жеті Жарғысы»;

18) XIX ғ. екінші жартысына жататын қазақ төтенше билер съезі қабылдаған «Ережелер» (қырықтан астам) және т.б.

Түрктік тегі бір заңдардың ішіндегі ең көп жазылып-сақталғандары мұңғұл хандары мен билеушілеріне тиесілі. Шыңғыс ханның «Ұлы Жасағы» түрктік құқықтық жүйелерді біріктіруші және түрктік тектік ерекшеліктерді жаңғыртушы сипатқа ие болды. Өзін 27 мемлекеттің билеушісі болғанын айта келіп, Әмір Темір «Ұлы Жасақ» нормаларын қатаң сақтағанын айтады: «Я приказал наказывать по закону «Ясса» (закону Чингисхана) разбойников и грабителей больших дорог и изогнать из моих владений бунтовщиков и изменников, остальных обеспечить делом» [21; 7,51 бб.]. Жалпы тұтастай алғанда түрктік құқықтық отбасыға біріктіруші күш ұлы империялар тұсында болды және бұл империялар қолданыстағы локальды құқықтық әдет-ғұрыптарды ортақ құқықтық жинақтарға біріктіріп отырды. Бұл империялардың қатарына негізінен үш үлкен мемлекеттік бірлестікті жатқызуға болады: Ұлы Ғұн империясы, Ұлы Түрк Қағанаты, Ұлы Мұңғұл империясы. Ұлы Дала аталатын еуразиялық алып кеңістікте IV-V ғасырлық уақытты араға салып цикльды құбылыс ретінде ұлы империялар тарих сахнасына жүйелі түрде шығып отырды және шашырай (локальдана) бастаған құқықтық әдет-ғұрыптарды бір ізге түсіріп біріктіруші функцияны атқарды.

Түрктік құқықтық отбасы өзінің даму эволюциясында бірнеше кезеңдерді бастан өткерді, олар:

1. Прототүрктік құқықтық отбасы кезеңі;
2. Түрктік құқықтық отбасы кезеңі (б.з. VI ғ ортасы-1219ж.);
3. Посттүрктік құқықтық отбасы кезеңі:
 - а) Көшпелі түркі (қыпшақ)-монғол дәуіріндегі құқықтық жүйелер (1219- XIVғ.);
 - б) Алтын Орда және оның мұрагерлерінің құқықтық жүйелері (XIV-XVIII ғғ.):
 - Көшпелі Өзбек мемлекеті;
 - Көшпелі Ноғай Ордасы;
 - Көшпелі Қазақ Ордасы және т.б.

Аталған кезеңдердің әр қайсысына тән өзіндік ерекшеліктер бар. *Біріншіден*, әр кезең нақтылы бір империялар (Ұлы Ғұн, Ұлы Түрк, Ұлы Мұңғұл) тұсында құқықтық жүйелерді жинақтап-жүйелеуші функцияны атқарды. *Екіншіден*, империялардың ыдырап жеке-жеке мемлекеттерге бөлінуі себепті құқықтық жүйелер жергілікті сипатқа басымдық беріп, дәстүрлік ерекшеліктерге бой алғызды. *Үшіншіден*, империялар тұсында заңдардың неғұрлым қатал әрі жазалаушы сипаты басымдыққа ие болса, империядан ыдырап жекеленген мемлекеттер келесі империялар тарих сахнасына шыққанға дейінгі аралықта құқықтық жүйелері жұмсара түсті әрі дәстүрлі ерекшеліктерді бойына сіңіре алды. Мәселен б.з.д. II ғ. – б.з. VI ғ. Қазақстан аумағында өмір сүрген Қаңлы мемлекетінің заңдарының қаталдығы туралы қытай жылнамалары келесі мәліметтерді береді: «Қаңлыда заң бар, (олар) заңдарды (сот өкімін) діни орындарда атқарады. Олардың қолданатын жазалары өлтіру және дене мүшелерін кесуден тұрады. Қылмысы ауырлар тұқымымен, үрім-бұтақтарымен өлтіріледі, одан жеңілдерінің өзін өлім жазасына бұйырады, ұрлық істегендердің аяқтары кесіледі» [22, 586 б.]. Тек бертіндегі Шыңғыс ханның «Ұлы Жасағының» (XIII ғ.) өзінде он жетіден астам өлім жазасын көздейтін қылмыстың түрлері орын алған. XVI ғ. бастап қазақ құқығында адамды өлтіру, денесіне зақым келтіру сияқты жазалар – жазаның мақсаттарына, көшпелілердің дүниетанымы мен әлеуметтік-экономикалық дамуына сәйкес келмейтіндігі қазақ хандарының «Жолдарында» ескерілді. Айталық Қасым хан салған «Қасқа Жолда» тек екі түрлі істе ғана өлім жазасы қалдырылды, олар «бірінші – қанға-қан, жанға-жан қағидасы, екіншісі – керуен соғу» [23] деп аталатын керуен тонаушыларға кесілетін қатаң жаза еді. Шығатын қорытынды түркілік құқықтық отбасыға бірігетін заңдардың заман өте келе гуманды әрі консенсус табушы сипат ала бастағандығын көреміз.

Жалпы көшпелі және жартылай көшпелі түрк тілдес халықтардың құқықтық жүйелерін түрктік құқықтық отбасыға біріктіреміз және бұл біріктіру жасандылықтан ада, керісінше табиғи сұрыпталу мен этникалық-мәдени және шаруашылық типтердің біртектілігінен туындайды. Мұны көрмеу немесе байқай алмау мүмкін емес және бірмезетте қиындық тудыратыныда рас. Себебі тарих қатпарларынан аршып алу, оның құндылығын тану арқылы ғылыми айналымға енгізу аса кірпияздылық пен ғылыми концепцияларға қатыстылығы аясын дұрыс анықтай алуды қажет етеді. Осы бағыттағы зерттеулер тәуелсіз Қазақстан ғылымында өз нәтижелері мен қорытындыларын бере бастады. Көшпелі қазақ қоғамындағы билер сотын бірегейлі сот жүйесі ретінде қарастыру және «Жарғы» құқықтық жүйесінің жоғары моральдық-өнегелі сипатын тану академик С.З.Зиманов зерттеулерінің концептуалды бағыттары болып табылады. Және бұл

бағыттар негізінде әлемдік өркениеттен тиісті орнын алуға әбден хақылы деп бағаланады [24]. Мұндай батыл ұсыныстар Қазақ құқығының ата жұрты түркілер мекендеген Ұлы Даланың мәдени қасиеттері мен табиғи ерекшеліктерінен бастау алатынында жоққа шығармаса керек. Қорытындылай келе Қазақ құқығы және өзге де түрктік құқықтық жүйелер әлемде өзіндік мәдени орны мен ерекшелігі бар түрктік құқықтық отбасыға бірігеді деген теориялық байлам жасаймыз және мұны қолданысқа енгізу мен дамытудың ғылыми-тәжірибелік маңызы мол деп бағалаймыз.

- 1 Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. – СПб.: Тип.Карла Края, 1832. – 304 с.
- 2 Давид Р., Жоффре-Спинози К. Основные правовые системы современности: пер. с фр. В.А.Туманова. – М.: Междунар. отношения, 1998. – 400 с.
- 3 Теория государства и права: курс лекций / Под.ред. Н.И.Матузова и А.В.Малько.-2-изд. - М.: Юристь, – 2006. – 771 с.
- 4 Цвайгерт К., Кетц Х. Введение в сравнительное правоведение в сфере частного права. – Т. 1: Основы.-М., 1998. – 480 с.
- 5 Қараңыз, мәселен: Саидов А.Х. Введение в сравнительное правоведение. – М., 1988. – 144 с.
- 6 Аджи М. Тюрки и мир: сокровенная история. – М.: «Изд.АСТ», 2004. – 649 с.
- 7 Асан Бахти. Шумерлер, скифтер, қазақтар. – Алматы: Көшпенділер, 2003. – 216 б.
- 8 ҚазССР тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық, I том. – Алматы: Ғылым, 1980.
- 9 Қараңыз: Жұлдыздар // 2008ж., тамыз. – «Жұлдыздар» журналына берген сұхбаты.
- 10 Безертинов Р.Н. Древнетюркское мировоззрение «Тэнгрианство» // Bezertinov.narod.ru
- 11 Қараңыз: Қапалбекұлы Н. Қызыл жолбарысты Қызырлы би. – Алматы, 1993. – 41 бет.
- 12 Амрекулов Н. Тюркская возрождения. – Алматы, 2006. – 536 с.
- 13 Аджи М. Кипчаки. Древняя история тюрков и Великой степи. – Семей: Международный клуб Абая, 2006. – 164 с.
- 14 Барманкулов М. Тюркская вселенная. – Алматы: Білім, 1999. – 240 с.
- 15 Rochrig F.L.O. The language of the Dakota or Siuox Indians. Washington, 1872, 19 pp. Қараңыз: Каримуллин А. Тюрки и индейцы Америки. Истоки происхождения. – Алматы: Кочевники, 2004. – 112 с.
- 16 Фазаллах Ибн Рузбихан Исфাহани. Михман-наме-ий Бухара: (Записки бухарского гостя) /Пер. Р.П.Джалиловой. – М., 1976.
- 17 Мейендорф Е.К. Путешествие из Оренбурга в Бухару. – М., 1975. – 180 с.
- 18 Обычное право хоринских бурят: Памятники старомонгольской письменности: Пер. с монг. – Новосибирск: ВО «Наука». Сибирская издательская фирма, 1992. – 312 с.
- 19 Чулошников А.П. Очерки по истории Казак-Киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских племен. Часть первая, древнее и средние века.-Оренбург, Киргизское государственное издательство, 1924. – 292 с.
- 20 Қараңыз: Далай И. Монголын туух (1260-1388). – Улан Батор, 1992. – 254 с.
- 21 Уложение Тимура. Исторические записки / Редактор Раъно Азимова. – Ташкент: Чулпон, 1992. – 112 с.
- 22 Ұйнама. 102 т. Батыс өңір тарауы. Қаңлы мемлекеті тараушасы. – П., 1997. – 6 т.
- 23 Қазақтың ата заңдары – Древний мир права казахов. – Алматы.: Жеті Жарғы, 2006. – 4 т. – 552 б.
- 24 «Қазақтың ата заңдары – Древний мир права казахов». – Алматы: «Жеті Жарғы», 2004ж. (1,2,3-томдар); 2005ж. (4,5,6-томдар); 2006ж. (7,8-томдар), 2008ж. (9-т.); 2009 ж. (10-т.). «Қазақтың билер соты – бірегей сотжүйесі». – Алматы: Атамұра, 2008. – 208 б.

Резюме

В статье рассматривается тюркская правовая семья, как один из мировых правовых семьи. В юридической науке, т.е. в теории права впервые поднимается вопрос об его правовом статусе в историческом аспекте. Раскрыто юридические свойства и его основные составляющие элементы. Определено роль Казахского права в тюркской правовой семье и установлено их взаимосвязь и взаимодействия.

Summary

In article the Turk legal family, as one of world legal families is considered. In jurisprudence, i.e. in the right theory the question on its legal status in historical aspect for the first time is brought up. It is opened legal properties and its basic making elements. It is defined a role of the Kazakh right in a Turk legal family and it is established their interrelation and interactions.

МЕХАНИЗМЫ ЗАЩИТЫ ПРАВ ЖЕНЩИН В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

А.Д. Байтурсынова -

магистрант института магистратуры и докторантуры PhD

Всеобщая декларация прав человека и другие международные нормы о правах человека носят универсальный характер. В них нет прав приоритетных и второстепенных. Государства обязаны обеспечить как минимум те права и свободы, которые предусмотрены международным правом, и внутреннее законодательство может расходиться с международными нормами лишь в плане расширения прав и свобод.

Разработка и поднятие на уровень международных стандартов концепции прав человека, женщин - одно из важных достижений цивилизации. Значение прав женщин, личности велико в формировании как национального, так и международного права.

Напомним, что во Франции женщины получили право голоса через 150 лет после Великой Французской революции, а в США женщины только в 90-х годах XX века приобрели по закону право на отпуск по беременности и родам.

Вторая мировая война, поставившая на грань уничтожения целые народы и принесящая миллионам людей неисчислимые бедствия, затронула все население воюющих стран независимо от пола и возраста. Все это придало проблеме прав человека и поиску механизма их защиты неизвестную ранее остроту. Поэтому, Организация Объединенных Наций 10 декабря 1948 г. приняла Всеобщую декларацию прав человека. В её преамбуле отмечается, что она должна рассматриваться в качестве стандарта, к достижению которого должны стремиться все народы и все государства.

Одно из важнейших положений Всеобщей декларации прав человека закреплено в ст. 2. В ней указывается, что каждый человек должен обладать всеми правами и всеми свободами, провозглашенными в Декларации, без какого бы то ни было различия, как то в отношении расы, цвета кожи, пола, языка, религии и т.д.. На базе этой статьи Всеобщей декларации прав человека в последующие пятьдесят лет XX в. и развивалось все международное и национальное антидискриминационное законодательство [1, стр. 1].

По образцу и подобию Всеобщей декларации прав человека 4 ноября 1950 г. был принят важный, а главное, эффективный региональный международный документ - Европейская конвенция о защите прав человека и основных свобод. В ст. 14 Европейской конвенции по аналогии со ст. 2 Всеобщей декларации прав человека закреплено, что обладание правами и свободами, изложенными в Конвенции, должно обеспечиваться без дискриминации на основе пола, расы, цвета кожи, языка, религии, политических и иных убеждений, национального или социального происхождения, принадлежности к национальным меньшинствам, собственности, рождения или иного статуса [2, стр. 5].

Следующий этап развития мирового сообщества в вопросе прав человека - одновременное принятие в 1966 г. двух международных пактов: о политических и гражданских правах и о социально-экономических и культурных правах. Как и во Всеобщей декларации прав человека, в пактах содержатся статьи, запрещающие дискриминацию людей по какому-либо основанию, в том числе и по признаку пола [3, с.7]. Не случайно Всеобщая декларация прав человека открывается словами: "Все люди рождаются свободными и равными в своем достоинстве и правах" (ст.1) [1, стр.1].

Женщины нуждаются в особой защите государства, так как, прежде всего, физиологического характера не имеют равных с мужчинами возможностей осуществления общих для всех людей прав человека, но и могут быть одновременно подростками, престарелыми, инвалидами, беженцами, мигрантами, безработными и т.д., иными словами, ущемленными в реализации прав и свобод.

Вот почему уже в 1967 г. ООН приняла Декларацию о ликвидации дискриминации в отношении женщин, а в 1979 г. - Конвенцию о ликвидации всех форм дискриминации в отношении женщин [4, стр.1].

Тем самым, после Конвенции ООН 1979 г., впервые мировым сообществом в один ряд с категориями "свобода" и "равенство" как предпосылками и сущностью прав человека была поставлена категория "справедливость".

Человечество делится на две половины - мужчин и женщин. Вот почему любая негативная дискриминация одного из полов, будь то прямая или косвенная, неизбежно означает позитивную дискриминацию в пользу другого пола, и наоборот. Жизнь показывает, что до равновесия в данном вопросе еще очень далеко. Тысячелетия патриархата не прошли даром. Категория справедливости, призванная корректировать в правовом государстве соотношение свободы и равенства, пока еще не выровняла чаши весов. Они по-прежнему склоняются не в пользу женщин. Конечно, прямая негативная дискриминация женщин - явление в современном мире не такое уж частое. В западных государствах такого рода нормы сохранились как рудимент в законах о престолонаследии ряда монархий. Прямая позитивная дискриминация в пользу женщин чаще всего базируется на репродуктивной функции женщин. Понятно, что некоторые из прав, связанные с рождением и вскармливанием ребенка, просто не могут принадлежать мужчинам и их наличие дискриминаций в собственном смысле слова не является. Однако все то, что касается ухода за детьми и их воспитания, - сфера прав и обязанностей обоих родителей, и здесь возможны перегибы законодательства в обе стороны. Наделение такими правами только женщин, как это имело место до недавнего времени, не только прямо дискриминирует мужчин, но косвенно ущемляет права и возможности женщин, лишая их свободы выбора сферы приложения своих сил и способностей, а также снижая их конкурентоспособность на рынке труда.

Особенно острой стала в 90-е годы ситуация в странах СНГ, Центральной и Восточной Европы, в которых до «перестройки» господствующей была государственная собственность. Отдельные личности, воспользовавшись «перестройкой», стали полновластными собственниками богатств, накопленных народами этих государств на протяжении веков, и с помощью этих богатств стали подлинными хозяевами государства.

Наиболее пострадавшими от «перестройки», как обычно, оказались наименее социально защищенные слои населения, в том числе женщины. В ходе проводимых реформ и развития рыночных отношений положение женщин стало ухудшаться во всех сферах общественной жизни.

Только в 1998 году Казахстан присоединился к Конвенции ООН о ликвидации всех форм дискриминации в отношении женщин и в 2000 г. ратифицировал Факультативный протокол к ней. В 2000 и в 2007 гг. в Комитет ООН по правам женщин представлены 1-й, 2-й – 3-й периодические отчеты о выполнении Конвенции, а также альтернативные доклады казахстанских НПО. С 1999 года учреждена Национальная комиссия по делам семьи и демографической политике при Президенте РК. В 2006 году принята государственная «Стратегия гендерного равенства Республики Казахстан на 2006—2016 гг.»

Несмотря на официальные усилия государства, положение женщин в Казахстане нуждается в фактической поддержке и гендерной коррекции. Женщины в Казахстане составляют 52% населения, однако их представленность в Парламенте - 11,1% (7 из 154 депутатов). Средняя зарплата женщин в Казахстане составляет 61% от средней зарплаты мужчин. По информации горячей линии НПО «Аман-Саулык» в 2008 году 80% звонков были получены от пожилых людей и женщин о нарушениях их прав на доступ к медицинской помощи. Индекс здоровья женщин составляет 20-30%. Более 60% женщин больны анемией. Аборт продолжает оставаться одним из главных средств контрацепции. Ежегодно от абортов умирает 20-25 женщин, от домашнего насилия погибает 570-590 женщин и девочек, совершается около 20 тысяч изнасилований.

Проблемой остается агрессия в семье, связанная с безнаказанностью, недостаточной активностью органов правопорядка и терпимостью общества к актам насилия против женщин. В 1999 и в 2007 годах Комитет ООН по правам женщин и в 2007 году Комитет ООН по правам ребенка рекомендовали Казахстану экстренно разработать и принять законы, защищающие женщин и детей от домашнего насилия. Проекты законов «О равенстве прав и возможностей для женщин и мужчин РК» и «О противодействии бытовому насилию» разработаны, но до сих пор не приняты Парламентом [5, стр. 8].

Эгалитарные, то есть направленные на исключение дискриминации по тем или иным основаниям, в том числе и по признаку пола, нуждаются в особой позитивной законодательной поддержке для своего претворения в жизнь. Достижению этой цели служит национальный механизм защиты прав человека - женщин.

Следует подчеркнуть, что организация и деятельность национального механизма защиты прав человек женщин могут быть эффективными лишь при условии их соответствия международным стандартам. Права и свободы не дарованы государством, они принадлежат каждому и, если к тому же закреплены в Конституции, то, следовательно, государство соглашается на их использование человеком.

Согласно ст. 8 Конституции РК «Республика Казахстан уважает принципы и нормы международного права, проводит политику сотрудничества и добрососедских отношений между государствами». Если международным договором установлены иные правила, чем предусмотренные законом, то применяются правила международного договора.

Казахстан ратифицировал ряд международных договоров и конвенций, касающихся положения женщин, в частности, Конвенцию о ликвидации всех форм дискриминации в отношении женщин, а также Факультативный протокол к ней, «О политических правах женщин», «О гражданстве замужней женщины».

Выполняя свои международные обязательства в отношении прав женщин, Казахстан дважды представлял отчеты в Комитет ООН по ликвидации дискриминации в отношении женщин, очередной доклад предполагается в этом году.

Кроме того, в 2007 году Казахстан взял на себя дополнительные обязательства в рамках реализации Целей развития тысячелетия ООН по принятию законодательных и институциональных мер по обеспечению равенства мужчин и женщин, искоренению насилия в отношении женщин, введению технологий гендерного бюджетирования в процесс формирования и планирования бюджета.

В стране постоянно совершенствуется национальное законодательство. В 2009 году были приняты законы «О профилактике бытового насилия», «О государственных гарантиях равных прав и равных возможностей мужчин и женщин».

Государственная программа «Путь в Европу» на 2009-2011 годы в рамках расширения сотрудничества в гуманитарном измерении предусматривает создание дальнейших условий для развития в Казахстане сбалансированной гендерной политики с использованием опыта европейских традиций [6, стр. 60-61].

В 1995 году Конституция Казахстана провозгласила человека, его жизнь, права и свободы высшими ценностями государства. Проведенные в Казахстане реформы представительной, исполнительной властей, судебной системы, правоохранительных органов преследовали цель приведения институциональных образований в соответствие с новыми конституционными приоритетами. В стране совершены первые, самые необходимые действия применительно к таким качественным состояниям жизнедеятельности женщин, как открытость, терпимость к различным идеям, саморегулируемость, способность контролировать правительство, государство в целом. Непродолжительный опыт реформ в стране показывает, что единственным и пока еще нигде и никем не поставленным под сомнение способом создания гражданского общества является последовательное утверждение прав и свобод человека с одновременным обеспечением всех едиными правилами или законами, ограждающими человека от насилия и вмешательства в сферу его личной свободы со стороны других.

Строительство в Казахстане правового государства требует дальнейшего совершенствования специализированных институтов, связанных с защитой прав и свобод граждан. Важным механизмом в системе защиты прав женщин стал институт Уполномоченного по правам человека. Создание этого государственного правозащитного института явилось серьезным шагом углубления демократии в Казахстане. Опыт показывает, что следует рассмотреть вопрос повышения эффективности деятельности этого института [7 п. 3.3, стр.2].

В заключении хотелось бы отметить, что сегодня наша задача заключается в выполнении в полном объеме рекомендации Комитета ООН по ликвидации всех форм дискриминации в отношении женщин. Реализовать законы «О равенстве прав и возможностей для женщин и мужчин в РК» и «О противодействии бытовому насилию». Создать в необходимом количестве государственные центры для защиты прав женщин.

1. http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/declhr.shtml

2. Конвенция о защите прав человека и основных свобод (Рим, 4 ноября 1950 г.) <http://www.echr.ru/documents/doc/2440800/2440800-002.htm>

3. *Права женщин в системе прав человека: международный и национальный аспект* Светлана Васильевна Поленина Москва: Институт государства и права РАН, 2000, 256 с. <http://www.ecsocman.edu.ru/text/19185367/>

4. *Конвенция о ликвидации всех форм дискриминации в отношении женщин. Принята резолюцией 34/180 Генеральной Ассамблеи от 18 декабря 1979 года* http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/cedaw.shtml

5. *Материалы казахстанских неправительственных правозащитных организаций* http://www.humanrights.kz/other_121.php

6. <http://medialawca.org/node/7666> Отчет о деятельности Уполномоченного по правам человека за 2009 г.

7. Указ Президента Республики Казахстан от 24.08.2009 N 858 "О Концепции правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 до 2020 года" <http://www.pavlodar.com/zakon/?dok=04450&all=all>

Түйін

Бұл мақалада автор Қазақстандағы әйел құқықтарын қорғау әрекеттерін қарастырады.

Summary

In this article the author shows the mechanism to protect women's rights in the Republic of Kazakhstan.

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ ИНСТИТУТТАРЫ

М. Мәсәлімқызы -

ҚазҰПУ, магистратура және PhD докторантура институтының

1 курс магистранты

Республикамызда тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап азаматтық қоғам институттарын құру, азамат пен мемлекет арасындағы әріптестік қарым - қатынастарды қалыптастыру бағытында атқарылып келе жатқан ауқымды істер еліміздегі демократиялық реформалардың алға басуына септігін тигізуде. Тәуелсіздікпен бірге азаматтық қоғам институттарының жалпы саны арадағы 15 жыл ішінде он еседен астамға өсті. Айталық 90-шы жылдардың ортасында үкіметтік емес ұйымдардың саны 350 мен 400-дің шамасында болса, қазіргі кезде олардың саны 5820 жетіп отыр [1, 46.].

2006 жылдың 25 шілдесінде Президент Жарлығымен бекітілген, мемлекетіміздің алдағы кезеңде саяси салалардағы басымдықтарын анықтайтын «Қазақстан Республикасындағы азаматтық қоғамды дамытудағы 2006-2011жылдарға арналған тұжырымдамасында» әлеуметтік саясатты жаңғырту, еңбек қатынастарын дамыту еліміздегі азаматтық қоғам институттарының болашағы мен олардың қызметінің құқықтық негізін жетілдіруге әкелетіндігі басты мәселе ретінде көтерілген болатын [2, 246.].

Бәсекелестікке қабілетті елдердің қайсысын алсақ та олардағы демократияның деңгейін анықтайтын басты бір көрсеткіш – азаматтық қоғам өкілдерінің даму деңгейі. Азаматтық қоғам мүшелерінің құқықтығының қамтамасыз етілуі, олар мен мемлекет арасындағы қарым - қатынастардың еркіндігі мен алшақтығы шын мәнінде жарқын болашағымыздың кепілі.

1990 жылдардың басында басталған экономикалық, әлеуметтік және саяси салалардағы түбегейлі реформалар түрлі әлеуметтік топтардың құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін қоғамдық бірлестіктердің құрылуын ынталандырды. Азаматтық қоғам мен оның институттары идеяларын дамыту Ресейде де айтарлықтай қызықты және көп аспектілі тақырып. Көптеген зерттеушілер азаматтық қоғамның мәнін талдай келе жаңа тұжырымдамаларды қолдануға енгізеді [1].

Қазақстанда алғашқылардың бірі болып экономиканың мемлекеттік емес секторы қызметкерлерінің мүдделерін білдірген тәуелсіз кәсіподақтар пайда бола бастады. Бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық және діни бірлестіктер, саяси партиялар белсенді түрде институцияланды.

Азаматтық қоғам институттарына саяси партиялар, жергілікті қоғамдастықтар, кәсіптік одақтар, діни бірлестіктер, шығармашылық, қоғамдық және ғылыми одақтар мен бірлестіктер, бұқаралық ақпарат құралдары, сондай-ақ қоғам үшін түрлі қызмет пен қызмет көрсетулердің кең ауқымын іске асыратын,

қызметтің алуан түрін жүзеге асыратын мемлекеттік емес қорлар, коммерциялық емес мекемелер, заңды тұлғалар одақтары, қауымдастықтары, қоғамдық пайдалы міндеттерді шешетін басқа да ұйымдар мен бастамашыл топтар түрінде құрылған мемлекеттік емес ұйымдар жатады. Солардың ішіндегі ең маңыздыларының бірі саяси партиялар болып табылады, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 15 шілдедегі "Саяси партиялар туралы" қабылданған Заңына сәйкес, саяси партия - мемлекеттік биліктің, жергілікті өзін-өзі басқарудың өкілетті және атқарушы органдарында азаматтардың, түрлі әлеуметтік топтардың мүдделерін білдіру және оларды қалыптастыруға қатысу мақсатында олардың саяси ырқын білдіретін Қазақстан Республикасы азаматтарының ерікті бірлестігі. Қазіргі кезде біздің мемлекетімізде "Нұр Отан" халықтық-демократиялық партиясы, "Руханият" партиясы, "Қазақстанның патриоттары" партиясы, «Азат» жалпыұлттық социал -демократиялық партиясы, «Қазақстан Коммунистік Халық» партиясы, Социал-демократиялық "Ауыл" партиясы, Қазақстанның "Әділет", "Ақ жол" демократиялық партиясы қызмет істеуде [3,18б.]. Көп партиялық әлеуметтік институтының пайда болуы елдегі азаматтық қоғамның қалыптасуының ең маңызды белгілерінің бірі. Саяси партиялардың пайда болуы мен дамуы айтарлықта мөлшерде қоғамның саяси жүйелерінің тиімділігін куәландырады, мемлекеттің демократиялық табиғатын нығайтудың, оның азаматтарының саяси құқықтарын қамтамасыз етудің маңызды факторы болып табылады. Сонымен қатар, бүгінгі таңда кез келген мемлекет жүйелі азаматтық қоғамсыз толыққанды қалыптасуы мүмкін емес, себебі елдегі барлық халықтың тыныс тіршілігін, мүдделерін тіпті шешуін таба алмай жатқан маңызды мәселелерін алға жылжытатын саяси партиялардың өздері азаматтық қоғамның бір бөлігі.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 9 сәуірде қабылданған «Кәсіптік одақтар туралы» заңында көрсетілгендей, Кәсіптік одақтар - азаматтардың өз кәсіптік мүдделерінің ортақтығы негізінде өз мүшелерінің еңбек ету, сондай-ақ басқа да әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін білдіру мен оларды қорғау, еңбек жағдайларын жақсарту үшін ерікті түрде құратын дербес, тіркелген жеке мүшелігі бар қоғамдық бірлестіктері. Кәсіптік одақтар қоғамдағы басқа субъектілерге қарағанда өте кең таралған және жаппай қоғамдық ұйым болып табылады және солай болып қала да береді. Ол өзінің қызметі мен алдына қойған мақсаттары мен міндеттеріне байланысты жалпы халықтық ұйым болып табылады, және ол барлық халықтан, барлық салада және кез келген аймақта қолдау табады. Кәсіподақтың маңызы осындай нарықтық кезеңде, капитал мен еңбектің тепе-теңдігін сақтау қажеттілігіне байланысты ролі артып отыр. Қазіргі таңда Қазақстандық кәсіподақтардың қызметінде маңызды қайшылықтар да бар. Бұл бір жағынан жұмысшылардың экономикалық және әлеуметтік-еңбектік мүдделерін қорғау сияқты дәстүрлі функциясын жүзеге асыруға басымдық беруіне байланысты саясаттан шеттеуі мен екінші жағынан, еңбеккерлердің ең маңызды мүдделерінің тікелей қорғаушылары ретінде өтпелі қоғамда саяси бағыттарды құруға байланысты шешімдерді қабылдауға белсенді қатысу қажеттігі. Бұл қайшылық сол кәсіподақтардың өз ішіндегі және жалпы Қазақстандағы көптеген шешімін таппаған мәселелердің негізі болып отыр [4, 12б.].

Қазақстан Республикасының 1992 жылы 15 қаңтардағы «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» қабылданған заңына сәйкес, жергілікті діни бірлестіктер, қауымдастықтар, діни басқармалар, орталықтар, сондай-ақ діни оқу орындары мен ғибадатханалар Қазақстан Республикасындағы діни бірлестіктер деп танылады. Тәуелсіздік жылдары азаматтық қоғамның және нарықтық экономиканың құрылуымен ғана емес, сондай-ақ діни серпілістің жүруімен де сипатталады: дәстүрлі діни бірлестіктер ұстанымдарының күшеюімен бірге қазіргі Қазақстан үшін беймәлім, жаңа "дәстүрлі емес" діни ұйымдар пайда болды. Атап айтар болсақ, пресвитериандық және методизм, сондай-ақ "Агапе", "Жаңа аспан" сияқты протестанттық шіркеулер, конфессиялар, "Бахай", "Сайтан шіркеуі", "Саентология шіркеуі" сияқты діни бірлестіктер, шииттік, сопылық, ахмадия ағымдары. Дәстүрлі емес діни қауымдар ретінде буддистік қауым, индуистік, кришнаиттік, бахай, трансценденталдық медитация қауымы, ұлы ақ бауырластықтың қауымы, саентология шіркеуі қауымы және т.б. көріне бастады.

Қазақстандағы қазіргі діни ахуал күрделі әрі сан-салалы. Елімізде 1700-ге жуық мұсылман бірлестіктері бар. Оның басым көпшілігі суниттік бағыттағы бірлестіктер. Орыс православие шіркеуінің үш епархиясына 214 приход, 8 монастырь және басқа шіркеулік құрылымдар тиесілі. Орыс православие шіркеуі приходтар санының өсуіне және материалдық тұрғыдан нығаяуына күш-жігерін жұмсауда. Еліміздің бірнеше қаласында православиелік ғибадатханалардың құрылысы жүріп жатыр.

Кейінгі уақытта католик, протестанттық және дәстүрлі емес діни құрылымдар өз қызметтерін белсенді түрде жүргізуде. Қазақстанда түрлі дәстүрлі емес діни бірлестіктердің көбеюі сан қырлы қайшылықтарға әкелуде [5, 76].

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» қабылданған заңында, бұқаралық ақпарат құралы - мерзімді баспасөз басылымы, радио және теледидар бағдарламасы, киноқұжаттама, дыбыс- бейне жазбасы және көпшілік қол жеткізе алатын телекоммуникациялық желілердегі интернет және басқалары WEB-сайттарды қоса алғанда, бұқаралық ақпаратты мерзімді немесе үздіксіз жария таратудың басқа да нысаны болып табылады. Қазіргі кезде бұқаралық ақпарат құралдары жаһанданған, заманға сай ақпараттармен, құралдармен жаңарған.

1996 жылғы 31 мамырдағы Қазақстан Республикасының "Қоғамдық бірлестіктер туралы" Заңына сәйкес, қоғамдық бірлестіктер - саяси партиялар, кәсіптік одақтар және азаматтардың ортақ мақсаттарға қол жеткізуі үшін ерікті негізде құрылған, заңнамаға қайшы келмейтін басқа да бірлестіктері. Қоғамдық бірлестіктер коммерциялық емес ұйымдар болып табылады.

Үкіметтік емес ұйым - ортақ мақсаттарға қол жеткізу үшін азаматтар және мемлекеттік емес заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ерікті негізде құрған коммерциялық емес ұйым саяси партияларды, кәсіптік одақтарды және діни бірлестіктерді қоспағанда.

Ұлттық-мәдени бірлестік - өзін белгілі бір этникалық бірлікке жатқызатын, өзінің этникалық ерекшелігін сақтау, тілін, білімін және мәдениетін дамыту мәселелерін дербес шешу мақсатында азаматтардың өздері ерікті өзін-өзі ұйымдастыруы негізіндегі бірлестігі.

Жергілікті өзін-өзі басқару - жергілікті маңызы бар мәселелерді тікелей немесе жергілікті өзін-өзі басқарудың құрылатын органдары институттары арқылы өздері дербес шешу мақсатында белгілі бір мекендер шегінде тұрғылықты жері бойынша азаматтардың өзін-өзі ұйымдастыруының нысаны.

Мемлекет және азаматтық қоғам институттары халықтың бай және кедей жіктері кірістерінің арасындағы айырмашылықты қысқарту, адам мен азаматтың құқықтарын қорғау арқылы қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылықты қамтамасыз етеді [6, 266].

Мемлекет азаматтық қоғам институттарының мақсаттары бойынша әртүрлі қызметін құру және дамыту үшін жағдайды заңнамалық түрде қамтамасыз етеді. Партиялар мен қозғалыстардың құрылуы мен жұмыс істеуі және, тиісінше, азаматтық қоғам институтының одан әрі дамуы үшін құқықтық өріс құруға 1995 жылы Қазақстан Республикасының Конституциясы да ықпал етті. 1990 жылдың аяғы азаматтық институттар қызметінің кәсібиленуімен ерекшеленді, мұның өзі олардың қоғамдық проблемалардың, қажеттіліктер мен мұқтаждықтардың түрлі ауқымын шешу жөніндегі жұмысының тиімділігін көтеруге мүмкіндік берді.

Азаматтық қоғам институттары мемлекеттік органдардың тапсырысы бойынша әлеуметтік маңызы бар жобаларды жүзеге асырады, мониторинг жүргізіп, түрлі әлеуметтік-экономикалық проблемалар бойынша қоғамдық пікірді зерделейді. Мемлекет пен азаматтық қоғам институттары өмір сүру сапасының қазіргі заманғы стандарттарына қол жеткізу және адам құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында халыққа мемлекеттік қызмет көрсетулер сапасын арттыруға ұмтылады.

Азаматтық қоғамды дамыту демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет құрудың маңызды шарты болып табылады. Азаматтық қоғамның тұжырымдамасын жасап, оның мәнін, мазмұнын, қызметі мен құрылымын анықтауға, азаматтық қоғам институттарын жетілдіруге және оның мемлекеттік органдармен қарым – қатынасын айқындауға барынша белсенді талпыныс жасалуда. Бүгінде Қазақстанда әртүрлі бағыттағы 5820 ҰЕҰ, 3340 қоғамдық қорлар, 1072 заңды тұлғалар қауымдастығы, 471 ұлттық-мәдени бірлестіктер, 3340 діни бірлестіктер, 40-тан астам астам конфессия мен деноминациялар, әртүрлі меншік нысанындағы 6646 БАҚ тіркелген және жұмыс істейді [1].

Отандық азаматтық қоғам институттарын дамыту олардың мемлекетпен өзара қатынастары әзірге тең құқылы әріптестік деңгейіне жетпегендіктен елеулі қиындық қауіп жоқ. Үкіметтік емес секторды дамыту халықтың әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған қоғамдық институттардың қызметі көбіне мемлекеттік билік органдарымен тең емес бәсекелестік қатынастарға түсетінін көрсетіп отыр. Мұндай жағдайда азаматтық қоғам институттары жеңілетін ахуалда болатыны алдын ала белгілі, бұл Қазақстанда үкіметтік емес сектор мен мемлекет арасындағы әлеуметтік әріптестік қағидаттарының іске асырылуын күмәнді етеді. Азаматтық қоғамды орнату процесінде бір жағынан мемлекеттік органдардың, екінші жағынан – саяси партиялардың, қоғамдық бірлестіктер мен үкіметтік емес ұйымдардың, халықтың әртүрлі әлеуметтік жіктері мен топтарының күш біріктіруі қажет. Азаматтық

қоғам институттарын ары қарай нығайту қажеттілігі туралы ортақ ойға келдік. Бұл ішкі саяси тұрақтылықты, азаматтық тыныштық пен келісімді сақтаудың, үкіметтік емес ұйымдар, бизнес, кәсіподақтар және өзге де азаматтық қоғам институттары арасында өзара тиімді ынтымақтастықты дамытудың шарттары болып табылады.

Қазіргі кезде елімізде үкіметтік емес ұйымдардың мемлекеттің қолдауынсыз өмір сүруі өте қиын. Демократияның бір көрінісі – азаматтардың қоғамдық бірлестіктеріне мемлекет органдарының заңсыз қол сұғуына тыйым салу. Қоғамдық бірлестіктерді азаматтар түрлі мақсатпен өздерінің саяси, әлеуметтік, рухани, мәдени, діни қажеттіктерін қанағаттандыру үшін құрады. Әрине, қоғамдық бірлестіктер Конституцияны, заңдарды өкмет етуге міндетті. Олар әлеуметтік, діни, нәсілдік арандатушылықпен айналыспауы керек. Олардың жұмысы мемлекеттің қауіпсіздігіне, конституциялық құрылысты өзгертуге, Қазақстан аумағының тұтастығына қарсы бағытталмауы тиіс.

Егер кейбір ғалымдар азаматтық қоғамды мемлекетке қарсы қойса, осындай үлкен азаматтық қоғамға саяси партияларды, діни ұйымдарды, әлеуметтік – экономикалық құрылымдарды қарсы қоюға болады. Ұсынылып отырған анықтамалардан азаматтық қоғам жүйесі кейде эквивалентті ұғым ретінде көрінетін, саяси емес және мемлекеттік емес институттардың жиынтығы ретінде тым жиі сипатталатынына біздің енді көзіміз жетті.

Қазақстандағы азаматтық қоғамның институционалды құрылымдарының арасында, негізінен дамыған елдердегі оның бейнесін айқындайтын ұйымдардың «лидер» болып табылу фактісі, оның жетілу дәрежесіне байланысты деген жалған пікірлерге әкелмеуі тиіс. Әрине, қазіргі заманғы Қазақстандағы азаматтық қоғам, әзірше ұзақ та қиын жолдың басында тұр. Және де аз уақыттың ішінде өзінің осы өтпелі сипатын жеңе алмайтын да болуы мүмкін. Экономикалық тоқырауды жеңіп халықты әлеуметтік қорғау механизмдері мен институттарын күшейткен сайын, сонымен қатар сот жүйесін қайта құтыр, саяси институттардың функционалдығын жоғарылатқан сайын азаматтық қоғамның бейнесі өзгереді анық. Әзірше, бұл іс әлі бола қойған жоқ, азаматтық қоғам ең алдымен, сәйкесінше мүмкіндіктері бар жерде өсіп-өне бастайды. Көп жағдайда «кіші социумның» - өзіне өзі көмке көрсететін топтардың, түрлі ұлттық мәдени, қайырымдылық, ардагерлік, діни және жастар ұйымдарының, саяси партиялардың және қозғалыстардың азаматтық мақсаттағы бағыттары болып табылады [7,186.].

Қоғамда азаматтық қоғамның одан әрі өсуі, елдің әлемдік жаһандануда көрініс табуы, тұтастай алғанда елдегі азаматтық қоғамды одан әрі үйлесімді дамыту, қызметін жақсарту оның әр институты үшін сипаттамалық ерекше маңызы бар.

1 Бораиш Қ. Азаматтық қоғам әріптестіктің арналы ағыстары // Егемен Қазақстан. Қазан 2006. – 4 б.

2 Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасы (2006-2011 ж.ж.) - Астана, 2005.

3 Қазақстан Республикасындағы саяси партиялар www.party.kz/pp/. 37 б.

4 www.kazpravda.kz/t/. 15 б.

5 Байтенова Н. Қазіргі діни жағдай // Егемен Қазақстан Қараша 2009. 7б.

6 Холос В. Гражданское общество:общие подходы. // МЭ и МО. – Москва., 1995. - №11. 53 . ;Зиманов С.З. Қазақтың ата - заңдары және оның бастаулары // Қазақтың ата- заңдары. – Алматы: Жеті жарғы, 2001. - 440б.

7 Токманов К.К. Россия: становление многопартий: – Москва., 1992; Юдин Ю. Политические партии и право в современном государстве. – Москва.

Резюме

В данной статье автор рассматривает содержания и форм институтов гражданского общества, их становление и развитие в постсоциалистических государствах.

Summary

In this article author considers the contentses and forms of institutes of civil society, their formation and development in post socialistic states.

ЖЕРГІЛІКТІ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘКІМШІЛІК БАСҚАРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

М.А. Елемесов -

*Абай атындағы ҚазҰПУ Магистратура және PhD докторантура институты
Саясаттану және әлеуметтік экономикалық пәндер кафедрасы бМ030100-құқықтану мамандығының
магистранты*

Жергілікті өзін-өзі басқару – аймақтардағы халықтың өз бетінше ұйымдасуымен байланысты, өзімен қоғамдық қатынастардың біртұтас жүйесін көрсететін, жергілікті деңгейдегі мәселелерді, муниципалды билікті орналастыру мен қызмет ету мәселелерін өз бетінше шешетін қоғам өмірінің ерекше саласы. Үлкен Кеңес энциклопедиясы жергілікті өзін-өзі басқаруды былайша айқындайды «олардың мүшелері немесе сайлау органдары арқылы өз бетінше іске асырылатын (жиналыстар, референдумдар көмегімен) аймақтық бірліктердің, ұйым немесе ұжымның істерін басқару және т.б.» [1]. Бірақ онымен бірге біз «жергілікті өзін-өзі басқару» ұғымының келесі анықтамасын кездестіреміз. Біріншіден, ол «аймақтардағы мемлекеттік басқарудың бір түрі» ретінде қарастырылады, содан кейін ғана, «әкімшілік-аймақтық бірліктің халқы жергілікті істерді мемлекетпен бекітілген құқық аясында, өз бетінше басқарады (сайлау органдары арқылы немесе тікелей)» деп айтылады. Шынымен де, СССР-де жергілікті өзін-өзі басқарудың қазіргі кездегідей түсінігі, яғни, өз бетінше басқару түсінігі болған жоқ: ол мемлекеттік басқару вертикалінің қатал басқару жүйесінде болды. Осыдан, көптеген басқа мәлімет көздерінде кездесетін, бүгінгі күні мақсатты түрде сүйенуге болатын анықтамалардан өзгеше Үлкен Кеңес энциклопедиясының анықтамасы шығады. Жергілікті өзін-өзі басқаруды: конституциялық құрылымның негізі, халықтың жергілікті деңгейдегі мәселелерді өз бетінше шешу хұқығы және халықтық биліктің бір түрі ретінде қарастыруға болады. Сондықтан, өте маңызды, кешенді және көптүрлі құбылыс ретіндегі жергілікті өзін-өзі басқару өзінің әртүрлі жақтарын дәйекті зерттеу мен қарастыруды қажет етеді. Аталмыш тарау жергілікті өзін-өзі басқарудың тиымдылығы мен кепілдігі жақтарын қарастыруға бағытталған.

«Қазақстан, оның жергілікті билік жағдайында байқалғандай, өзімен дәстүрлі түрде мемлекеттік басқару деңгейін көрсеткен, біртұтас мемлекет боп табылады. Қоғам өмірінің барлық салаларының реформалануына қарамастан, тиымды жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін қалыптастыруға ұзақ уақыт бойы ешкім араласқан жоқ. Қоғамның көпшілігінің қатысуымен, жергілікті өзін-өзі басқару институттарын қалыптастыру қажеттігі туралы пікірталастар 1998 жылдан басталды» [2].

Біздің ойымызша, бүгінгі күні мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев былайша сипаттайтын жағдай орын алып отыр: «Жергілікті өзін-өзі басқаруға көшусіз экономика мен саясаттың көптеген салаларын әрі қарай реформалау мүмкін емес». Қазақстанда тиымды жергілікті өзін-өзі басқарудың оңтайлы үлгілерін табу эксперименттері баяғыдан жүргізіліп келеді. Осылай, бюджетаралық қатынастар Президент Үкімімен бірнеше жылға бекітілген ұзақ мерзімді нормативті аударымдар негізінде құрылып келді. Өстіп, жергілікті органдар қазақстандық тәжірибеде бірінші рет бюджет қаражатын жаңа өнеркәсіптер қалыптастыруға еркін қолдану хұқын алды, ақырындап «жергілікті өзін-өзі басқаруды село және республикалық деңгейде сайлау жүйесі енгізіледі, дейді Қазақстан Республикасының стратегиялық жобалау Агенттігінің төрағасы К.Келімбетов. Нәтижелердің талдануы мен зерттелуі келесі деңгейлердегі басқаруды реформалаудың бағыты болады» [3].

Бірақ, біздің көзқарасымызша, жергілікті өзін-өзі басқарудың механизмі шын мәнінде жұмыс істей бастады, елдегі заңжобасының, бюджеттік және салық жүйесі идеологияларының өзгертілуі қажет. Ежелгі қытай ойшылы Конфуций «оқи бастағанда, өз кемшіліктеріңді көре бастайсың» деп, өте әділетті көрсеткен. Сондықтан, барлық жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің шынайы, өнімді және тиымды жұмысы тек муниципалды қалыптасулардың тұрғындарының дамыған инициативасы, олардың өз бетінше ұйымдастырылуы, олардың өз хұқықтары мен мүдделерін түйсінген, олардың жергілікті деңгейдегі мәселелерді шешуге қызығушылық танытқан жағдайда ғана мүмкін болады. Жергілікті өзін-өзі басқарудың қызметтері мен міндеттерінің толық және тиымды іске асырылуының қажетті, маңызды шарты оның құқықтарының кепілдігі боп табылады. Бұл не дегенді білдіреді? Зерттеушілердің арасында

«жергілікті өзін-өзі басқару кепілі» ұғымының әртүрлі анықтамалары бар, солардың негізгілеріне тоқталайық.

О.Е.Кутафин және В.И.Фадеев жергілікті өзін-өзі басқару кепілдігін жергілікті өзін-өзі басқарудың құқықтық қорғалуы мен іске асырылуын қамтамасыз ететін барлық жағдайлар мен қаражаттардың тұтастығы деп түсінеді. Олардың көзқарасынша, кепілдер жалпы және арнайы (заңды) боп екіге бөлінеді. Жалпы кепілдер ретінде олар экономикалық, саяси қатынастарды, қоғамның рухани ұстанымдарын қарастырады, ал арнайы ретінде – жекелеген құқықтық жағдайларды. Олар қалай дегенде де, жергілікті өзін-өзі басқарудың дамуын үстемелейтін, оның органдарының қызметіндегі тұрақтылығын қамтамасыз ететін, өлшемдердің анағұрлым шынайы іске асырылуына мүмкіндіктер туғызатын, жергілікті өзін-өзі басқарудың құзыреттерін бекітетін шынайы өмірдің шын мәнінде бар және шын мәнінде қызмет етуші құбылыстары туралы айтады [4]. Мұндай бөлулерге қатысты, авторлардың барлығы дерлік болмыс сынбаларына негізделетінін және: саяси, экономикалық, әлеуметтік және құқықтық және т.б. кепілдерді бөліп көрсететінін айтуға болады.

2. Назарбаев Н.Ә. Егемендікке бес жыл. - Алматы: Қазақстан, 1996. - 177-192 б.
3. Сәтбаев Қ. Ер Едіге.- Алматы, 1927. 28-29 б.
4. Козлов И.А. Материалы по обычному праву казахов. - Алма-Ата, 1948. - Сб.1. - С 225-228.
5. Кәкішев Т. Билер сөзі. - Алматы: Қазақ университеті, 1992. - 3-5 б.
6. Өсерұлы Н. Жеті жарғы. – Алматы: Жеті жарғы, 1995. - 13-14 б.

Резюме

Основными источниками казахского права были: обычай, законодательство и судебные прецеденты, воспринимаемые и формируемые в массовом сознании как необходимость и как атрибуты обеспечения традиционной свободы волеизъявления и ритма жизни кочевников. Казахское право по своей структуре и логичности сложилось в рациональную, довольно гибкую правовую систему с экономно и стильно выраженными нормативами, удобными для быстрого запоминания и усвоения как естественная потребность. Оно было мирным, светским и гражданским правом, не знало уголовного права и уголовных наказаний виновных.

Судебная власть находилась в центре правового поля общества кочевников, судья- би, прошедший естественный отбор, был ее носителем и главной фигурой в этой правовой системе Великой степи. Он по- степному был образован в законах и мудр, владел красноречием.

Summary

The principal source of the Kazakh law was legislation and judicial precedents, admitted and formed in the mass consciousness as the necessity and security attributes of traditional freedom of speech and rhythmic life of nomads. The Kazakh law by its structure and logic became rational and rather flexible legal system of perfect normative which were comfortable and natural for quick remembering.

АБАЙДЫҢ БИЛІК ЕТУ ҚЫЗМЕТІ

А.Н. Иманбаева

Абай атындағы ҚазҰПУ 2-курс магистранты «Құқық және экономика негіздері»

«Тура биде туған жоқ,
туғанды биде иман жоқ».

(Төле би)

Абай өмір сүрген кезең, яғни, XIX - ғасырдың екінші жартысы отарлық биліктің қазақ даласында толық орнығып, саяси тұрғыдан бекінген уақытымен сәйкес келеді. Сонымен байланысты, қазақ елінің дәстүрлі басқару жүйесіне де түрлі өзгерістер еніп, отарлық бағытта қаланған билік ел іші тұрмыс - тіршілігін де бүліншілікке ұрындырған еді. Метрополияның әкімшілік сатысының ең төменгі буыны болыстық, ауылнайлық билікке тартылған билікқұмар қазақтар Абайша айтсақ «жаман мен жақсыны ажырата» алмады. Олардың пасықтығы мен жеке бастарының қамы үшін барлық жамандыққа баратын арсыз пиғылын Абай қатты сынады. Билік үшін (болыстық сайлауларда) талас-тартыс, бір-бірін аяқтан шалу, билікке қолы жеткендердің паракорлыққа, өзінен жоғары орыс шенеуніктеріне пара беріп, жағымпаздану, айтқандарын (уезд басшыларына, крестьян начальниктеріне, стражник пен приставнойларға) бұлжытпай, тіпті асыра орындау, олармен бірігіп барымта жасау т.т.с.с. қоғам бүліншілігі кең етек алған уақыт еді. Соның салдарынан және елдегі ескі салт-дәстүрдің орын алуынан қазақ қоғамының өзге мемлекеттерден білім мен мәдениеттен кенже қалып бара жатқанын Абай көзбен көріп, жанымен қатты қиналды. Елін орыс отаршылдары әкелген кертартпа ықпалынан айырып, орыстың жоғары ғылыми, мәдени қырларын таратуға жанын аямай салды.

Қазақ даласын Ресей империализмінің жері деп бекіткен 1867-1868 жылдардағы реформалар қазақ даласының құқықтық өміріне Ереже жазу үрдісін әкелді. Атап айтар болсақ, 1867 жылы 11 шілдеде қабылданған «Жетісу және Сырдария облыстарын басқару туралы ереженің» 201 параграфы мен 1868 жылы 21 қазанда қабылданған Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын басқару туралы уақытша ереженің 159 параграфында болыстық және төтенше съезде қаралатын іс-әрекет әдет-ғұрып нормаларымен айқындалған тәртіп бойынша шешіледі деп көрсетілген. Ресми түрде ереже жазудың құқықтық алғышарты аталған нормалардан бастау алады... Жалпы Ереженің құқықтық өмір есігін ашуы жаңа құбылыс болып есептелгенімен, оның негізгі мәні қыр қазағына таңсық дүние емес-тін. Сақ, ғұн, үйсін, қаңлы дәуірінен тамырын тартатын дәстүрлі билер сотының тәжірибесінде істі алқалы тәртіпте қарап шешу және оны ел-жұрт таныған «жазылмаған» құқық жинақтары (жарғы, түзік, жол-жоба) мен қағида нормаларына (прецедент, аталы сөз т.б.) негіздеу үрдісі тарихта болған деректер. Уақытша Ережені әзірлеуші авторлардың да (Ф.Гирс, В.Дандевель, А.Гейнс, А.Проценко т.б.) қазақ арасында бар бұл дәстүрдің тек іс жүргізу тәртібіне елеулі әкімшілік-толықтырулар енгізіп, қолданылатын актінің жазбаша нысанында болуына әсер етті.

Ережелердің құндылығы да сонда – оның жазбаша нысанда болып, мазмұнында құқықтық күш-қуат алған қазақ рәсімдерінің бүтіндей сақталуында. Әрине, құқықтық мәдениеттің ережеге дейінгі құқық ескерткіштерінің (Есім ханның ескі жолы, Қасым ханның қасқа жолы, Әз Тәукенің Жеті Жарғысы және т.б.) жазбаша нысаны болған жоқ деп үзілді-кесілді айта алмаймыз [1]. Билердің мұндай құзырға ие болғанымен, олар тек ел іші дауын шешіп, саяси мәселелерді шешуде олар өзіндік прерогативасынан айырылғандығын ескеру керек. Билер төрелігімен келіспеген жағдайда іс орыс сотында қаралатын болды. Мұның өзі билердің шешімінің толыққанды билігінің жоқтығын көрсетеді. Сондықтан да өз кезегінде барымташы, баукеспе ұрылар оыс шененіктерімен бірігіп жасаған ұрлықтары үшін жергілікті билер шешімін мойындамады. Содан барып ел іші паракорлық, орыс билігіне жүгіну, сияқты, бір сөзбен айтқанда елді жікшілдікке ұрындырды. Нақ осы жікшілдік салдарынан Абай өз қазағынан талай қиындық көрді. («Мыңмен жалғыз алыстым» деген Абай зары осындай тарихи кезеңнен туған салдар еді).

Заң ғылымында дәстүрлі тарихи тамырластық пен құқықтық мазмұнының ішкі сырластығын ескере келіп, XIX ғасырдың 2-жартысындағы ережелерді Кіші Ережелер деп атау орын алған...

Абай көптеген басылымдарда айтылып жүргендей тек ақын, философ, ағартушы-демократ, аудармашы, тарихшы эстетик, педагог, психолог ғана емес әділ Би, реформатор, ірі заңгер болды. Жоғарыда баяндағанымыздай кіші Ережелер даярлауда «Қарамола Ережесі» деп аталатын құжаттың жазылуында Абайдың қосқан үлесі зор еді (Бұл жөнінде Қ.Н. Дауталиев өз мақаласында арнайы талдаған)

[2]. Ереже даярлаумен қатар Абай ел іші дауларын шешетін «Төбе би» атанған да еді. Гуманизмдік қасиеті биік Абай қалың қазақ елін жанымен сүйді. Сол себепті бүкіл өмірін, жинаған білімін елге таратумен қатар ел ішінің күнделікті тіршілігіндегі кикілжіңдерді шешіп, бұрыс жолдағыларды дұрыс жолға тартумен өткізді. Абайдың адам, әділет, мораль нормаларын соншалықты жоғары ұстанғанын, оның шешімі қиын күрделі қылмыстарды кейде оп-оңай, кейде өміріне қауіпті болса да тура, қылыштың жүзіндей шындықпен, кесімді шешіммен аяқтап отырғанынан анық көреміз. Абай билік-шешімдеріне наразылық білдіріп орыс сотына шағынғандар, олардың Абай үкімінен асып кете алмағанына дауласушылар дымы құрып, дал болған.

Біз енді мақаламызда аты аңыз - Абай атаның ел ішіндегі сан мыңдаған әділ билік үкімдерінің тек кейбіріне ғана тоқталып, талдамақпыз. Әділ болмақ болсаң, алдымен өзінді түзе деген бар, «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деп айтқан Төле би өсиетін Абай қызметінен мықты ұстанғанын көреміз. Ол - Абай өз інісі Оспанды, әйелі Еркежанды өз кінәлары үшін орынды айыпқа тартқызған әділдігін айтсақ жетіп жатыр. Сондай мысалдардың бірінде Оспанның айыбын тарттырғаны еді. Абайдың кенжесі ретінде Құнанбайдың қара шаңырағына ие болған Оспан інісі содыр мінезді дандайсыған, сотқарлау болған. Жазда Оспан жайлауға көшіп кеткенде, қыстаулар, қора-қопсы бағып қалған 12 ұй жатақтар ой-ойдағы тың жерлерге ағаш, соқаға сауын сиырларын жегіп, бірлесіп 20-25 дес. жерді жырттып, азды-көпті тапқан бидайларын арпаларын шашып, егін егеді. Оны тұяқтыға таптатпай, тұмсықтыға шоқытпай, қорып өсіреді. Бір жылы Оспан жайлаудан жылқысын айдап көшіп, келе жатқан кезде жатақтардың жайқалып өскен егісін көріп жылқышыларына: Ой-ойдағы жатақтардың егініне жайындар! – деп әмір береді. Жатақтардың егіндерін Оспанның жылқысы аузымен орып, тұяғымен таптап күйе жегендей етеді. Сорлы жатақтар зар жылап, күркелерінің түбінде жер шұқып, іштері күйіп өкінеді де қалады. ...Жатақтар Абайға Оспанның егінді таптатқанын, соның салдарынан шиеттей бала-шағаның қатықсыз көжеге зәру болып қалғанын айтады. Абай шалдың сөзін үндемей отырып тыңдайды да: - Ал, ақсақал қасына серік ерт те, қос атпен маған еріп жүр, мен ертең жолдағы Оспанның үйіне барамын, сонда осы әңгімені жалғастырайық дейді.

Абайдың шақыруымен інісімен бас қосқан үйге кіреді. Болған оқиғаның растығына көз жеткеннен кейін Абай Оспанға: Қазір өзін бар да, жылқыдан құнан тай, аты бар, маған 24 жылқы айдап әкел, - деп қатты кейіп айтады. Інісінің содыр мінезіне әбден қанық Абай сол жылқылардың жатақтар ауылына жеткізілуін де қадағалап Оспанның айыбын ел алдында тарттырған екен [3].

Тағы бір мысал. Абайдың туысы, Тәкежанның баласы Әзімбай күшіне, сүйемеліне сеніп, аз жігітек руының егініне 30 жылқысын жіберіп, жайдырады. Бұны басынғандық деп санап, жылқыларды егін иелері ұстап алады. Әзімбай ашуланып, 150 адам жинап, сойылдасады. Бірақ, жылқыларын қайтара алмайды. Енді ол 300 қол жинап жатқанда оған қарсыласудың қиындығын білген Жігітектің бас адамдары Базаралы мен Дәркенбай түн ішінде Абайға кісі жібереді. Абай ертеңіне егін басында Әзімбайдың, Жігітектің, Базаралының шағымдарын тыңдап келіп: - Желінген, тапталған егін үшін, сойылдасқаны үшін жігітектердің қолында ұстаулы тұрған 30 атты төлемдерге жатқызады. Әзімбай Семей қаласындағы орыс сотына шағым түсіреді. Сот Абайдың билігінен асып түсе алмапты.

Абайдың Еркежанды жүгініске отырғызуы жөнінде тоқталсақ: «Абайдың інісі Оспан өзімен аралас-құралас жүрген әрі сенімді құрдасы Көтібайға (Керей руының тобықтыға сіңген Құнанбай кезіндегі бір бөлігі): - Менің көзімнің тірісінде Көтібай, сен менен енші алып, бөлек шықшы, - деп оның еншісіне бір сиыр, бір бие, бір түйе, 10 қозылы саулық, оның үстіне әкесі «Құнанбайдың шиі» аталатын қорықтан Майтүбек дейтін жерді шабындыққа бөліп, беріпті. Оспан өлгесін, үш жылдан кейін, ел бауырға, яғни күзгі жайлауға көшіп келіп, шабылған шөпті қораға тасу басталғанда шаруаны аралап жүрген Еркежанның (бұл кезде Абайға атастырылған) көзіне Майтүбекте үюлі-үюлі шөмелелер түседі де: - Мына шөпті неге қалдырдыңдар? – деп, тасушыларға сұрау салады. - Бұл шөп Көтібайдың шөбі. Көтібай ешқандай шөпті арқалап әеелген жоқ. Шөпті қораға тасындар, - деп бұйырыпты.

Көтібай баталмай жүріп-жүріп, Абайға барады. Сөз де айта алмай, үнсіз отырып кетейін деп тұра бергенде, Көтібайдың көзінен сорғалап аққан жасты Абай сезіп қалады да: - Әй Көтібай, бері келші, отыршы, сен неге жыладың?

- Әншейін. - Әншейін емес, бері кел, сенің көзіңнің жасында бір сыр бар.

Үш түрлі жылас бар: шын жылас, біреуді мадақтап жылау, сонсоң біреуді алдап жылау... Сенің көзіңнің жасы – шын жыластың жасы. - Шыныңды айтшы неге жыладың? – деп Абай тежеген соң Көтібай: кенже Оспан түсіп кетті, - дей салды. Сонда Абай: - Әкем бір, шешем бір, ең жақсы көретін

Кенже бауырым Оспанға бұл күнде мен жыламағанда, сенің жылайтын себебің не – дейді. -Өзіңіз білесіз, Оспан маған енші беріп еді. Сонда маған шабындыққа Майтүбекті ұсынған. Биыл шауып қойған шөбімді Еркежан бәйбіше қораға тасыттырып, үйіп алыпты. -Шөп сенікі екенін біле ме?

Тасушылар айтқан екен, оған қарамапты Еркежан бәйбіше. Далада шаруашылықпен жүрген Еркежанды Абай өзінен жоғары ең төрге отырғызыпты. Оған Абай: -Кәдімгідей жүгініп отыр, - дейді. Бәрін орындағаннан кейін Абай Еркежанға: - Мына Көтібайға сені қыздай алған байың Оспан марқұм, менің туған інім кезінде шабындық берген, оны өзің білесің. Сонша тарлық жасап, сол шабындықта үйген шөбін қораға неге тасытып алдың? Осының артын аңғардың ба? Көрген-білген әділдікті Абай алдымен үйінде орнатып алсын деп көзімізге шұқып, жүзімізге таңба салмай ма? – деген Абай сұрауына Еркежан тіл қатпай, үндемей, оң-түсі қашып отырып қалады. Көтібай мұның бәрін тыңдап үнсіз отырып қалады. Шөп тасушыларды Абай шақырып алып: - Көтібайдың шапқан жерінен қанша шөп тасып алдыңдар? Енді сол қораға тасыған шөпті, Көтібайдың шөбінен екі есе артық етіп, оның қорасына тасып, үйіп беріңіздер, - деп билігін айтыпты. Бұл билікті естіген Еркежан үнсіз жүгініп отыра беріпті. Сондай-ақ, Абай кедей, әлсіздерді үнемі жақтап, оларды жәбірлегендерге ешқашан жол бермеген екен. Тіпті Еркежан қателіктерін түсіндіріп айтып, әділ сөзбен айыбын мойындатып, өзі айыппұл төлеген. Осындай мысалдардың бірінде былай делінеді: «Нұрлыбай деген мүсәпір кісі Абайдың үйіне кіріп келеді. Күздің күні күн салқын болғандықтан кішкене үй тіккен екен. Таңертеңгі шайын ішіп отырған Абай Нұрлыбайды төрге шақырып, әбден тамақтандырады. Абай сыртқа шығып кеткеннен кейін Еркежан: Нұрлыбай, үй тар, қазан асамын, бауырсақ істеймін, үйді босатыңыз! – дейді. - Бауырсақ істесеңіз үйіңізден шықпаймын. Шыжық жеймін, - дейді Нұрлыбай. Абай үйге кіріп, орнына отырғаннан кейін Нұрлыбайға қарап: - Нұрлыке, бәйбіше екеуің неменеге айтысып жатырсыңдар? - Бәйбішенің үй тар, бауырсақ пісіремін, үйді босатыңыз дейді. Мен бәйбішенің бауырсақ пісірсеңіз жақсы болды, мен шыжық» жеймін деймін. Сонда Абай: - Әй, бәйбіше, үйің тар болса, Нұрлыбай қысып тұр ма? Қазан ассаң, қазаныңның ортасына отырып алды ма? Ет ас, астына көрпе сал, бұған асқан етің Оразбай, Күнту, Байқұлақ, Абдыралылардың жейтін еті болсын – дейді. Ет піскен соң жылқышысын шақыртып алып, Нұрлыбайға ат боларлықтай жуас тайды алып кел деп бұйырады. Жылқышысы тайды әкелгеннен кейін, - Бәйбіше сандықтан менің киімдерімді Нұрлыбайға әперші! – дейді. Еркежан тыржың етіп: - Әлгі бір көйлегің болмаса, - дейді. - Сол көйлектің өзін әпер. Сен мүсәпір адамды кемтітп, сол үшін мынау тай мен киім-кешек тартқан айыбымыз деп Нұрлыбайды шығарып салады» [4].

Міне, Абай салған әділетті жол өз отбасынан басталғанын анық көрдік. Абай дау-дамайда билік етіп, төрелігін жасағанда тек айыптыға құн төлетумен шектелмей, оның бұл қылмысты екінші рет қайталамайтындай етіп, құнды сөз құдыретімен тәртіпке шақырған. Абай билік қызметін зерттеушілер заңгер академик С.З.Зиманов, профессор З.Ж.Кенжалиев, К.Дауталиев, С.Өзбекұлы т.б «Мәдени мұра» аясымен жарық көрген еңбектерде көрсетілгендей, Абайдың «Жер дауы», «Мал дауы», «Жесір дауы», «Ар дауы» т.б мәселелерде өзінің би-төрелігін айтып, елді өзінің нағыз гуманистік ұстанымымен тәнті еткен қырлары көп екенін баса айтқымыз келеді. Бұл әрқайсысы жеке зерттеу тақырыбы боларлықтай мәселе. Өйткені Абай төрелігінің көкжиегі ұшан теңіз.

1. Ахметова Н. XIX ғасырдағы «Құн» //Қазақтың ата заңдары. Құжаттар, деректер және зерттеулер. II том. (Бас редактор С.З.Зиманов) - А:Атамұра, 2008. - 132-136 бб.

2. Дауталиев К.Н. Абай Құнанбаев – Қарамола ережесін әзірлеушілердің бірі. //Қазақтың ата заңдары. Құжаттар, деректер және зерттеулер. VI том. (Бас редактор С.З.Зиманов) - А:Атамұра, 2008. - 132-136 бб.

3. Қазақстанның құқықтық және саяси ой тарихының хрестоматиясы. Оқу-құралы. I том, - Алматы: Жеті жарғы, 2010. /Құрастырғандар: З.Ж.Кенжалиев, Б.Ж.Қуандықов, У.А.Ахатов

4. Дауталиев К.Н. Абай және ар дауы. //Қазақтың ата заңдары. Құжаттар, деректер және зерттеулер. VI том. (Бас редактор С.З.Зиманов) - А:Атамұра, 2008. - 132-136 бб.

Резюме

В данной статье рассматривается бийская должность Абая Кунанбаева. Из многих бийских решений автор излагает одну сторону правовых норм – семейно-бытовые отношения.

Summary

This article deals with Abay Kunanbaev's traditions about the ruler. He emphasized the family's behavior among them.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ ІНДЕТ

А.С. Акимжанова -

Абай атындағы ҚазҰПУ Халықаралық қатынастар және Құқықтану факультеті студенті,
ғылыми жетекші: аға оқытушы Л.Ш. Көпбаева

ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңы қабылданып, оның жүзеге асырылғанына он жылдай уақыт өтті. Содан бері заңға бірнеше рет өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, заман талабына сай күресудің жаңа жолдары қарастырылды.

Мемлекет құрылымында билік болған жерде адамдардың қызмет бабын жеке мүддесі үшін пайдалану түбегейлі жойылған емес. Бірақ, бұл көрініс бір елдерде әбден тамырланып жүйелі сипат алса, ендігі бір елдерде ол жеке дара сирек кездесетін келеңсіз оқиға ретінде қабылданады.

Осыған қарап, ол елде даму деңгейін, азаматтардың заңды сақтауға деген көзқарасы мен құқықтарының сақталу жағдайын байқауға болады. Бұлай дейтін себебіміз, сыбайлас жемқорлық етек алған елде заңнан бұрын паракорлар мен тамыр-таныстық үстем етеді. Сол себепті, сыбайлас жемқорлық тамырын тереңге жайып, жүйеге айналса, мемлекетке қауіп төніп, ақырында оның тоқырауына алып келеді.

Сыбайлас жемқорлықты ауыздықтау үшін төмендегідей мәселелерге назар аудару керек:

- мемлекеттік институттарды реформалау, оның ішінде мемлекеттік қызмет реформалары, салық, қаржы менеджменттің реттестірілуі, құқықтық және сот жүйесінің күшейтілуі;
- аталған кең көлемді реформаларды іске асыруда заңдылықтың сақталуына бағытталған шаралардың ашық жолмен жүргізілуі;
- құқықтық реформалау кезеңінде сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмыстық істердің сапалы және толыққанды тергелуі.

Өкінішке орай, біздің қоғамда кейбір азаматтарымыз заңға жүгінуге келген тұста, ойланған мақсаттарына жету үшін заңның осал тұстарын іздейді немесе оны бел ортасынан басады.

Жуырда Қызылорда қаласында мемлекеттік қызметкерге пара ұсынған екі шетел азаматы ұсталып, олар қамауға алынды. Қызметіне адал қараған қызметкерлер сатқындыққа жол бермей, арандатуға әрекеттенгендерге шара қолдануды сұрап, құқық қорғау органдарына шағымданған. Бұл міне, қоғамымыздағы бүгінгі мемлекеттік қызметшілер арасында үлгі тұтатындай жағдай.

Жалпы экономикалық тұрғыдан дамыған, заңдары жетілген қуатты елде сыбайластықпен күресте тәртіпті қатаңдатып, биліктің халыққа сапалы қызмет жасауын жолға қою кезек күттірмейтін міндет. Бұл ретте пара алып байыған адамдар жоқ болар, ол бейшара адамның кәсібі. Біреудің көз жасы мен қарғап берген ақшасы ешкімді де байытпайды. Ал шын баюды көздеген адамға адал кәсіптің түрі көп. Ең бастысы, терең білім алған, ойы озық адамға заңды жолмен кәсіпкерлік қызмет жасап, қаржылы болуына Қазақстанда бар мүмкіндік жасалған. Сондықтан мемлекеттік қызметке келген әрбір азамат баю жолын іздеп емес, халыққа адал қызмет жасауға ұмтылуы тиіс және мұны алғашқы күнінен өзіне басты қағида етіп ұстағаны абзал.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес үдеп барады «Лауазымды адамдар ақша алып, ұсталып жатыр» деген суық сөздер ел арасында жүргеніне қаншама. Оңтүстікқазақстандық шенеуніктердің арасында 53 мың доллармен, 2 миллион теңгемен қолға түскендер де болды. Жуырда Оңтүстік Қазақстан облыстық экономикалық қылмыс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі департамент жыл басынан бергі мемлекеттік сатып алуда анықталған қылмыстарды жария етті. Қылмыс былтырғымен салыстырғанда 72 % өсіпті. Жергілікті атқарушы биліктегілер мемлекеттік сатып алуға конкурс жарияласа, сол конкурста жемқорлық жасаудың сынынан сүрінбей алғашқы жеті орынды иеленген «жеңімпаздарға» жеке-жеке тоқталғанды жөн көрген едік. Ескертіп қоялық, «жеңімпаздар» жеген ақшасы мен мемлекеттік қазынаға келтірген залалының көлеміне қарай өздеріне лайықты орындарды иеленіп отыр.

Сонымен...

Жетінші орынды Созақ аудандық коммуналдық шаруашылық және автомобиль жолдары бөлімінің бұрынғы бастығы алды. Ол «Мемлекеттік сатып алу» туралы заңның талаптарын бұза отырып, Шолаққорған ауылын электрлендіруге заңсыз конкурс өткізген. Осыны желеу етіп әлдебір серіктестіктің шотына 3,2 миллион теңгені аударып жіберіпті. Бірақ кейіннен белгілі болғандай жұмыс толығымен атқарылмаған.

Алтыншы орынды Түркістан қаласындағы орталық аурухананың бас дәрігері Хамза Досжанов иеленді. Ол ауруханаға құны 6,5 миллион теңгені құрайтын жабдықтарды жеткізіп беру жөніндегі актіге қол қояды. Бірақ шын мәнінде жабдықтар жеткізілмеген. Сол үшін бас дәрігер 1 жыл 6 айға шартты түрде

сотталды. Ал оны жерге қаратқан мердігер «Отан Достар» ЖШС директоры Нұрлан Досымбетов те «сыбағасыз» қалған жоқ. Сот үкімімен 6 жылға бас бостандығынан айырылды.

Бесінші орынды Түркістан қалалық коммуналдық және автомобиль жолдары бөлімінің бастығына тиесілі болды. Ол жалған құжаттар арқылы «Түркістан жол сервис» ЖШС 35 миллион теңгеге Түркістан қаласының жолдарына жөндеу жұмыстарын жүргізгені жөніндегі актісіне қол қойып берген. Тексеру кезінде жөндеу жұмыстарының толығымен жүргізілмей, 7,8 миллион теңгенің жымқырылып қалғаны анықталған.

Төртінші орын «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы АҚ Шымкент бөлімі магистралды жүйесінің бұрынғы директоры иеленді. Ол «МДС» ЖШС 234 миллион теңгеге темір жолға жөндеу жұмыстарын жүргізгені жөніндегі актіге қол қойған. Тексеру кезінде жөндеу жұмыстарына жаратылмай 46,5 миллион теңгенің ізім-қайым жоғалғаны анықталды.

Үшінші орын Бәйдібек аудандық медицина бірлестігінің бастығына бұйырды. Оны да сорлатқан қабылдау актісі. Дәлірегі, ол «МКиК» ЖШС аудандық ауруханаға 191 миллион теңгеге жөндеу жұмыстарын жүргізгені жөніндегі актіге қол қойған. Бірақ, атқарылған жұмыстардың 137 миллион теңгеден аспағаны анықталған. Бастық тергеуде отыр. Осы тергеуде 54 миллион теңгенің қайда кеткені айқындалуы тиіс.

Екінші орын ауруханаларға құрал-жабдықтар жеткізіп беру бойынша өткізілген конкурстың жеңімпазы атанған «Южказмедтехника» ЖШС-нің еншісінде. Серіктестің директоры аудандық ауруханаларға гематологиялық анализдерді жасауға арналған «BC 3000 ПЛЮС» маркілі медициналық қондырғылардың орнына қытайлық контрафактілі өнімдерді жеткізіп берген. Осы арқылы директор мемлекеттің медицинаға деп бөлген 77,8 миллион теңгесін қалтасына басып қалыпты.

Ал, бірінші орынды «Шалқия Цинк ЛТД» ЖШС-не табиғатты ластау заттарына эмиссиялауға заңсыз рұқсат берген құзырлы басқараманың бастығы алды. Нәтижесінде мемлекетке 164,2 миллион теңге залал келген. Қазіргі уақытта аталған шенеуніктің үстінен қылмыстық іс қозғалып, тергеу амалдары жүріп жатыр. Бір айта кетері, Ордабасы аудандық мәдениет үйінің директоры мен «Оңтүстік Құрылыс ТУ» ЖШС-нің директоры бұл конкурстан тыс қалды. Себебін айтайық, Мәдениет үйінің директоры құрылыс жұмыстарын жүргізу үшін аталған серіктестіктің шотына 44,5 миллион теңгені аударған. Атқарылған жұмыстардың 31,2 миллион теңге екенін сараптама нақты анықтап отыр. Дегенмен тергеуде отырған азаматтар мемлекетке 6 миллион теңгені қайтарып беріпті... «Ішіп-жегенді мойындаудың өзі де ерлік емес пе?

Бір өкініштісі қол қойған азаматтар ғана сотталып, ал сыбайластары еркіндікте жүріп, ешқандай жазаға тартылмайды.

Алматы қаласында орын алған осы жылғы оқиға елді дүрліктірмей қоймады. БТА банкінің президенті мемлекеттің және сол банкке тиесілі ақшаларды жымқырып алып, шетелге бет алғандығы мәлім болды. Бұндай оқиға дәл Үкіметтің өзінен орын алды, 2009 жылдың басында ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрі Оңтүстік Қазақстандағы Кеңес Үкіметінен қалған әскери заводтағы қалған радиоактивті, радиациялы заттарды тазарту мақсатында бөлінген үлкен соманы өзі иеленіп кеткен деген күдік туған болатын, бірақ ол да ақталып шықты.

Осы жылдың желтоқсан айының 4 жұлдызында Тараз қаласының жолдарын жөндеуге бөлінген қаржыны да иеленгендігі анықталды. Қазір осы автомобиль және жол жөндеу жөніндегі басқарманың басшысының үстінен қылмыстық іс қозғалып, тергеу жүргізілуде. Орал қаласыдағы «Нұр Отан» партиясының отырысында хабарланғандай партияның 10 мүшесін партияның құрамынан шығарылғандығы жайлы мәлім етілді. Бұның себебі, партияның мүшелері сыбайлас жемқорлықтың алдын алмай, оған керсінше көмек көрсеткендері айқындалған және партияның азаматтары олардан ақша бопсаланған әрекеттері анықталды, сонымен қатар заңсыз жер тілімдерін таратып, сатқан. Қазіргі таңда олардың үстілерінен тергеу жүргізілуде.

Елордада Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Қанат Саудабаевтың төрағалық етуімен ҚР Президентінің жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі комиссияның 2008 жылғы бірінші отырысы өтті. Оның негізгі арқауы ел Президентінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті жан-жақты күшейту бойынша жуықта берген тапсырмаларын іске асыру жөніндегі іс жүзіндегі қадамдарды әзірлеу болды. Бұл жолы құқық қорғау органдары жемқорлыққа қарсы пәрменді күресудің жеті бағытын айқындап алды.

Отырыс қорытындылары бойынша Комиссия тиісті мемлекеттік органдарға:

- «Нұр Отан» ХДП-ның жергілікті жерлерде құрылған қоғамдық кеңестерімен, үкіметтік емес ұйымдармен және саяси партиялармен ынтымақтастықтың пәрменді тетіктерін әзірлеу;
- республиканың бүкіл аумағында жұмыс істейтін, азаматтар кез келген сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлай алатын бірыңғай сенім телефонын құру;
- бұқаралық ақпарат құралдарындағы және сенім телефондары арқылы берілетін сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарламаларға шұғыл әрі тиімді ден қою, тексерулердің нәтижелерін жұртшылыққа жеткізу;
- тиісті моральдық және кәсіптік қабілеті жоқ қызметкерлерді басшы қызметтерге тағайындау мүмкіндігін болдырмайтын кадр саясатын жүргізу;
- барлық жергілікті соттарда істерді автоматты түрде бөлетін электронды жүйені және сот отырысының цифрлық аудиозахбасын енгізуді аяқтау;
- қолданыстағы заңнамаға жұртшылық пен бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстық комиссиялардың жұмысына міндетті түрде қатысуын көздейтін өзгерістер енгізу ұсынылды. Комиссия, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес заңнамасын жетілдіру мәселелері жөніндегі заң жобасын әзірлеу барысы туралы мәселелерді қарады.

Сонымен жемқорларды артында кімдер тұрғанына қарамастан жалғанның жарығына желкелеп шығарудың жеті бағыты олардың бірқатарын құтқармайтындығы белгілі болды. Бұл мақсатта қалың жұртшылық, баспасөз, оппозициялық партиялардың да сындары мен шағымдары жерде қалмайтын болып шешілді. Шіркін-ай, осы дүрмекпен Кеңес дәуіріндегідей Халықтық бақылау комитеті, Партиялық тексеру комитеті, Мемлекет мүлкін талан таражға салуға қарсы комитет, Тергеу комитеттері құрылып кетсе сыбайластардың өрісі қусырылып, тынысы тарыла түсер еді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат мемлекеттік саясаттың бір бөлігі бола отырып, төмендегідей міндеттерді орындауға бағытталған шараларды қамтуы тиіс:

- сыбайлас жемқорлықпен күресті оның барлық деңгейінде ұйымдастыру;
- сыбайлас жемқорлыққа қолайлы жағдайлар мен шарттар алаңын тарылту;
- сыбайлас жемқорлық әрекеттерді анықтаудың және оған қолданылатын жазалардың ықтималдылығын арттыру;
- лауазымды басшының сыбайлас жемқорлық мотивтеріне ықпал етуі;
- сыбайлас жемқорлықтың барлық түріне деген қоғамдық қарсылық ахуалын қалыптастыру.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың қағидаттары – сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат субъектілерінің әріптестігі, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің ізгі бастауларының басымдығы; сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат шараларының жасалуын іске асыртпау және оған бақылау орнату функцияларын біріктіруге жол бермеу.

Ал енді пара алудың әдеттегі себептері мен жағдайларына тоқталайық:

Сыбайлас жемқорлықтың ең қауіпті түрлерінің бірі пара алушылықпен тиімді күресу үшін оның түп тамырынан бастау алып, оларды пара беруге итермейлейтін және нәтижесінде сыбайлас жемқорлыққа адамдарды үйлестіретін себептерін түсіндіру керек.

1-қатарда:

Пара беру әдетте, а) таптардың игіліктеріне немесе ерекше жеңістерге қол жеткізу; ә) жеке шығыстарды қысқарту үшін беріледі.

2-қатарда:

Пара беру әдетте, тапшы болып табылмайтын, бірақ жеке мемлекет басшыларымен жүргізген шенеуніктердің игіліктері мен ерекше жеңілдіктері үшін беріледі (шенеуніктер қалауымен шығыстардың азаюы сол жағдайлардағы қатынастар).

3-қатарда:

Пара беру әдетте, негізінде тек қана сол немесе басқа ерекше жеңілдіктер үшін ғана емес, орналасуына (немесе шығыстарын қысқартуына) байланысты қосымша қызметі, мысалы, жедел немесе құпия мәлімдейді үшін беріледі.

4-қатарда:

Пара беру әдетте, а) қандай да бір жеңімпаздар бастықтарға көрсетуі үшін, немесе ә) бәсекелестердің шығыстарын өсіру үшін беріледі.

5-қатарда:

Жағдайдағы қатынастағы шенеуніктердің шешіміндегі күштілердің бәсекелестері алдында өте қолайлы орынды көрсетеді.

Жалпы айтқанда сыбайлас жемқорлықтың бұл түрін әшекерелеуде қиындықтар туындау үстінде. Себебі, пара берушілікте дәл сол қылмыс жасалып жатқан сәтте ұсталмаса және арыз болмаған ретте қылмыстық жауапкершілікке тарту мүмкін емес болады. Міне, осындай қиындықтар орын алуда.

Қорытындылай келе, жоғарыда аталғандарға қосыла отырып, өзімнің ұсынысым осы ең біріншіден, заңдарға толықтай өзгерістер енгізу және мемлекеттің қаржысын жеп, шетелге бет алғандарға 25 жылдан астам жазаны белгілеу және оларды шет елдерінен алдырту мәселелерін қозғау. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін Кадрлық Комиссияны құруды ұсынамын. Бұл комиссияның атқаратын ең басты қызметі барлық конкурстық, тағайындау, сайлаудан өтетін қызметкерлердің қызметіндегі біліктілігін тексеру және олардың атқарып жатқан жұмыстарына бөлінген қаржының ай сайын есебін сұрау, есептеу және сол қаржылардың дәл іске жаратылғандығы туралы қадағалау жүргізу және пара алу фактілері болуы мүмкін деген күдікпен әрдайым тексеру жүргізу, сонымен қатар жазалау функциясын атқарып отырады. Бұл комиссия тек ел басымызға бағынышты болып табылады. Осы комиссияның мүшесі болуға 25 жасқа толған, ҚР азаматы және дипломатиялық, заңи білім бар, өз қызметі барысында өзіне жүктелген міндеттемелерді орындай алатын, сонымен қатар, халықына адал қызмет атқара алатын азаматтар қабылданатын болады. Осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қылмыстарға жеке сот ашуды ойластыру қажет. Сол сотта әрбір қылмыс істегендері үшін нағыз ауыр жаза өтегендерін қалаймын. Қазіргі таңда көбісі пара алып және ақша жымқырып ұсталып жатыр, бірақ оларға қолданылатын жаза өте жеңіл. Мынандай да жағдайлар орын алып жатады, пара алып ұсталыпты деп орын босатқанмен, келесі күні қарасақ олар басқа жерде лауазым иесі болып кететіндер де бар. Міне, көріп отырғанымыздай осындай заңдарымызда кемшіліктер орын алып жатады. Оларды ешқандай лауазым иесі ретінде қабылдамауға шара қолдану қажет. Әрбір істелген қылмыстары үшін бәрібір сол азаматтар жауапкершілікке тартылатындығын ұмытпайық! Заңды сақтап, әділетсіздікке жол бермейік!!!

1. «Заң және заңнама» - «Закон и время»; 2008 жс, № 7. «Жемқорлықпен күрес – жауапты міндет», Әбдікәрім АБДУЛЛАЕВ, Қызылорда қаласының прокурорының мақаласынан.

2. «Жас алаш» газеті 2009 жыл, Ғалымжан Елиібай, Оңтүстік Қазақстан облысы; «Жемқорлар жалғыз жорытпайды» мақалысымен;

3. «Қазақстан» телеарнасы БАҚ;

4. «Заң» газеті, 2 бет; Сәрсенбі, 2008 жс. 27 ақпан; «Жемқорларға жеті соққы»; Иса БЕРКІМБАЙ. -Астана.

5. ҚР-да 2001-2005 жж. арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы мемлекеттік бағдарламасынан үзінді.

6. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттердің негіздері». Оқу құралы. - Алматы, 2004. Авторлық ұжым: Рогов И.И., Бычкова С.Ф., Исенова С.Е., Құспанова Н.Б., Мами Қ.А., Злотников С.М., Чеботарев А.Е., Асқаров Т.К., Мәуленова Қ.С.; Баспа «Транс – Персонал Қазақстан»; ҚҚ, 2004.

Резюме

В этой статье рассматриваются правовые проблемы, с которыми мы каждый день сталкиваемся к нашему общему сожлению, то есть под названием коррупция.

Summary

The article considers legal problem, which we every day collide ours general regret that is under title corruption.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫ УГОЛОВНОЕ ПРАВО И УГОЛОВНЫЙ ПРОЦЕСС

СТАНОВЛЕНИЕ И РАЗВИТИЕ ИНСТИТУТА ВЫДАЧИ ПРЕСТУПНИКОВ

С.Ш. Даубасов -

к.ю.н., ст.преп. кафедры Уголовного права и процесса ФМОиЮ

Институт выдачи преступников прошел длительный период своего исторического становления и развития. По мнению С.Д. Беди, выдача в любой форме является институтом, который появился в древней цивилизации, когда не было еще ни стройной системы норм международного права, ни развернутого учения о нем¹. О том, что выдача преступников встречалась в международно-правовой практике еще в древности, указывали в своих работах В.Э. Грабарь², А.В. Гефтер³ и др. При этом важно отметить, что термин "выдача" (или "extradition") не встречается ни в одном международном документе до 1828 г. В XVII веке часто употреблялись выражения "restituer" и "remettre". Впервые слово "extradition" было употреблено во Франции, когда Национальное собрание этой страны 19 февраля 1791 г. издало Декрет об объединении конституционного и дипломатического комитетов для выработки эффективного закона о выдаче⁴.

Институт выдачи преступников, зародившись в древние века, затем претерпел существенные изменения. Эти изменения связаны с тем, что сам процесс становления этого института проходил параллельно с развитием самого международного права и охватывал все исторические типы классового общества. Следовательно, международное право каждой из исторических эпох было отражением того времени и потому развивалось в рамках взаимоотношений государств, существующих в то время.

То, что выдача преступников известна с глубокой древности и признается соответственно древнейшей формой взаимной помощи государств в борьбе с преступностью, не вызывает никаких сомнений. Так, один из договоров того периода – Договор египетского фараона Рамсеса II с царем хеттов Хеттушили III 1296 г. до н.э., устанавливал: "Если кто-либо убежит из Египта и уйдет в страну хеттов, то царь хеттов не будет его задерживать в своей стране, но вернет в страну Рамсеса". Следует отметить и положение Договора об обеспечении если не прав, то безопасности лиц, подлежащих выдаче: "Да не казнят их, да не повредят их глаз, уст и ног"⁵.

¹ Bedi S.D. Extradition in International law practice // Rotterdam. – 1966. – p. 16.

Среди ученых существуют две точки зрения по поводу возникновения института выдачи. Придерживающиеся первой точки зрения, связывают зарождение института выдачи с развитием международного права, другие же с буржуазными революциями конца XIX и начала XX веков.

Вторая концепция основана на том, что ее представители рассматривают международное право как нечто саморазвивающееся и не связывают его возникновение с разделением общества на классы и возникновением государства и отрицают существование международного права в древнем мире. Но юристы, специально занимающиеся изучением этого института, придерживаются иной точки зрения. Выдача в любой форме является древним институтом, его начало можно проследить с древних времен. Данной точки зрения придерживается и автор настоящего исследования.

² См.: Грабарь В.Э. Материалы к истории литературы международного права в России (1647-1917). – М., 1958. – С.460.

³ См.: Гефтер А.В. Европейское международное право. - Санкт-Петербург, 1880. – С.128.

⁴ Однако, этот Декрет так и не вступил в силу. Поэтому само право выдачи оставалось спорным. Так, одни юристы отрицали такое право, основываясь, в частности, на ст. 7 Декларации прав человека и гражданина, на ст. 16 Конституции Франции 1791 г., и на некоторых других актах, например, ст. 272 Уголовного кодекса. Но Декрет от 23 октября 1811 г. признает за французским императором право выдачи. Этот Декрет, касавшийся собственно вопроса выдачи собственных подданных, был распространен и на выдачу иностранцев и подтвердил таким образом прежнее право императора на производство выдачи. И наконец, вышеупомянутый нормативный акт 3-11 декабря 1849 г. вручает права насильственного выселения иностранца исполнительной власти, а именно министру внутренних дел и префекту в пограничных департаментах.

⁵ Коровин Е.А.. История международного права, вып. 1. – М., 1946. - С. 7,9. В работах ряда зарубежных

На основании приведенного в качестве примера договора эпохи рабовладения можно сказать, что сам факт бегства был основанием для выдачи и начала постепенно формироваться практика выдачи преступников. Нельзя не отметить и то, что уже в период рабовладельческого строя институт выдачи преступников из обычного начинает превращаться в договорной, включая в себя нормы и о гуманном обращении с лицом, подлежащим выдаче. При этом договоры стали носить двусторонний характер.

Среди таких договоров можно упомянуть и двусторонние соглашения между отдельными греческими городами-государствами. Выдача широко применялась к беглым рабам в Древней Греции и Римской империи. В них особо проявилась роль выдачи как средства пресечения бегства рабов как основной производительной силы. Вместе с тем существовали и некоторые правила гостеприимства, но они не были распространены на рабов. Гостеприимство нередко предоставлялось бежавшим из враждебных государств.

В средние века сотрудничество государств в вопросе выдачи значительно расширилось, заключается немало международных договоров, согласно которым выдавались лица, бежавшие в другую страну по политическим мотивам, а также перебежчики, которые не были преступниками. Для этого времени характерно и преследование врагов католической церкви, которые, как правило выдавались. Среди договоров этого периода следует назвать, в частности, трактат 1303 г., в соответствии с которым Англия и Франция обязались не предоставлять убежища у себя обоим врагам и бунтовщикам, а также "договорную запись" России со Швецией 1649 г. о выдаче перебежчиков. Но практика в целом сводилась к тому, что бежавшие из дружественных государств выдавались, а из недружественных – не выдавались. Мусульманские государства не выдавали исповедующих ислам лиц государствам с иной религией. Важно обратить внимание и на то, что в средние века отсутствовала юридическая обязанность государств выдавать взаимно преступников, нарушивших уголовные законы. Это объясняется, пожалуй, недостаточным развитием в то время международных сношений и в особенности путей сообщения, которые препятствовали побегам преступников, и тем самым вопрос о выдаче был предметом переговоров не столько центральных правительств, а сколько пограничных властей.

Однако и в новое время лица, совершившие уголовные преступления, выдавались довольно редко. Институт выдачи в те времена находился в стадии становления. Применение института выдачи ограничивалось еще тем, что в феодальных государствах Западной Европы существовал обычай закрепощения всех иностранцев, прибывших в страну без разрешения или проживших в стране больше года.

Более интенсивное сотрудничество государств в пресечении преступлений относится к XVIII в. С этого времени договоры о выдаче все более и более распространяются на уголовные преступления, то есть государства все более проникаются убеждением в необходимости применения института выдачи к преступникам, совершившим в другом государстве общеуголовные преступления.

Существенный поворот в судьбе института выдачи в XVIII веке знаменовала Французская буржуазная революция, которая юридически оформила право убежища. В Конституции 1793 г. говорилось: "Французский народ предоставляет убежище иностранцам, изгнанным из пределов своей родины за преданность свободе. Он отказывает в убежище тиранам" (ст. 120). Противники феодального государства являлись естественными союзниками буржуазной Франции. Для понимания провозглашенного права убежища весьма знаменательным является такой факт. Декрет Национального Конвента от 1 февраля 1793 г. об объявлении войны Англии и Голландии обвинял британского короля в том, что "он оказывал покровительство и денежную помощь эмигрантам и даже вождям бунтовщиков, уже сражавшихся против Франции"⁶.

авторов можно встретить утверждение, что наиболее древним договором о выдаче является договор 1242 г., заключенный между голландским князем Вильгельмом II и графом Брабанта Генри II, или договор 1376 г. между королем Карлом V и графом Савуа, договор 1303 г. между английским королем Эдуардом III и французским королем Филиппом Красивым (См.: **A Roïin. Quelques questions relatives à Lextradition, "Recueil des Cours".** 1923. - т. 1. – р.194.). По мнению **Л.Н.Галенской**, с подобными утверждениями трудно согласиться, ибо они пытаются ограничить историю международного права историей государств Европы и их взаимоотношений. См.: **Л.Н.Галенская. Международная борьба с преступностью.** – М.: Международные отношения, 1972. – С. 163 (168 с.).

⁶ Конституции и законодательные акты буржуазных государств XVII-XIX вв. – М., 1957. – С. 305.

Франция была ведущей страной в области выдачи преступников и в последующем, по инициативе которой были сформулированы и другие новые положения института экстрадиции. Так, лица, ранее преследовавшиеся по политическим мотивам, в период буржуазных революций восставшие против феодализма и абсолютизма, стали исключаться из договоров о выдаче преступников.

Однако лишь в конце XVIII века, как отмечает в своем исследовании Д.Никольский "О выдаче преступников по началам международного права", опубликованном еще в 1884 г., появляются некоторые зародыши права выдачи: устанавливается начало полной взаимности, начало невыдачи собственных подданных; выдача полагается только за тяжкие преступления, в том числе и за политические; перечень преступлений, хотя и встречается в трактатах, но по большей части отличается неопределенностью и на основании вышеизложенного заключает, что до XIX века не может быть и речи о праве выдачи. Были, по мнению Д.Никольского, отдельные требования и отдельные случаи выдачи, возникавшие совершенно из случайных обстоятельств. Государства, жившие обособленно друг от друга, еще не приходили к сознанию о необходимости повсеместной взаимной охраны юридического порядка. При выдачах на первом плане стояли не интересы правосудия, а соображения политические. Взаимная польза от конвенций не сознавалась, требование, не удовлетворенное, нередко считалось поводом к войне, идея государственного верховенства, доведенная до *plus ultra*, создавала право убежища, при котором выдача была немыслима⁷.

Но именно в XIX веке право убежища получает общее признание и выдача приобретает характер взаимной помощи государств в борьбе с общеуголовной преступностью. В этом духе заключаются международные договоры и принимаются специальные законы о выдаче. Преобладающее количество договоров представляют собой соглашения двустороннего характера, однако ясно проявляется тенденция и к увеличению количества многосторонних договоров о выдаче преступников. Первым из них является, пожалуй, договор, заключенный в Амьене в 1802 г. между Францией, Испанией, Голландией и Великобританией, ст. 20 которого содержала положение о выдаче лиц, обвиняемых в совершении убийства, умышленного банкротства и подделке денежных знаков⁸. Подобный многосторонний договор о выдаче был заключен и на американском континенте. Так, 23 января 1889 г. в Монтевидео между Аргентиной, Боливией, Парагваем, Перу и Уругваем была заключена конвенция по международному уголовному праву⁹, ст. ст. 19—43 которой касались вопросов выдачи.

Необходимо отметить, что расширение сотрудничества государств в вопросе выдачи преступников способствовало становлению новой характерной черты этого института: он не только служит борьбе государств против преступности, но и обеспечивает некоторые права выдаваемых лиц. Возникают и закрепляются, например, принцип "двойного вменения" или "двойной криминальности", в соответствии с которым деяние, являющееся основанием для выдачи, должно считаться преступлением по праву как выдающего, так и запрашивающего о выдаче государства, принцип "специализации" или "конкретности", в соответствии с которым судить выданное лицо можно лишь за то преступление, за которое оно выдано.

В некоторых странах были приняты специальные законы о выдаче преступников. В этих нормативных актах перечислялись преступления, за совершение которых государства могли требовать выдачи; эти же законы регулировали вопросы процедуры выдачи. Первой страной, принявшей такой закон в 1833 г., была Бельгия. Ее примеру последовали и другие государства¹⁰.

В бельгийском законе о выдаче обращает на себя внимание та особенность, согласно которой политические преступления исключены из числа преступлений, обуславливающих выдачу и в соответствии с которым для заключения договоров о выдаче было установлено следующее положение: при заключении договора будет прямо оговорено, что иностранец (выдаваемый) не будет подвергнут

⁷ *Дмитрій Никольскій. О выдачѣ преступниковъ по началамъ международного права. – С.-Петербург, 1884. – С. 81. (539 с.). (Далее Д.Никольскій. О выдачѣ преступниковъ по началамъ международного права...).*

⁸ *The American Journal of International Law. – 1908. – v. 2. – pp. 243-251.*

⁹ *Панов В.П. Сотрудничество государств в борьбе с международными уголовными преступлениями. – М., Юрист, 1993. – С. 105. (160 с.). (Далее Панов В.П. Сотрудничество государств в борьбе... с преступлениями ...).*

¹⁰ Так, например, после Бельгии аналогичные специальные законы о выдаче были приняты: в 1870 г. в Великобритании, в 1875 г. в Нидерландах и Люксембурге, в 1885 г. в Аргентине, в 1886 г. в Конго и Перу, в 1892 г. в Швейцарии. В России в 1911 г. проект закона был одобрен Государственной Думой.

преследованию ни за какое политическое преступление, предшествовавшее выдаче, и ни за какой факт, связанный с подобным преступлением¹¹. Характерное для института выдачи преступников такое специфическое правило, которое устанавливало ограничение, было закреплено и в Законе Канады о выдаче преступников, принятом в 1882 г. Согласно ст. 15 этого Закона, если, по решению канадского судьи преступление имеет политический характер, оно не должно признаваться экстрадиционным, а в соответствии со ст. 21 ни один беглец не подлежит выдаче по этой части Закона, если окажется: "а) что преступление, в отношении которого осуществляется процедура рассмотрения по этому вопросу, имеет политический характер или б) что такое преследование было предпринято с целью преследования или наказания его за преступление политического характера"¹².

Оправдание этих положений, как подчеркнул в свое время в своей работе "Международное право в систематическом изложении" Ф.Лист, следует искать в различии форм правления в разных государствах и в непрозрачности политических отношений. Поэтому, по его мнению, оно и было закреплено в большинстве договоров о выдаче, кроме договоров России с Пруссией и Баварией 1885 г., и договора Германии с Государством Конго 1890 г.¹³

В целом для процесса становления института выдачи преступников в XIX веке были характерны многие новшества. Например, в середине этого столетия окончательно устанавливается правило: выдаются только преступники, совершившие уголовные преступления, а не политические преступники и дезертиры. В договорах о выдаче значительно расширяется перечень преступлений, влекущих выдачу, устанавливаются подробные правила о переговорах относительно выдачи, о предварительном задержании, о соблюдении условий взаимности, о начале невыдачи собственных граждан и другие вопросы.

Следует также отметить, что наряду с расширением сотрудничества государств в области борьбы с преступностью возникла необходимость кодификации и норм об экстрадиции. Так, в 1880 г. Институт международного права по вопросу выдачи преступников принял ставшую впоследствии известной Оксфордскую резолюцию, в которой приветствовал заключение договоров о выдаче и высказал ряд соображений по спорным правовым вопросам. К примеру, Институт высказался за возможность выдачи без договора, отказ в выдаче за действия политического характера. Ст. 9 резолюции гласит: "Если имеется несколько требований о выдаче за одно и то же деяние, предпочтение должно быть отдано государству, на территории которого данное преступление было совершено"¹⁴. Институт продолжал заниматься проблемами выдачи преступников на своих сессиях в Женеве в 1890 г. и в Париже в 1894 г.

Ал, ҚР ҚК-нің 222-бабында көзделген қылмысы, салық төлеуден жалтаруды сипаттайтын әрекеттер жасалынған кезде, яғни «салық органына берілетін бухгалтерлік құжаттарға немесе декларацияға табыстары мен шығыстары туралы, не салық салынатын басқа объектілерді немесе өзге де төлемдерді жасыру жолымен бұрмаланған деректер енгізілгенде, осы қылмыс аяқталынған деп есептелінеді», - деп тұжырымдады бір авторлар тобы [4, 104 б]. Өзге авторларда осыған ұқсас пікірде, объективтік жағын сипаттайтын әрекеттер жасалынған жағдайда, яғни салық органына берілетін бухгалтерлік құжаттарға бұрмаланған деректер енгізілгенде, деп танымыз. Ал, кейбір авторлар нақты анығына келе алмаған. Мысалы, ҚР ҚК-нің 222-бабында көзделген қылмыс, «салық белгіленген мерзімде төленбесе немесе жалған құжат берілген жағдайдан бастап», аяқталынған деп еспетейді. Кейбір әдебиеттерде салық заңдарында белгіленген мерзімде салық салу кезеңіне сәйкес, салық нақты төленбеген жағдайда, салық қылмысы аяқталынды, - деп тұжырымдалынған [5, 47 б]. Осыған орай, кейбір авторлар салық қылмысын өз конструкциясы бойынша формалды құрам ретінде есептеп отыр [6, 67 б]. Осы сұрақты жетік білу үшін, қарастырылып отырылған қылмыс формалды немесе материалды құрам болатындығын анықтауымыз қажет. Кей ғалымдар салық қылмысын материалдық құрам десе, келесі авторлар формалды құрал деп сипаттайды.

И.И. Кучеров: «талданып отырылған баптағы салық төлеуден жалтару — салық салу объектісіне қатысты салық органдарын жаңылыстырумен сипаттаймыз. Міне, осы адастырумен осы қылмыстың объективтік жағы белгіленеді. Салық салу объектісінің мөлшерін құжаттарда бұрмалау арқылы қылмыскер салықты толық немесе ішінара көлемде төлемеуге мүмкіндік алады. Сондықтан, салық қылмысын формалды құрам деп танымыз. Осыған орай, декларацияны беруге міндетті болса да табысы (жылдық табысы) туралы декларацияны бермеуі немесе декларацияны бермеуі немесе декларацияға және бухгалтерлік құжаттарға бұрмаланған деректер енгізілген уақытта қылмыс аяқталды деп есептелінеді. Қарастырылып жатқан құрамның формалды сипатын ескере отырып, қоғамға қауіпті зардаптың туындауы қылмыстың аяқталуы үшін міндетті алғы шарт болып табылмайды», - деп пікірін тұжырымдаған [7, 17 б]. Мен бұл пікірмен келіспеймін, өйткені ҚР ҚК-нің 221, 222 - баптарының диспозициясында тікелей көзделген, яғни қылмыстық жауапқа тартудың шарты — азаматтардың және заңды тұлғалардың ірі мөлшердегі салық төлеуден жалтаруы болып танылады. ҚР ҚК-нің 221-бабының ескертуінде «егер төленбеген салық сомасы бес жүз айлық есептік көрсеткіштен асса, салық төлемеу ірі мөлшерде жасалынған деп танылады», - деп белгіленген.

Салық төлеуден жалтару әрекеттерімен одан туындайтын зардаптың арасында себепті байланыс бар. Осыған орай, салық қылмысы құрылысы жағынан материалдық құрамға жатады. Қылмыс салық немесе өзге де төлемдерді ірі мөлшерде төленбеген жағдайда аяқталған деп танылады. Азаматтың немесе заңды тұлғалар декларацияны беруге міндетті жағдайларда табысы туралы декларацияны бермеуі немесе, декларацияға (бухгалтерлік құжаттарға) көрінеу бұрмаланған деректер енгізу арқылы салық төлеуден жалтару, егер бұл әрекет салықты ірі мөлшерде төлемеуге әкеп соқтырмаса, бұл жерде қылмыс құрамы толық болмағандықтан, қылмыстық жауапкершілік туындамайды.

Қорыта келгенде, салық қылмысы материалдық құрамға жататындығын басшылыққа ала отырып, декларацияны беруге міндетті жағдайда декларацияны бермеуі, не декларацияға (бухгалтерлік құжаттарға) көрінеу бұрмаланған деректер енгізу, не салық салынатын объектілерді жасыру арқылы салық төлеуден жасыру арқылы салық төлеуден жалтару салықты ірі мөлшерде төлемеуге әкеп соқтырған уақыттан бастап салық қылмысы аяқталған болып табылады. Егер бухгалтерлік есеп құжаттарына көрінеу бұрмаланған деректер енгізілген болса, бірақ-та салық бойынша есеп айырысу жүргізілмесе және салық органдарына есеп құжаттарына әлі тапсырылмаса немесе тапсыру мерзімі әлі басталмаса, бұл

жағдайларды салық қылмысын жасауға оқталу ретінде қарастырамыз. Демек, қылмысқа қатысушыларды іздестіру, қылмыс жасауға сөз байласу не адамдар тобын құру, егер бұл орайда қылмыс адамның еркіне байланысты емес мән-жайлар бойынша ақырына дейін жеткізілмесе, салық қылмысына дайындалу ретінде сипатталады. ҚР ҚК-ң 24-бабының 2-тармағына сәйкес, ауыр немесе ерекше ауыр қылмысқа дайындалғаны үшін ғана қылмыстық жауаптылық туындайтыны бізге белгілі. Осыған орай, ҚР ҚК-ның 222-бабының 2-бөлімінде көзделген, бірнеше рет жасалған нақ сол әрекет ғана ауыр деп танылады.

1 Қазақстан Республикасының Конституциясы 30 тамыз 1995 ж. (өзгертулер мен толықтыруларды қоса) // Юрист-анықтама жүйесі.

2 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 1997 ж. (өзгертулер мен толықтыруларды қоса) // Юрист-анықтама жүйесі.

3 Миньковский Г.М., Магомедов А.А., Ревин В.П. Уголовное право России: Учебник. Общая и особенная части / Под. ред. В.П.Ревина. - М., 1998. – 289 с.

4 Гаухман Л.Д., Максимов С.В. Преступления в сфере экономической деятельности. - М.: ЮрИнфор, 1998.

5 Уголовное право России: Учебник для вузов. В 2-х томах. Т.2. Ю.А.Красиков. - М.: Инфра - М, 1998. – 309 с.

6 Куприянов А.А., Бабаев Б.М. Научно-практический комментарий налоговых статей нового Уголовного кодекса // Ваш налоговый адвокат Консультации, рекомендации. Вып. 1(3). - М.: ФБК-ПРЕСС, 1998.

7 Кучеров И.М. Преступления в сфере налогообложения: Научно-практический комментарий к УК РФ. - М.: Учебно-консультационный центр ЮрИнфор, 1999.

Резюме

В данной статье рассматриваются некоторые теоретические вопросы квалификации преступлений в сфере налогообложения.

Summary

This article discusses some theoretical issues of qualification of crimes in the area of taxation.

ТЕРРОРИЗМ ТҮСІНІГІ

А. Сейткаримов -

Д.А. Қонаев атындағы университеті І-ші оқу жылының магистранты

Әртүрлі мемлекеттердің террорлогтары ондаған жылдар бойы терроризмнің және террористік қызметтің түп негізін ашып көрсететін түсінігін беруге тырысып жүр. Осы мәселенің спецификасы әртүрлі болып табылады және көптеген аспектілерден тұрады. Қазіргі кезде терроризмнің жалпы бірдей анықтамасы жоқ. Американың қоғам танушысы Д. Лонгтің еңбегінде былай деп көрсетілген: «Терроризм үлкен қоғамдық мәселе болғанымен, терроризмнің түсінігі жөнінде келіспеушіліктер өте көп. Дүние жүзінде ғалымдардың ешқайсысы терроризмнің түсінігі жөнінде оның түп мағынасын ашып көрсететін анықтамасын әлі берген жоқ».

Террор - ол латын тілінен аударғанда теггог-қорқыныш деген сөзді білдіреді. Осыған сәйкес біздің тілімізде «терроризм», «террористік акт» және ақырғы кезде пайда болған «халықаралық терроризм» және «халықаралық сипаттағы террористік акт» - деген сөздер туындаған. В.И.Дальдің сөздігі бойынша: терроризмнің мақсаты ретінде күш қолдану, өлтіру арқылы қорқыту деп түсінік береді [1].

Қысқа саяси түсіндірме сөздігінде: «террор» - қорқыту, күш қолдану саясаты ретінде түсіндіріледі. Террористік акт дегеніміз - ол белгілі бір тұлғаны, оның саяси қызметіне байланысты өлтіру немесе ауыр дене жарақатын келтіру болып табылады.

Заң ғылымында «террор» термині - қорқыныш жағдайы деп түсіндіріледі және де терроризм дегеніміз ол осы мақсатқа, жағдайға жету үшін қолданылатын техникалық әдістер деп түсіндіріледі. Көптеген авторлар терроризмге былай деп анықтама береді: «белгілі бір топтардың немесе тұлғалардың көпшілік алдына қорқыныш тудыру арқылы билік органдарын өздерінің саяси талаптарын орындату үшін қолдану немесе күш қолдану қорқыту», - деп түсіндіріледі.

Профессор И.И. Карпец былай деп түсінік береді: «терроризм бұл халықаралық немесе мемлекет

ішіндегі, бірақ халықаралық сипаттағы ұйымдасқан және өзге де қызмет түрі, яғни өлтіру, дене жаракатын көлтіру, күш қолдану және адамдарды күштеп кепілдікке алу және тағы басқаларды жүзеге асыруға бағытталған арнайы органдар мен топтарды құру», - дейді [2].

Мемлекеттік және саяси тұлғаларға шабуыл жасағанда, құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне және жәй азаматтарға шабуыл жасағанда, завод, фабрикаларға және транспорт құралдарын жою немесе бүлдірген жағдайда әртүрлі мақсаттар болуы мүмкін. Егер осы жоғарыда аталған әрекеттер үрейлендіру азаматтарға қорқыныш сезімін тудыру мақсатында жасалса ғана терроризм жөнінде айтуға болады. Қорқыныш сезімін тудыру бұл терроризмді басқа өзіне ұқсас қылмыстардан ажыратуға мүмкіндік беретін айрықша белгісі болып табылады. Терроризмнің мақсаты-демократтық және прогрессивтік әлеуметтік құрылымдарға, белгілі - бір ұйымдардың меншігіне, азаматтардың меншігіне зиян шығын келтіру, азаматтарды қорқыту, сондай-ақ қылмыстық әрекеттер арқылы материалдық не болмаса басқа да пайда көру.

Терроризм белгілі бір объектіні (объектілерді) қирату арқылы қарама-қарсы жақтарға психикалық әсер ету арқылы оны әлсіретудің өзіндік бір әдісі болып табылады. Мысалы: ешкімге зиян келтірмеген немесе минималды шығындарға әкеп соққан кішкентай жарылыс. Бұл азаматтарға қорқыныш қорғансыздық сезімін тудырады, оларды үрейлендіреді. Бұл жерде тек ғана психикалық агрессия болып тұр және ол демонстративті сипатта болып тұр. Бұл жерде демонстрация дегеніміз ол террорист ешқандай материалдық құндылықты көздемей тек ғана өзінің күшін көрсеткісі келген жағдайда және өз алдында өзінің күшін көргісі келген жағдайды айтамыз, яғни осы жағдайда демонстрация орын алады. Терроризмді ешқашан да мемлекеттік қызметте басқару функциясын атқарып отырған адамдарды өлтірумен және де материалдық құндылықтарды иелену мақсатында жасалған қарақшылық шабуылмен шатастыруға болмайды. Терроризмнің мақсатын міндетті түрде анықтап алу керек, терроризмнің мақсатының міндетті белгісі ол белгілі бір мақсатқа жету үшін қорқыныш сезімін тудыру, қорқыту үрейлендіру болып табылады.

Терроризм туралы ғылымда әртүрлі анықтама беріледі. В.В. Витюктің айтуы бойынша: «терроризм - жүйелі түрде күштеу әрекеттерін жүзеге асырумен байланысты саяси күрестің тактикасы; ол - тек ғана influential тұлғаларға физикалық қорқыту, сонымен қатар үкіметті және әлеуметтік топтарды үрейлендіру болып табылады; саяси мақсатты көздейтін жүйелі түрдегі арнайы ұйымдастырылған қаза келтіру», - дейді [3].

Тағы да айта кететін жағдай, күштеу актісі, егер де ол біреуді үрейлендіру, қорқыныш сезімін тудыру мақсатында жасалса ғана оны терроризм деп айтуға болады.

Терроризм - бұл біреуді қорқыту арқылы паника тудыру, мемлекеттік және қоғамдық тәртіпті бұзу тіпті жойып жіберу, сезімін тудыру арқылы қарастыластарын өздеріне лайық шешім қабылдауға мәжбүрлеу, саяси және өзге де өзгерістер тудыру болып табылатын күштеу әрекеті. Көптеген халықаралық құжаттарда терроризм әртүрлі мемлекеттер арасындағы көптен бері қалыптасқан саяси байланыстар жүйесін бұзатын, үзетін және барлық азаматтардың санасына нұқсан келтіреді деп көрсетілген. Терроризм актісі кезінде көп жағдайларда дүние жүзілік құқықтық тәртіпке және оның субъектілеріне еш қатысы жоқ қатардағы жәй азаматтар зардап шегеді.

Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 233-бабында былай делінген: Терроризм - бұл яғни адамдардың қаза болуы, елеулі мүлктік зиян келтіру, не қоғамға қауіпті басқа да зардаптардың болу-ақ төндіретін жарылыс жасау, өрт қою немесе өзге де іс жасау, егер осы әрекеттер қоғамдық қауіпсіздік бұзу, халықты қорқыту не мемлекеттік органдардың шешім қабылдануына ету мақсатында жасалса, сондай-ақ аталған іс-әрекеттерді дәл сол мақсатқа жасаймын деп қорқыту [4].

Терроризмге қарсы күрес туралы заңда былай деп көрсетілген: терроризм қоғамдық сондай-ақ сіздікті бұзу, халықты үрейлендіру, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, шет мемлекеттердің және халықаралық ұйымдардың шешім ықпал ету мақсатында мемлекет не қоғам қайраткерінің қызметін тоқтату немесе осындай қызметі үшін кек алу мақсатында тұлғаларға немесе ұйымдарға қатысты құқыққа қарсы қылмыстық жазаға тартылатын әрекет немесе оны жасаймын деп қорқыту.

Террористік акт - ол мемлекеттік немесе қоғам өміріне оның мемлекеттік немесе басқа да саяси қызметін үшін немесе осындай қызмет атқарып жүргені үшін тек алу мақсатында оның өміріне қол сұғу, нұқсан келтіру болып табылады. Республикасының терроризмге қарсы күрес туралы заңға сәйкес, терроризм акті - жарылыс жасау, өрт қою немесе адамдардың қаза болуы, елеулі мүлктік зиян келтіру не қоғамға сондай-ақ зардаптар туындау қауіпін төндіретін өзге де іс әрекеттер жасау немесе жасаймын деп

корқыту, егер осындай іс-әрекеттер қоғамдық қауіпсіздікті бұзу халықты үрейлендіру не Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, шет мемлекеттердің немесе халықаралық ұйымдардың шешім қабылдауына ықпал ету мақсатында жасалса, сондай-ақ адам өміріне дәл сол мақсаттарда қастандық жасау, сол сияқты мемлекет немесе қоғам қайраткерінің оның мемлекеттік немесе өзге де саяси қызметін тоқтату не қызметі үшін кек алу мақсатында қастандық жасау.

Терроризм - қазіргі дәуірдегі ең қауіпті қылмыс түрі болып табылады. Мұндай қылмыстар көп жағдайда ұлттық шектен шығып халықаралық сипат алуда. Террорлық әрекеттер әртүрлі болуы мүмкін, бірақ оның бәрін біріктіретін екі түрлі элемент бар. Оның біріншісі - терроризм мемлекеттік өкімет билігін күйретуге бағытталған; екіншісі - терроризмді жүзеге асыру арқылы яғни террористердің қатыгездік әрекеттері арқылы тұрғындарға үрей, қорғансыздық сезімін тудыру болып табылады.

Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 233-бабы: "Терроризм, яғни адамдардың қаза болуы, елеулі мүліктік не қоғамға сондай-ақ басқа да зардаптардың болу қауіпін тудыратын қоғамдық арылыс жасау, өрт қою немесе өзге де іс-әрекеттер қоғамдық қауіпсіздікті бұзу, халықты қорқыту не мемлекеттік органдардың шешім қабылдауына ықпал ету мақсатында жасалса, сондай-ақ аталған іс-әрекеттерді дәл сол мақсатта жасаймын деп қорқыту" — болып табылады.

Бұл жерде қылмыстың тікелей объектісі - қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін, реттейтін қоғамдық қатынастар болып табылады.

Терроризм қылмысты объективтік жағынан: адамдардың қаза болуы, елеулі мүліктік зиян келтіру не қауіпті басқа зардаптарын болу қауіпін төндіретін жарылыс өрт қою немесе өзге де іс-әрекеттер жасау; аталған іс-әрекеттерді жасаймын деп қорқыту арқылы сипатталады. Жарылыс жасау, өрті қоюдан басқа да іс-әрекеттерге көліктердің апатқа ұшырауын, күйреуін, ғимараттардың, мәдени және құрылыстардың қиратылуын, сондай-ақ радиоактивті, бактериологиялық немесе басқадай жолмен уландыруды қоймаларға, тұрғын-жайларға, құрылыстарға, алаңдарға су толтыру сияқтылар жатады.

Терроризмнің объективтік жағынан ерекшелік белгісі - Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 233-бабы. Диспозициясында көрсетілген (қылмыс зардаптарының нақты алуы емес) зардаптардың болу қауіпін тудырылуы жеткілікті болып табылады. Яғни өрт қою, жарылыс жасау немесе өзге де әрекеттерді жүзеге асыру арқылы іс-әрекет істелгенімен, заңда көрсетілген зардап орын алмаса да, қылмыс аяқталған деп танылады, өйткені мұндай әрекет адамдардың қаза болуы, елеулі мүліктік зиян не қоғам үшін сондай-ақ басқа зардаптардың болу қауіпін төндіріп тұр. Осыған байланысты қылмыс құрамы формальдық болып табылады. Субъективтік жағынан терроризм қасақаналықпен жасалады. Кінәлі адам заңда көрсетілген әрекеттерді істеу арқылы зардаптардың болу қауіпін туғызғанын соны жасаймын деп қорқытудың қоғамға қауіптілігін сезеді де соны жүзеге асыруды тілейді. Қылмыстың субъективтік жағынан қажетті белгісіне заң-қоғамдық бұзу, халықты қорқыту не мемлекеттік органдардың шешім қабылдауына ықпал ету арнаулы мақсатын қосып көрсеткен.

Қылмыстың субъектісі - 14-ке толған, есі дұрыс кез келген адам.

Терроризмді зерттеумен айналысатын Б. Дженкинстің айтуы бойынша «күш қолдану арқылы қорқыту - ол күштеу әрекетінің жекелеген актілері немесе күштеудің тобы және осы арқылы қорқыныш сезімін тудыратын күштеу терроризм ретінде танылады». Б. Дженкинс: «терроризм бұл соғыстың бір түрі», - дейді. Бірақ терроризм мен соғысты шатастыруға болмайды, олар бір-бірімен байланысты және кейде олар бірінен біріне өтіп кетеді. Терроризм дүние жүзінің өзекті проблемасы болғандықтан, АҚШ органдарының терроризм жөнінде түсініктерін көрсетуді жөн деп санаймын. ЦРУ былай дейді: «халықаралық бұл шет ел мемлекеттерінің, ұйымдарының және қолдауы арқылы жүзеге асырылатын терроризм», - дейді. ФБР былай дейді: «терроризм бұл саяси және әлеуметтік мақсаттарға жету үшін үкіметке, жәй азаматтарға немесе оның кез-келген бөлігіне ықпал ету мақсатында жеке адамдарға немесе меншікке қарсы күш көрсету немесе күш қолдану. Мемлекеттік департаменттің көзқарасы бойынша терроризм бұл ішіндегі топтар мен немесе мемлекеттің жасырын түрде жүзеге асырылатын ұйымдастырылған саяси күштеу.

1986 жылғы Халықаралық құқық сөздігіне былай делінген: «Халықаралық терроризм бұл мемлекеттердің және олардың арасындағы қалыпты дипломатиялық қызметті бұзатын, халықаралық кездесулердің және халықаралық шарттарды жүзеге уын қиындататын, сондай-ақ мемлекеттердің арасындағы өрт байланыстарын нашарлататын, адамдардың негізсіз өліміне әкеп соғатын қоғамға қауіпті халықаралық масштабтағы іс-әрекеттердің жиынтығы» [5].

Е.Г. Ляхов келесідей қорытындыға келеді: «Халықаралық терроризм актісі әрбір мемлекеттердің қылмыстық құқығымен бағаналатын, халықаралық қылмыс ретінде ғана емес, сондай-ақ

халқаралық құқық пен халықаралық қатынастарға қолсұғатын іс-әрекетінде бағаланды» [6]. Халықаралық құқық пен қорғалатын бір немесе бірнеше құндылықтар жүйесіне қарсы тұлғаны террористік актісі халықаралық қатынастарға бағытталған болып табылады.

Террористік қолсұғушылықтың объектісі ретінде бір жағынан адамдар болып табылады, яғни қолсұғушылықтан зардап шеккен, ал екінші жағынан мемлекеттегі құқықтық тәртіп сонымен басқару тәртібі, аумақтық тұтастық, саяси құрылымы және сияқтылар болып табылады.

Қазіргі кезде глобальді терроризмнің қаупі өте жоғары, себебі террористер қазіргі кездегі жаңа әр түрлі қаруды иеленген, өздерінің құралдары бар, қазіргі кездің жаңа компьютерлері және техникасы бар, олар өз кітаптарын газет журналдарын шығарады, олардың жоғарғы билік органдарында сыбайластары бар болғандықтан ғана глобальді терроризмнің идеологиясының кең жаюы болып табылады. Терроризм бір жерді жаулап алғаннан кейін ол міндетті түрде жерлерді жаулап алуға тырысады. Террористермен жаппай-қырып жоятын қаруды қолдану қаупі бар, себебі: біріншіден: мұндай қаруды дайындап шығару заманда көп қиындықтарды туғызбайды. Екіншіден: мұндай қарумен террористерді Солтүстік Корея, Ирак, Ливия мемлекеттері қамтамасыз етуі мүмкін.

Ю.М. Антоньянның айтуы бойынша террористік акт адамдарды кепілдікке ұстап алу арқылы да жүзеге асырылуы мүмкін [3]. Бұндай жағдайда террористер адамдарды бірінен кейін бірін өлтіріп, өздерінің мақсаттарына жетуді ойластырады. Бірақ бұл айтылған тұжырым қылмыстық заңға сәйкес келмейді. Себебі заңда кепілдікте байланысты өз алдына жеке бап бар. Бірақ бұл жерде ды өлтіру арқылы басқа адамдарға қорқыныш, қорғансыздық тудырып тұр, демек бұл терроризм ба деген сұрақ туындайды, себебікөп жағдайларда көптеген адамдардың өліміне әкеп соғады көптеген адамдарға ауыр дене жаракатып келтіреді. Адамдардың психикасына жағымсыз әсер етеді. Көптеген материалдық құндылықтарды және діни құндылықтарды қалпына келтірілмейтіндей етіп қиратады.

Терроризмнің қауіптілігі одан шегушілердің санынан байланысты емес. Терроризмді радиациялық қауіптілік пен экономикалық дағдарыспен тепе-тең қоюға болады. Біріншіден: террористер ядролық және басқа да жаппай қырып жоятын қаруларды қолдануы мүмкін. Екіншіден: террористер көптеген адамдарға қорқыныш сезімін тудырумен қатар көптеген адамдарды өздеріне біріктіріп алуы мүмкін. Үшіншіден: кейбір елдерде терроризмнің масштабы ұлттық шектен шығуда. Төртіншіден: терроризмнің аса қауіпті ерекшелігі, ол бүкіл немесе мемлекетте қоғамдық саяси және экономикалық жақсартуға емес керісінше нашарлатуға бағытталған.

1 Даль В.И. Словарь. – М., 1981.

2 Карпец. Преступления международного характера. - Москва, 1979.

3 Антонян Ю.М. "Терроризм" криминологическое и уголовно-правовое исследование. - Москва, 1998.

4 Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі 1997 ж. // Юрист – анықтама жүйесі.

5 Словарь международного права. – М., 1986.

6 Ляхов Е.Г. Терроризм и международные отношения. - Москва, 1991.

Резюме

В данной статье рассматривается история и развития терроризма, как преступления в отечественном и зарубежном законодательстве.

Summary

In given article the author considers origin and terrorism developments as crimes in the domestic and foreign legislation.

АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫ ГРАЖДАНСКОЕ ПРАВО И ГРАЖДАНСКИЙ ПРОЦЕСС

ӨТЕЛМЕЛІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ШАРТЫН АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Д.Ж. Белхожаева -

Азаматтық құқық және іс жүргізу кафедрасының аға оқытушы,

А. Жомартқызы -

Қылмыстық құқық және іс жүргізу кафедрасының оқытушы

Қызмет нарығы - бүгінгі таңдағы экономикадағы қарқынды дамып отырған сектордың бірі, қызмет көрсету бойынша атқарылатын қызмет адамның әлеуметтік, тұрмыстық, рухани қажеттілігін қамтамасыз етуге тікелей бағытталады, және де интернет көмегімен қанағаттандырылатын ауқымды макроэкономикалық масштабты қамтып отыр деуге болады. Қызмет адамдардың барлық іс-әрекеттерінің саласын қамти отырып, бүгінгі таңда тұтынушылық құндылығын иемденуде. Қазіргі кезеңді өтелмелі қызмет көрсету шартының көп түрлері қалыптастырылған уақыт деуге толық болады, сондай-ақ келешекте өз алдына өмір сүре алатындығын көрсетеді.

Сонымен қатар, өтелмелі қызмет көрсету қатынастарын құқықтық реттеудің ақтандақтары бар. Өйткені, азаматтық заңнамаларда, яғни Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінде қызмет түсінігі нақты берілмеген, тек ҚР АҚ-нің 115-бабында қызмет азаматтық құқықтың объектісі ретінде сипатталған, және де оның белгілері толық ашып көрсетілмегендігін айта кеткен жөн. Заң бойынша (ҚР АҚ-нің 683-бабына сәйкес) «қызмет көрсету» термині - белгілі бір іс-әрекет жасау немесе белгілі бір қызметті жүзеге асыру ретінде түсіндірілген. Айта кететін жайт, ҚР АҚ-нің 687-бабында былай делінген: мердігерлік туралы жалпы ережелер (осы Кодекстің 616-639 баптары) және тұрмыстық мердігерлік туралы ережелер (осы Кодекстің 640-650 баптары), егер осы Кодекстің 683-686 баптарына, сондай-ақ өтелмелі қызмет көрсету шарты нысанасының ерекшеліктеріне қайшы келмесе, өтелмелі қызмет көрсету шартына қатысты қолданылады [1]. Міне, осы жерде қатынасты реттеу мүлдем шатысып кеткен деуге болады. Себебі, мердігерлік міндеттемесін реттейтін қалыптардың санына байланысты, екі қорытынды жасауға болады.

Бірінші қорытынды, осы әрекеттегі азаматтық заңнамадағы мердігерлік және өтелмелі қызмет көрсету шарттарына бірмезетте қолданылатын қалыптар әмбебап сипатта қолданылады.

Екінші қорытынды, Қазақстан Республикасы азаматтық кодексінде шарттық қатынастың объектісі ретінде қызмет пен мердігерлік шарты бойынша орындалған жұмыс арасындағы айырмашылықтары қарастырылмаған.

Жалпы алғанда, доктринада «қызмет» түсінігі көп мағынада қарастырылуда. Ғалымдар бірегей пікірге келе алмауда, заңнамада «қызмет» түсінігін бекіту үшін үш негізгі концепция қалыптасқан:

- «дифференциалдық», қызмет көрсету аясын жеке реттейтін арнайы заңды қабылдауды ұсынады (Язев В.А., Садиков О.Н., Калмыков Ю.Х., Баринов Н.А.);

- «Интегралдық», бір заңда «азамат-тұтынушы» құқықтарын қорғауды тоғыстыруды ұсынады (Мозолин В.П., Кабалкин А.Ю.) [2, 37 б];

- «орталықтандырылған негіз», бұл концепцияның өкілдері азаматтық заңнамалар негізін қалыптастыруды ұсынады (Красавчиков О.А., Плетнев В.А.) [3].

Ал, бүгінгі таңда уақыт өте келе заң шығарушылармен «интегралдық концепция» қолдау тапты, яғни «Тұтынушылар құқығын қорғау туралы» заңы [4] қабылданылды. Бұл Заң тұтынушылар праволарын қорғаудың құқылы, экономикалық және ілеуметтік негіздерін, сондай-ақ кепілдіктерін баянды етеді. Мемлекеттік өкімет пен басқару органдары тұтынушылардың өздерін сапалы товарлармен, жұмыстармен және қызметтермен қамтамасыз ету жөніндегі жеке праволарын қорғауға байланысты тиімді шараларды жүзеге асыруға міндетті.

Қызмет нарығының қарқынды даму тенденциясын ескере отырып, өтелмелі қызмет көрсету шарты бүгінгі күні қажетті және келешекте де дамуын тоқтатпайтын азаматтық-құқықтық институт болып табылады. Осыған орай, өтелмелі қызмет көрсету міндеттемесінде тек ғана тараптардың құқықтарын қорғаумен қатар, заказ алушы мен тұтынушылар қажеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған жаңдайлар жасауымыз қажет. Сондықтан, осы институтты реттейтін нормативті-құқықтық база осы қатынастың қатысушыларының құқықтары мен мүдделерін тиісінше қорғай алмайды, осыған орай өтелмелі қызмет көрсету шартын теориялық тұрғыда зерделеуді, және де заңдарды жаңартуды қажет етеді. Жоғарыда айтылған жайттар зерттеу тақырыбының өзектілігін, оның теориялық және тәжірибелік маңыздылығын білдіреді.

Цивилистика доктринасында қызмет түсінігі туралы пікірталас және де қызметті құқықтық реттеу жиырмасыншы ғасырдың 70 жылдары қалыптаса бастаған. Дегенмен, қызмет түсінігі туралы бүгінгі таңға дейін жүйелі анықтама жоқтың қасы деуге болады.

Жалпы доктринада «қызмет» терминінің азаматтық-құқықтық түсінігі туралы үш көзқарас қалыптасқан:

Бірінші көзқарас бойынша, қызмет азаматтардың қажеттілігін қамтамасыз ететін қызмет ретінде қарастырылды [6, 89 б].

Екінші көзқарас, «қызмет» - азаматтар және заңды тұлғалар да қатысатын мүлдіктік қатынас [6, 29].

Үшінші көзқарас, қызмет дегеніміз қызмет көрсету міндеттемесінің пәні ретінде ұғындырылады [6, 45 б].

Атақты орыс ғалымы Ю.Х.Калмыков қызмет түсінігін кеңінен талдады: «қызмет дегеніміз міндеттемелік құқықтық қатынас бойынша контрагентке жағдай немесе жеңілдік жасауға бағытталған іс-әрекет» [6, 33 б]. Сөзсіз, қызмет көрсету міндеттемесіне тапсырыс берушіге жағдай жасау мақсатында жасалынған шарттардың құқықтық табиғаты сай келетін: тұрмыстық мердігерлік шартын, несиеге бөлшектеп сату-сатып алу шартын, прокат шартын жатқызады. Бірақ, қызмет көрсету міндеттемесі ұғымы міндеттемелердің көп шегін қамтиды.

Ал, Е. Романова қызмет көрсету міндеттемесіне жататын қызмет нәтижесі бойынша міндеттемелер шегін төмендегі белгілер бойынша қысқартты: а) қызмет көрсету шартының пәні – контроагент үшін жағдай жасалуы тиіс (уақыты, қаражаты үнемделуі); б) қызмет – ол ұсынылуы кезінде қолданылатын іс-әрекет болуы тиіс [7, 213 б].

С.Алексеев былай дейді: «қызмет – бұл тек іс-әрекет ғана емес, белгілі бір нәтиже» [8, 297 б].

Н. Индюковтің пікірінше: «қызмет тек еңбек нәтижесі ғана болады. Нәтиже адамдарға жағымды нысанда болуы тиіс», - деген [9, 33 б].

Ал, М.Кротованың айтуынша: қызмет азаматтық та, еңбектік құқықтық қатынастың да объектісі болуы мүмкін. Еңбектік-құқықтық қатынастың объектісі - қызмет қызмет көрсету процесі ретінде ұғындырылса, ал азаматтық құқықта – қызмет еңбек өнімі ретінде қарастырылады. Қызмет – оны жүзеге асыру процесінде қолданылатын азаматтар мен заңды ұйымдардың қызметі, заттық сипаты жоқ өнім [10, 41 б].

Қызмет заттық сипаты жоқ іс-әрекет ретінде, О.С.Иоффе тұжырымдайды [11, 419 б].

Е.Д.Шешенин қызметтің төмендегідей белгілер атап көрсетті: «а) қызмет көрсететін жеке және заңды тұлғаның қызметі; б) қызмет көрсетудің нәтижесі заттық сипатта болмайды; в) қызметтің тиімділігі қызмет көрсету процесінде қолданылады, ал қызметтің тұтыну құны жойылады» [12, 177 б].

Қызмет көрсету нәтижесінде заттық сипаттың болмауы қызметтің негізгі белгісі ретінде қарастырылатын болса, қызмет пен жұмыс түсініктері арасындағы ара-жікті ашуға көмегі зор. Яғни, мердігер шарты мен өтелмелі қызмет көрсету шарты арасындағы ара-қатынасты ашып берері сөзсіз. Дегенмен, әрекеттегі азаматтық заңнамаларда қызмет көрсету және жұмысты орындау туралы қатынасты құқықтық реттеудің ара-жігі айқындалмағандықтан, қызметті жұмыстың бір түрі ретінде қарауға мүмкіндік береді.

И.Брауде былай дейді: «жұмыс қандай да бір затты жасу немесе белгілі бір қызметті көрсету» [13, 221 б].

Азаматтық құқық ғылымында жұмыс – қызметтің бір түрі ретінде деген пікірге қарама қарсы пікір қалыптасқан. Н.Баринов қызмет, жұмыс орындау және қызмет көрсету ұғымдарын біріктірді. Былай деген: «кейбір қызмет заттың тұтыну құндылығын білдіреді. Ал басқа қызметтер атқарушының қызмет нәтижесі ретінде, тоуар түрінде болмайды, тек атқарушының іс-әрекеті нысанында көрініс алады» [14, 14 б].

Мердігер шарты қызметтің бір түрі болып табылады, - дейді Ю.Калмыков [6, 34 б].

А.Ю.Кабалкинның пікірінше: «жұмысты орындау қызмет көрсету міндеттемесінің бір түрі ретінде қарастыруға болады, себебі кез келген қызмет белгілі бір жұмысты орындау арқылы қол жеткізіледі» [2, 84 б].

Өтелмелі қызмет көрсету шартын жаңа шарт түрі ретінде азаматтық заңнамада бекіту қажеттілігін негіздей отырып, Е.Шешенин жұмыс пен қызмет ұғымдарының ара жігін ажырату қажеттілігін айтты. Қызметтің экономикалық мәнінің бірлігін мойындай отырып, дегенмен қызметті іс-әрекеттің нәтижесі бойынша бөлуді көздейді. Оның пікірінше: «қызмет бірінші кезекте мердігерлік шартының пәні болып табылады, ал екінші кезекте қызмет өтелмелі қызмет көрсету шартының да пәні бола алады» [12, 356 б].

Азаматтық құқықта жалпы алғанда мердігерлік шартының белгісі болып қызмет нәтижесі болып табылады. Рим жеке құқығында Лабеоға тілінде «locatio-conductio operis» - гректердің түсінігінше, «аяқталған еңбек», яғни орындалған жұмыстың аяқталған нәтижесі дегенді білдіреді [12, 490 б].

Еңбек нәтижесін Р.Саватье өзге тұрғыда қарастырады. Ол міндеттеменің екі түрін бөліп көрсетеді: нәтиже беретін міндеттеме, нәтижеге кепілдік берілетін, яғни мердігерлік шартын жатқызады. әрекет жасауға тиісті міндеттеме, борышқор (дәрігер, тренер) өз жұмысты тиісінше орындауға міндетті, бірақ оның нәтижесіне кепілдік бермейді [14, 232 б].

Төңкеріске дейінгі орыс азаматтық құқығында жұмыс пен қызмет ұғымдарының ара жігін ашып көрсету туралы пікір талас жоқтың қасы. Д.Мейер былай дейді: «мердігерлік шарты – бір тарап белгілі бір ақыға екінші тарапқа белгілі бір уақыт ішінде белгілі бір қызметті көрсетуге міндеттейтін шарт» [15, 295 б].

Цивилисттермен заттық нәтиженің болуы жеке жалдау және мердігерлік шартының бір бірінен ажыратын белгілі ретінде қарастырылмады. Л.Таль еңбек шарты мен мердігерлік шартының белгілерін анықтауда, мердігерге нақты нәтижеге уәде беретін жұмысты орындау міндетін жүктеді [16, 210 б.].

Қазіргі заңнамада қызмет нәтижесінің материалдық сипаты салық салу объекті ретінде жұмыс пен қызметті ажыратуға негіз болады. ҚР салық кодексіне орай, жұмыс – жеке және заңды тұлғалардың қажеттілігін қанағаттандыру үшін жүзеге асырылатын және материалдық сипаты бар нәтиже, қызмет түрі. Ал, қызмет – материалдық сипаты жоқ және осы қызметті жүзеге асыру кезінде қолданылатын қызмет.

ҚР Азаматтық кодексінің 33-тарауындағы өтелмелі қызмет көрсету белгілі бір әрекетті жасау немесе белгілі бір қызметті жүзеге асыру деген мағынаны білдіреді. Дегенмен, азаматтық заңда өтелмелі қызмет көрсету шарты бөлініп көрсетілгенімен, ол шарттың пәні туралы ұғым сол қалыпында қала берді. М.Кротовтың пікірінше: қызмет көрсету шартының пәні – заттық сипаты жоқ және кепілдендірілмейтін әрекет [10, 25 б]. Ал, А.Шерстобитов пән ретінде – атқарушының жасаған белгілі бір әрекетінен немесе жүзеге асырған белгілі бір қызметінен тапсырысшының қол жеткізген тиімді нәтижесі. Тиімді нәтиженің заттық сипаты болмауы тиіс, - дейді [17, 5 б].

Қызметтің әр түріне тән жалпы белгі ретінде В.А.Кабатова былай дейді: «өтелмелі қызмет көрсету шартының пәні заттық нәтиже емес, ереже бойынша тиісті жүзеге асырылған әрекет» [18, 393 б].

Жалпы алғанда, қызмет түсінігін тұжырымдағанда, қызмет көрсету кезінде атқарушы қызметінің материалдық емес нәтижесі деуге болады. Осыған орай, қызмет ұғымының доктриналық түсінігін қалыптастырған Е.Шаблованың көзқарасына тоқталсақ. Қызмет – интеллектуалдық меншік объектісі немесе заттарды жасаумен байланысы жоқ тұлғаның жеке қажеттілігін қанағаттандыратын және ақылы негізде қызмет нәтижесіне қолжететін тәсіл [19, 13 б].

В.Кванин жұмыс пен қызмет ұғымдарын былай бөліп көрсетеді: «қызмет кең мағынада, заттық сипаты жоқ кез келген қызмет (мысалы, тапсырма, сақтау, комиссия, тасымалдау, медициналық, білім беру қызметтері). Ал, тар мағынада, қызмет дегеніміз тапсырысшының затына емес, жеке басына бағытталған қызмет. Сонымен қатар, тапсырысшының жеке басына бағытталған материалдық нәтижелер де болады (мысалы, шаштаразшы қызметі, косметолог қызметі)» [20, 32 б].

Құқықтық әдебиеттерде қызметтің негізгі белгі ретінде қарастырылған заттық сипаты жоқ нәтиже сынға түсті. Себебі, кейбір өтелмелі қызмет көрсету кезінде заттық сипаттағы нәтижелерде орын алады. Мысалы, стоматологиялық көмек арқылы медициналық қызмет көрсетуде заттық нәтиже орын алады, ал терапевтік емдеуде заттық сипаттағы нәтиже болмайды.

Ал, Д.Степанов қызметтің төмендегідей белгілерін ашып көрсетті:

- әрекет жиынтығы бір бірін толықтыратын қызметтің күнделікті сияптын құрауы тиіс;
- қызметте заттық сипат болмайды;
- қызмет нақты бір адамға жасалады;
- қызметтің дәл уақытында тұтынушылығы болуы тиіс;
- қызмет сапасының тұрақсыздығы [21, 16 б].

Д. Степанов осы белгілерді айқындай отырып, қызмет түсінігін береді: «Қызмет – белгілі бір заңды операцияны бейнелейтін, материалдық немесе материалдық сипаты бар атқарушының әрекетібілдіретін азаматтық құқықтық қатынастың объектісінің бір түрі» [21, 190 б]. Д.Степанов жұмысқа ғимараттар мен үйлерді жөндеуді жатқызады, ал қызметке құрал-саймандарды, тұрмыстық техникаларды, зергерлік бұйымдарды жөндеуді қызметін жатқызады.

Бірақ, аталған тұжырыммен келісуге болмайды. Міне, қарап отырсақ, азаматтық құқықта қызмет

ұғымының жалпы түсінігі жоқтың қасы. Қызмет – мүліктік қатынасқа қатысушылардың қажеттілігін қанағаттандыруға процесінде қалыптасатын қоғамдық қатынастар тобы құрайтын қызмет түрі деп қорытуға болады. Сонымен қатар, өтелмелі қызмет көрсету қатынастарын құқықтық реттеудің ақтаңдақтары бар, Өйткені, азаматтық заңнамаларда, яғни Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінде қызмет түсінігі нақты берілмеген, тек ҚР АҚ-нің 115-бабында қызмет азаматтық құқықтың объектісі ретінде сипатталған, және де оның белгілері толық ашып көрсетілмегендігін айта кеткен жөн. Заң бойынша (ҚР АҚ-нің 683-бабына сәйкес) «қызмет көрсету» термині - белгілі бір іс-әрекет жасау немесе белгілі бір қызметті жүзеге асыру ретінде түсіндірілген. Айта кететін жайт, ҚР АҚ-нің 687-бабында былай делінген: мердігерлік туралы жалпы ережелер (осы Кодекстің 616-639 баптары) және тұрмыстық мердігерлік туралы ережелер (осы Кодекстің 640-650 баптары), егер осы Кодекстің 683-686 баптарына, сондай-ақ өтелмелі қызмет көрсету шарты нысанасының ерекшеліктеріне қайшы келмесе, өтелмелі қызмет көрсету шартына қатысты қолданылады. Міне, осы жерде қатынасты реттеу мүлдем шатысып кеткен деуге болады. Себебі, мердігерлік міндеттемесін реттейтін қалыптардың санына байланысты, екі қорытынды жасауға болады.

Бірінші қорытынды, осы әрекеттегі азаматтық заңнамадағы мердігерлік және өтелмелі қызмет көрсету шарттарына бірмезетте қолданылатын қалыптар әмбебап сипатта қолданылады.

Екінші қорытынды, Қазақстан Республикасы азаматтық кодексінде шарттық қатынастың объектісі ретінде қызмет пен мердігерлік шарты бойынша орындалған жұмыс арасындағы айырмашылықтары қарастырылмаған.

Жалпы алғанда, доктринада «қызмет» түсінігі көп мағынада қарастырылуда. Ғалымдар бірегей пікірге келе алмауда, заңнамада «қызмет» түсінігін бекіту үшін үш негізгі концепция қалыптасқан: «дифференциалдық», қызмет көрсету аясын жеке реттейтін арнайы заңды қабылдауды ұсынады (Язев В.А., Садиков О.Н., Калмыков Ю.Х., Баринов Н.А.) [6, 14] «Интегралдық», бір заңда «азамат-тұтынушы» құқықтарын қорғауды тоғыстыруды ұсынады (Мозолин В.П., Кабалкин А.Ю.) [2]; «орталықтандырылған негіз», бұл концепцияның өкілдері азаматтық заңнамалар Негізін қалыптастыруды ұсынады (Красавчиков О.А., Плетнев В.А.) [3].

Ал, бүгінгі таңда уақыт өте келе заң шығарушылармен «интегралдық концепция» қолдау тапты, яғни «Тұтынушылар құқығын қорғау туралы» заңы [4] қабылданылды. Бұл Заң тұтынушылар праволарын қорғаудың құқылық, экономикалық және ілеуметтік негіздерін, сондай-ақ кепілдіктерін баянды етеді. Мемлекеттік өкімет пен басқару органдары тұтынушылардың өздерін сапалы товарлармен, жұмыстармен және қызметтермен қамтамасыз ету жөніндегі жеке праволарын қорғауға байланысты тиімді шараларды жүзеге асыруға міндетті.

Азаматтық құқықта қызмет ұғымының жалпы түсінігі жоқтың қасы. Қызмет – мүліктік қатынасқа қатысушылардың қажеттілігін қанағаттандыруға процесінде қалыптасатын қоғамдық қатынастар тобы құрайтын қызмет түрі деп қорытуға болады. Сонымен қатар, өтелмелі қызмет көрсету қатынастарын құқықтық реттеудің ақтаңдақтары бар. Айта кететін жайт, ҚР АҚ-нің 687-бабында былай делінген: мердігерлік туралы жалпы ережелер (осы Кодекстің 616-639 баптары) және тұрмыстық мердігерлік туралы ережелер (осы Кодекстің 640-650 баптары), егер осы Кодекстің 683-686 баптарына, сондай-ақ өтелмелі қызмет көрсету шарты нысанасының ерекшеліктеріне қайшы келмесе, өтелмелі қызмет көрсету шартына қатысты қолданылады. Міне, осы жерде қатынасты реттеу мүлдем шатысып кеткен деуге болады. Өтелмелі қызмет көрсету шарты тікелей ҚР Азаматтық кодексі және тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы заңымен реттелінеді.

Өтелмелі қызмет көрсету шарты жекеленген заң актілерімен де реттеледі. Мысалы, байланыс саласындағы қызмет көрсету «Байланыс туралы» заңымен, аудиторлық қызмет көрсету «Аудиторлық қызмет туралы» заңымен, туристік қызмет көрсету «Туристік қызмет туралы» заңымен, ақылы білім беру қызметі «Білім туралы» заңымен, заңды және жеке тұлғалардың күзет қызметін көрсету «Күзет қызметі туралы» заңымен, медициналық қызмет көрсету «Қазақстан Республикасында азаматтар денсаулығын қорғау туралы» заңымен, мүлікті бағалау жөніндегі қызмет ҚР «бағалау туралы» заңымен, кредиттік бюроның қызметі ҚР банк және банктік қызмет туралы заңымен, нотариустық қызметтер ҚР нотариус туралы заңымен реттелінеді. Міне, қарап отырсақ өтелмелі қызмет көрсету шартының құқықтық реттелу ерекшелігі осындай деуге толық негіз бар.

Өтелмелі қызмет көрсету шарты бойынша орындаушы тапсырысшының тапсырмасы бойынша қызмет көрсетуге (белгілі бір іс-әрекет жасауға немесе белгілі бір қызметті жүзеге асыруға) міндеттенеді,

ал тапсырысшы бұл қызметті көрсетуге ақы төлеуге міндеттеледі.

Өтелмелі қызмет көрсету шарты консенсуалды, ақылы, екі жақты және қосылу және жария шарт.

Өтелмелі қызмет көрсету шартының элементтері:

1. Өтелмелі қызмет көрсету шартының тараптары - атқарушы мен тапсырысшы. Мұнда мердігерлік шарттармен белгілі бір ұқсастық байқалады. Бір тарапқа атқарушы мәртебесін беру оның алдағы әрекетінің шарт аясындағы тапсырысшыдан түсетін тапсырмамен алдын ала келісіп қоятындығын білдіреді.

Тапсырысшы – екінші тарапқа- шарт бойынша келісілген көрсетілетін белгілі бір іс-әрекетті қабылдайтын, қызмет көрсетуге тапсырыс беретін тұлға. Тапсырысшы ретінде азаматтық-құқықтық қатынастарының кез келген тұлғасы бола алады.

Атқарушылар ретінде кез келген жеке немесе заңды тұлғалар болуы мүмкін. Көп жағдайда шарт бойынша белгілі бір қызмет көрсетуге міндеттенетін тұлға, көбінесе кәсіпкерлік қызметінің субъектісі, жеке тұлға немесе жеке кәсіпкер, коммерциялық заңды тұлға бола алады. Өтелмелі қызмет көрсету шартын жүзеге асыру үшін атқарушы міндетті түрде өз қызметінің бағытын айқындау үшін лицензия алуы тиіс.

2. Өтелмелі қызмет көрсету шартының нысаны - өтелмелі қызмет көрсету шарты оның субъектілеріне, бағасына қарай жазбаша нысанда бекітілуге тиіс, не ауызша нысанда да бекітілуі мүмкін. Себебі көп жағдайда өтелмелі қызмет көрсету шарты қосылу шарты болып табылады. ҚР АҚ-нің 389-бабына сәйкес, ережелерін тараптардың біреуі формулярларда немесе өзге стандартты нысандарда белгіленген және басқа тарап оны ұсынылған шартқа тұтастай қосылу жолы деп қабылдай алатын шарт қосылу шарты деп танылады. өтелмелі қызмет көрсету шартының ережелері тараптардың біреуі формулярларда немесе өзге стандартты нысандарда белгілейді.

3. Өтелмелі қызмет көрсету шартының пәні - Өтелмелі қызмет көрсету шартының пәні – шарт бойынша атқарушы жүзеге асыратын қандай да бір әрекеттер. Өтелмелі қызмет көрсету шартының пәні болып заттандырылған көрініс табылмайды. Қызмет көрсетудің нәтижесін реттеу құқықтық маңызға ие емес. Өтелмелі қызмет көрсету туралы шарттың мердігерлік шарттан түбірлі ерекшелігі осында.

4. Өтелмелі қызмет көрсету шартының бағасы – бірқатар жағдайларда өтелмелі қызмет көрсету шарттары жария шарттары, тұтынушы шарттар, қосылу шарттары болып табылады. Солар бойынша көзделетін сыйақының мөлшері атқарушының тарифтерің ставкаларына сәйкес, ал кей жағдайларда, антимонопольды органмен келісілген тарифтер, ставкалар бойынша анықталады.

5. Өтелмелі қызмет көрсету шартын орындау мерзімі - қызмет көрсету үшін белгілі бір уақыт керек, сондықтан шарт бойынша шарт жасасу кезі және оның орындалу кезі сәйкес келмеуі мүмкін. Өз кезегінде бұл оларға тәуелділікке мердігердің жұмыс орындары қойылатын мерзімдерге әсер етеді. Кейде өтелмелі қызмет көрсету шартының орындалуы және жасалуы бір уақытта болуы мүмкін, мысалы, суретке түсіру шарттары «тез» фотосуреттер дайындаумен байланысты міндеттеменің осындай мерзімдерінің ерекшелігі олардың барынша қысқалығы болады, және осы міндеттеме жасайтын шарттың тапсырысшының себептенуші негізінде болуы мүмкін.

Өтелмелі қызмет көрсету шартын әртүрлі белгілері бойынша түрлерге бөлуге болады. ҚР АҚ-нің 687-бабына сәйкес, мердігерлік туралы жалпы ережелер және тұрмыстық мердігерлік туралы ережелер, сондай-ақ өтелмелі қызмет көрсету шарты нысанасының ерекшеліктеріне қайшы келмесе, өтелмелі қызмет көрсету шартына қатысты қолданылуға болады. Осы негіз өтелмелі қызмет көрсету шартын бөлуге негіз болып отыр:

- біріншіден, өтелмелі тұрмыстық қызмет көрсету шарты;
- екіншіден, кәсіпкерлік қызмет аясындағы өтелмелі қызмет көрсету шарты.

Сонымен қатар, ҚР АҚ-нің 683-бабының 2-тармағына сәйкес, шаруашылық және әлеуметтік-мәдени қызметтер аясына байланысты өтелмелі қызмет көрсету шартын төмендегідей негізгі түрлерге бөлуге болады: байланыс және ақпарат қызметтері; медициналық және әлеуметтік сипаттағы қызметтер; мал дәрігерлік қызметтер; аудиторлық қызметтер; құқықтық (кеңес беру) қызметтер; туристік-экскурсиялық қызметтер; оқыту қызметтері; қоғамдық тамақтандыру қызметтері; қонақ үйлік қызметтер; коммуналдық қызметтер; спорттық-сауықтыру және санаториялық-куроорттық қызметтер; лотереялар (мемлекеттік (ұлттық) лотереядан басқа) ұйымдастыру және оларды өткізу; ойын бизнесі саласындағы қызмет; мүлікті бағалау жөніндегі қызмет; заңды және жеке тұлғалардың күзет қызметін жүзеге асыруы; кредиттік бюроның қызметі, нотариустық қызметтер.

Қызметтер көрсету туралы шарттардың жағдайларын бұзғаны үшін жауаптылық негізін ҚР АҚ

және тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы заңы құрайды. Осы аталған заң залыптарына сәйкес, егер өндіруші шартты орындауға дер кезінде кіріспесе немесе жұмысты белгіленген мерзімге қарай бітіру мүмкін болмайтындай өте баяу жүргізетін болса, тұтынушы (тапсырыс беруші) жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету туралы шартты бұзып, шығынның орнын толтыруды талап етуге құқылы (арнаулы шартта ескертілген жағдайдан басқа кезде). Егер жұмысты орындау немесе қызмет көрсету кезінде ол шарттың жағдайларына сәйкес орындалмайтыны белгілі болса, тапсырыс беруші орындаушыға кемшіліктерді төз еу үшін тиісті мерзім тағайындауға, ал бұл талап тағайындалған мерзімде орындалмаған ретте шартты бұзуға, не шығынның орнын толтыруды талап етуге немесе үшінші адамға өндірушінің есебінен кемшіліктерді төзеуді тапсыруға құқылы.

Егер өндіруші орындалған жұмыстың сапасын нашарлата отырып шарттың жағдайларынан шегінетін болса не өзге кемшілікке жол берсе, тапсырыс беруші өз таңдауы бойынша аталған кемшіліктерді өз қаржысымен тегін төз етуді немесе қызмет үшін төленетін ақыны соған сәйкес азайтуға құқылы. Осы кемшіліктерді жою мерзімі шарт жасасқан кезде, сондай-ақ кемшіліктер анықталған кезде қосымша көрсетілуі мүмкін. Белгіленген мерзімде кемшіліктерді жоймаған, сондай-ақ қызметті бастау және аяқтау мерзімін өткізіп алған жағдайда атқарушы қызметті қабылдап алумен қатар тұтынушыға ҚР заңдарында немесе шартта көзделген кешіктірілген әрбір күн үшін айып (штраф, өсім) төлейді.

Орындалған жұмыстағы кемшіліктерді жою мерзімін өткізіп алған жағдайға белгіленген кешіктірілген әрбір күн үшін айып (штраф, өсім) өтелуге жататын шығынның есебіне қосылмайды. Егер атқарушы мерзімді өткізіп алу тұтынушы кінәсінің салдарынан болғанын дәлелдесе қызмет көрсетуді орындауды және кемшіліктерді жоюды бастау және аяқтау мерзімін өткізіп алғаны үшін жауапты болмайды. Қызметтерде шарттан елеулі шегініс жасалған болса немесе өзге не елеулі кемшіліктер болса, тапсырыс беруші шартты бұзуды және шығынның орнын толтыруды талап етуге құқылы.

1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі 1999 ж. 16 шілде // Юрист анықтама жүйесі.
2. Кабалкин А. Ю., Мозолин В. П. Охрана прав граждан и потребителей // Советское государство и право. 1986. № 4. - С. 37-45.
3. Красавчиков О. А. Теория юридических фактов в советском гражданском праве: Автореф. дис. : канд. юрид. наук. Свердловск, 1985. - 22 с.
4. Қазақстан Республикасының тұтынушылар құқығын қорғау туралы 1991 ж. заңы // Юрист анықтама жүйесі.
5. Брагинский М. И., Витрянский В. В. Договорное право. Книга третья. - М., 2002. 897 с.
6. Калмыков Ю. Х. К понятию обязательства по оказанию услуг в гражданском праве // Избранное: Труды. Статьи. Выступления. - М., 1998. - С. 29-34.
7. Романова Е. Н. Гражданско-правовое содержание услуг. - М., 2000. 311 с.
8. Алексеев С. С. Об объекте права и правоотношения // Вопросы общей теории советского права. - М., 1980. - С. 197-310
9. Индюков Н. П. Услуга как объект гражданского правоотношения. - Свердловск, 1998. - 76.
10. Кротов М. В. Обязательство по оказанию услуг в советском гражданском праве. - Л., 1990. 96 с.
11. Иоффе О. С. Советское гражданское право (курс лекций): Отдельные виды обязательств. - Л., 1981. 897 с.
12. Шешенин Е. Д. Обязательства по оказанию услуг. - М., 1992. - 342 с.
13. Брауде И. Л. Договор подряда // Отдельные виды обязательств. - М., 1994. - С. 221-230.
14. Саватье Р. Теория обязательств. - М., 1992. - 652 с.
15. Мейер Д. И. Русское гражданское право. - М.: Статут, 1997. - Ч. 2. 703 с.
16. Таль Л. С. Трудовой договор. Цивилистическое исследование (по изданию 1913 года). - М.: Статут, 2003. 321 с.
17. Шерстобитов А. Е. Гражданско-правовое регулирование договорных отношений в сфере обслуживания. - М., 1997. - 321 с.
18. Кабатов В. А. Возмездное оказание услуг // Гражданский кодекс Российской Федерации. Часть вторая. Текст, комментарии, алфавитно-предметный указатель. 1996. - С. 393-411.
19. Шаблова Е. Г. Договоры возмездного оказания услуг: практика их исполнения. - Екатеринбург, 2007. - 98 с.
20. Кванина В. В. Договор на оказание возмездных услуг. Учебное пособие. - Челябинск, 2002. 216.
21. Степанов Д. И. Услуги как объект гражданских прав. - М., 2005. - 300 с.

Резюме

В данной статье рассматривается гражданско-правовых регулирования проблемы договора возмездного оказания услуг.

Summary

In given article it is considered problems civil-law contract regulations rendering of services.

АППЕЛЯЦИЯ ИНСТИТУТЫНЫҢ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ МӘНІ

Д. Мухияев -

Д.А. Қонаев атындағы Университетінің 1-ші оқу жылының магистранты

Азаматтық құқықты қорғау Қазақстан Республикасының заңдылық актілерінде қарастырылған әдістер арқылы жүзеге асырылады. Азаматтық құқықтарды қорғау әдістері Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 9-бабында көзделген [1]. Олар: құқықтарды мойындату; құқық бұзылғанға дейінгі болған жағдайды қалпына келтіру; құқықты бұзатын не оның бұзылу қаупін туғызатын әрекеттерге тыйым салу; моральдық зиянның өтемін төлету; мәмілені жарамсыз деп тану т.б. Заңға сәйкес азаматтық құқықтарды қорғау басымдығы соттық нысанда жүзеге асырылады.

